



**ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП
2015**



МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----------|
| «KEGOC» АҚ 2015: НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР | 03 |
| НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР | 04 |
| КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ | 06 |
| ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ | 08 |
| БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ | 10 |
| 2015 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ | 12 |
| НАРЫҚҚА ШОЛУ | 14 |
| Мемлекеттік реттеу және Қазақстан Республикасы электр энергетикасының құрылымы | 14 |
| Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығы | 16 |
| Электр энергиясының теңгерімі | 21 |
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ ... | 27 |
| «KEGOC» АҚ-НЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ | 27 |
| 1-МАҚСАТ. ҰЭТ СЕНІМДІЛІГІ | 30 |
| Қызмет географиясы | 32 |
| Электр желілік шаруашылықтың сипаттамасы | 34 |
| Диспетчерлік басқаруды ұйымдастыру | 35 |
| 2-МАҚСАТ. ҰЭТ-ты ДАМУ ТУРАЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ | 36 |
| Инвестициялық қызмет | 38 |
| Қызмет перспективалары | 41 |
| 3-МАҚСАТ. ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ | 42 |
| Электр энергиясын жеткізу | 44 |
| Техникалық диспетчерлендіру | 45 |
| Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру | 47 |
| Сенімділікті және энергетикалық тиімділікті арттыру | 48 |
| Электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі операциялар | 49 |
| Инновациялық қызмет | 50 |

| | |
|--|-----|
| 4-МАҚСАТ. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ | 52 |
| Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы | 54 |
| Тарифтік саясат | 58 |
| 5-МАҚСАТ. НАРЫҚТЫ ДАМУ | 60 |
| 6-МАҚСАТ. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ | 64 |
| Корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуы туралы ақпарат | 66 |
| Акционерлер туралы | 76 |
| Акционерлердің жалпы жиналысы | 77 |
| «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы қызметі туралы есеп..... | 77 |
| Басқарма | 90 |
| Дивидендтік саясат | 98 |
| Ішкі аудит қызметі | 99 |
| Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау | 100 |
| Ақпараттық саясат | 102 |
| Кадр саясаты | 103 |
| Қоршаған ортаны қорғау | 106 |
| Өндірістік қауіпсіздік | 108 |
| Демеушілік және қайырымдылық | 109 |
| 7-МАҚСАТ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ | 110 |
| Басқа мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау | 112 |
| Халықаралық ұйымдарға қатысу | 112 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ | 114 |
| ҚОСЫМШАЛАР | 186 |
| <i>1-қосымша.</i> Еншілес және бағынысты ұйымдарды басқару, сондай-ақ еншілес және бағынысты ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің «KEGOC» АҚ-ның 2015 жылғы қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы есептер | 186 |
| <i>2-қосымша.</i> 2016 жылға арналған Корпоративтік күнтізбе | 188 |
| <i>3-қосымша.</i> Глоссарий | 190 |
| БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ | 192 |

«KEGOC» АҚ 2015: НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Трансформаторлық қуат, (МВА)

| | |
|------------|-----------|
| 31.12.2015 | 36 244,55 |
| 31.12.2014 | 36 244,55 |
| 31.12.2013 | 35 875,05 |
| 31.12.2012 | 35 535,65 |

*35-1150 кВ желілердің ұзындығы,
тізбектер бойынша, (км)*

| | |
|------------|-----------|
| 31.12.2015 | 24 893,46 |
| 31.12.2014 | 24 893,53 |
| 31.12.2013 | 24 533,03 |
| 31.12.2012 | 24 427,74 |

Электр энергиясын желіге босату, (млн.кВт•сағ.)

| | |
|------|----------|
| 2015 | 40 092,9 |
| 2014 | 42 812,8 |
| 2013 | 43 460,3 |
| 2012 | 46 244,9 |

*Электр энергиясын желілер бойынша жеткізуге
жұмсалған технологиялық ысыраптар, (млн.кВт•сағ.)*

| | |
|------|---------|
| 2015 | 2 439,6 |
| 2014 | 2 576,1 |
| 2013 | 2 387,4 |
| 2012 | 2 645,0 |

*Электр энергиясын желілер бойынша жеткізуге
жұмсалған технологиялық ысыраптар,
(желіге босату %)*

| | |
|------|------|
| 2015 | 6,08 |
| 2014 | 6,02 |
| 2013 | 5,49 |
| 2012 | 5,72 |

*Электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет
көлемдері, (млн.кВт•сағ.)*

| | |
|------|----------|
| 2015 | 37 897,0 |
| 2014 | 40 236,7 |
| 2013 | 41 055,4 |
| 2012 | 43 487,1 |

Электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру бойынша қызмет көлемдері, (млн.кВт·сағ.)

| | |
|------|----------|
| 2015 | 82 808,9 |
| 2014 | 85 418,3 |
| 2013 | 83 863,4 |
| 2012 | 83 511,7 |

Электр энергиясын теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет көлемдері, (млн.кВт·сағ.)

| | |
|------|-----------|
| 2015 | 157 038,1 |
| 2014 | 160 464,6 |
| 2013 | 153 521,4 |
| 2012 | 152 908,9 |

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Негізгі қызметтен түскен табыс, млн.теңге

| | |
|------|-----------|
| 2015 | 110 061,5 |
| 2014 | 93 519,8 |
| 2013 | 73 811,7 |
| 2012 | 65 855,2 |

Таза пайда, млн.теңге

| | |
|------|-----------|
| 2015 | -7 779,6 |
| 2014 | 8 616,0 |
| 2013 | -14 500,3 |
| 2012 | 6 941,0 |

ЕБИТДА*, млн.теңге

| | |
|------------|--------|
| 31.12.2015 | 48 137 |
| 31.12.2014 | 24 804 |
| 31.12.2013 | 20 202 |
| 31.12.2012 | 17 862 |

Активтердің жалпы құны, млн.теңге

| | |
|------------|------------|
| 31.12.2015 | 595 336,61 |
| 31.12.2014 | 549 928,04 |
| 31.12.2013 | 367 321,73 |
| 31.12.2012 | 232 404,84 |

* ЕБИТДА көрсеткіші амортизацияны есепке алмай операциялық шығындарды шегеріп тастағандағы негізгі қызметтен түскен табыс ретінде есептелді.


Қарыз капиталы, млн.теңге

| | |
|------------|------------|
| 31.12.2015 | 171 230,54 |
| 31.12.2014 | 107 596,41 |
| 31.12.2013 | 92 541,27 |
| 31.12.2012 | 80 808,81 |

Меншікті капитал, млн.теңге

| | |
|------------|------------|
| 31.12.2015 | 340 976,61 |
| 31.12.2014 | 359 777,47 |
| 31.12.2013 | 221 181,46 |
| 31.12.2012 | 126 560,04 |

2015 жылы акциялардың орташа өлшемді бағасының өзгеруі, теңге



Осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамдық сипатқа ие және «KEGOC» АҚ-ның болашақтағы оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарасын білдіреді және «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық ахуалына, операциялық нәтижелеріне, даму стратегиясы мен өтімділікке қатысты түрлі тәуекелдерге, белгісіздіктер мен жорамалдарға орай өзгеруі мүмкін.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KEGOC» АҚ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын басқару жөніндегі компания және Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы болып табылады.

«KEGOC» АҚ «Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құрудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі №1188 қаулысына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысанда – акционерлік қоғам болып құрылды. 2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекет иелігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік акцияларды басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ орналастырылатын акцияларын төлеу үшін табыс етілді. 2008 жылы «Қазына» орнықты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік компанияларының бірігуі жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан хол-

дингі» АҚ құқық иеленушісі болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын (бұдан әрі – «Халықтық IPO» бағдарламасы) іске асыру шеңберінде «KEGOC» АҚ Компанияның жай акцияларын жазылым жүргізу жолымен алғаш рет қазақстандық қор нарығына орналастырды. «KEGOC» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылған жай акцияларының саны – 25 999 999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) дана. «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясын орналастыру бағасы 505 (бес жүз бес) теңге.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

Қызметінің негізгі түрлері:

- өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын жеткізу;

- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсету болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополия саласына жатады, осыған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Куаныш Бектеміров,
«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы

Қазақстанда Біртұтас электр энергетикасы жүйесінде (БЭЖ) жүйе құрайтын торап рөлін «Самұрық-Қазына» АҚ тобындағы ғана емес, тұтастай алғанда Қазақстан Республикасындағы негізгі электр энергетикалық компаниялардың бірі – «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ басқаратын Ұлттық электр торабы (ҰЭТ) атқарады.

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің Жүйелік опера-

торы болып табылады және электр энергиясын жеткізу, диспетчерлендіру және өндіру мен тұтынуды теңгерімдеу жөніндегі міндеттерді орындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында электр энергиясының жаңартылатын көздерін пайдалануды қолдау жөніндегі оператордың қызметін орындайды.

Компания, сондай-ақ Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің Ресей Федерациясы мен Орталық Азияның энергия жүйелерімен қатарлас жұмыстарын қамтамасыз етеді, бұл ел экономикасының барлық секторларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттырады.

«KEGOC» АҚ қолданыстағы жоғары вольтты желілерді жаңғырту мен жаңасын салу және еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мен ҰЭТ-ты дамытуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Қазіргі кезде орындалған жобалардың қатарында «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу», «Мойнақ ГЭС қуатын беру», «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын Алма

ҚС-ны салу», «ОБТҚ-Осакаровка 220 кВ ӘЖ-ні қайта құру» және басқалар бар.

2016 жылы Компания мынадай жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады: «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, II кезең», «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту», «Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен» және «Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» 500 кВ желісін салу».

Компанияның қаржылық жағдайы жалпылай алғанда тұрақты болып сипатталады, «KEGOC» АҚ менеджменті өндірістік және әкімшілік шығыстарды оңтайландыру шараларын қолдануда, соның нәтижесінде 2016 жылы, сондай-ақ орта мерзімдік болашақта Компанияның қаржылық көрсеткіштерінде айтарлықтай оң өзгерістер болады деп күтілуде.

Қаржылық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған шаралардың бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және басекелестікті қорғау комитетінің алғаш рет «KEGOC» АҚ-ның 2016-2020 жылдарға арналған және 2016 жылғы 01 қаңтардан бастап қолда-

нысқа енгізілетін реттелетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейін бекіту болып табылады.

Компания «Халық IPO» бағдарламасына қатысушы бола отырып, ірі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның үмітін толығымен ақтады, сөйтіп 40 мыңнан астам қазақстандықтар «KEGOC» АҚ-ның акционерлері атанды. Миноритарлық акционерлерге екі рет дивидендтер төленді.

Есепті жыл ішінде Компания Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыруға кірісті, ал 2016 жылы Бағдарламаның Жол картасының негізгі нәтижелеріне қол жеткізуге жұмылдыру міндеттері жоспарланып отыр. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде әлемдік үздік тәжірибелер талаптарына сәйкес ұйымдық құрылым мен операциялық модельдерді жетілдіру есебінен «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігі артады деп күтілуде.

Кейінгі үш жыл бойы «KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес кәсіпорындары арасында Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (82%) және Персоналдарды тарту индексі (68%) бойынша үздік көрсеткіштерді көрсетіп жүр. Бұл көрсет-

кіштер адами ресурстарды дамыту және еңбек ұжымында әлеуметтік көңіл-күй тұрақтылығын сақтау саласында жүргізіліп отырған саясаттың тиімділігін тағы да растайды.

Компания «Корпоративтік басқару рейтингі» сияқты көрсеткіш бойынша көш бастап келеді. 2015 жылы жүргізілген диагностикалау қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ корпоративтік басқару рейтингі 85%-ды құрады. Компанияның корпоративтік басқаруындағы мықты жақтардың бірі бұл алты директордан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы болып табылады. Оның төртеуі – тәуелсіз және олардың электр энергетикасы саласында мол жұмыс тәжірибесі бар. Аталған тәжірибе мен біліктілік Компания қызметіндегі сан алуан мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және стратегиялық мақсаттары мен міндеттерге жету үшін «KEGOC» АҚ-ның неғұрылым тиімді дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар Компанияда органдардың (Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Басқарма) құзыреттері айқын белгіленген. Бұл басқаруды жедел жүзеге асыруға және алға қойған мақсаттарды іске асыруға мүмкіндік береді.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Бақытжан Қажиев,
«KEGOC» АҚ
Басқарма төрағасы

Өткен 2015 жыл Қазақстанның нақты экономикалық секторының барлық субъектілері сияқты «KEGOC» АҚ үшін де жеңіл болмады.

Алайда, сын-тегеуріндерге қарамастан, «KEGOC» АҚ негізгі міндеттерді сәтті атқарып шықты: Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жүйелік операторы ретінде Қазақстанның кәсіпорындары мен халқын электрмен сенімді және үздіксіз қамтамасыз етті.

Есепті кезең ішінде өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын жеткізу қызметінің көлемі 37 897,0 млн.кВт·с құрады. Бұл жоспарлы көрсеткіштен 1 757,8 млн.кВт·с-ға немесе 4,4%-ға төмен. Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды диспетчерлендіру жөніндегі қызметтің көлемі 82 808,9 млн.кВт·с құрады. Бұл жоспардағыдан 1 600,1 млн.кВт·с немесе 1,9%-ға төмен. Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызмет көлемі 157 038,1 млн.кВт·с құрады, ол жоспарлаған көрсеткіштен 3 822,6 млн.кВт·с немесе 2,4%-ға төмен. Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін қызмет көлемдерінің азаюына, Ресей Федерациясына жоспарланған электр энергиясы экспортының болмауына, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіру мен желіге босатуды азайтуына байланысты жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілген жоқ.

«KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде Компания жүйеаралық байланыстардың қажетті өткізу қабілеті мен сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді

шешеді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде «Екібастұз-Шүлбі ГЭС (Семей)-Өскемен» және «Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма» бағыттарында жоғары вольтты желілердің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл желілер «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ салу» ауқымды жобасының құрамдас бөлігі болып табылады. Аталған жоба «KEGOC» АҚ-ның даму тарихындағы ірі жоба болып табылады. 2016 жылы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде Компания 43,8 млрд. теңге сомасында күрделі қаржы салымын игеруді жоспарлап отыр.

Менеджмент үшін ұжымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастар да маңызды болып табылады. Осы мақсатта «KEGOC» АҚ-да Ұжымдық келісіммен реттелетін қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайлары жасалып, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылады. Жұмыскерлерге әртүрлі әлеуметтік қолдаулар көрсетіледі. Энергетик мамандығының танымалдығын арттыру мақсатында «KEGOC» АҚ әулеттері», «Жылдың үздік тәлімгері» конкурстары, басқа да әлеуметтік маңызды шаралар өт-

кізіледі. Әлеуметтік саясаттың нәтижелі жүргізіліп жатқанына Әуметтік тұрақтылық рейтингі – 82% және Компания персоналының қатысу индексі – 68% дәлел болады. «KEGOC» АҚ үш жыл қатарынан осы көрсеткіштер бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес ұйымдарының арасында озық келе жатыр.

Компания алдағы уақытта да еңбек ұжымының әлеуметтік мәселелерін шешуге барынша назар аударатын болады, атап айтқанда 2016 жылы Астана қаласында 240 орындық балалар бақшасы құрылысын аяқтау жоспарланған.

2015 жыл «KEGOC» АҚ үшін 2014 жылдың желтоқсан айында Қазақстанның қор биржасына акцияларын орналастырғаннан кейін жариялы Компания мәртебесіндегі алғашқы жыл болды. Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ акциялары – отандық қор нарығындағы ең өтімді акциялардың бірі. Сарапшылар акциялар құнының өсімін 2016 жылдың бірінші жартысында 740 теңгеге дейін жетеді деп болжағанымен, бұл болжам 2015 жылдың қараша айында-ақ жүзеге асты.

«KEGOC» АҚ акцияларының тартымдылығы ең алдымен Компания бизнесінің ашықтығымен және

тұрақтылығымен айқындалады. Бұл өз кезегінде 2015 жылы өткізілген диагностикалау нәтижелері бойынша 85%-ды құрайтын корпоративтік басқарудың жоғарғы деңгейге жеткендігінің нәтижесі деп есептеймін.

2015 жылы Компания Біріктірілген менеджмент жүйесінің бақылау аудитін сәтті өткізді, бұл сапа менеджменті жүйесі (ISO 14001:2004), экологиялық менеджмент жүйесі (ISO 14001:2004) және кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті жүйесі (OHSAS 18001:2007) салаларында халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігін растап берді. Сонымен қатар, есепті жыл ішінде «KEGOC» АҚ алғаш рет өзінің ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін ISO/IEC 27001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкес сертификаттады. Сертификаттауды немістің TÜV NORD CERT сертификаттау органы жүргізді.

2015 жылы Компания «Самұрық-Қазына» АҚ бастама жасаған Бизнесі трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Трансформациялаудың алғышарттары Мемлекет басшысының «Қазақстан -2050» стратегиясымен байланысты. Оның негізгі

мақсаттарының бірі әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына кіру болып табылады. Бизнесі трансформациялау бір мезгілде процестерді, технологияларды және қызметкерлердің негізгі құзіреттіліктерін өзгертуді көздейді. Атап айтқанда, осы үш құрауыштарды кешенді дамыту болашақта біздің Компанияның тұрақтылығын қамтамасыз етеді деп күтіледі.

Сонымен қатар бағдарламаны жүзеге асыру Компания қызметінің қаржылық және операциялық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді. Оны озық электр энергетикалық жүйе операторлары деңгейіне жеткізеді, сондай-ақ жасырын резервтерді тиімді пайдалануға, ресурстарды құнын арттыратын әлеуеті жоғары бизнес бағыттарына шоғырландыруға, еңбек өнімділігін арттыруға және озық басқару тәжірибелері мен технологияларын енгізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, мұндай өзгерістер нәтижесінде «KEGOC» АҚ анағұрлым орнықты бола түсіп, ішкі және сыртқы факторлардың ықтимал өзгерістеріне қарай жедел әрекет ете алады.

2015 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

| | |
|--------------------|---|
| 18 АҚПАН | «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Б. Қажиев ұжымның алдында Компанияның 2014 жылғы қызмет қорытындылары және алдағы жылдың міндеттері туралы баяндама жасады. |
| 26 АҚПАН | «KEGOC» АҚ-ның орталық кеңсесінде Компания мен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі басшылығы еліміздің энергетика саласының ардагерлерімен кездесті. |
| 30 СӘУІР | «KEGOC» АҚ акционерлерінің бірінші жылдық жалпы жиналысы өтті. Онда жылдық қаржылық есеп, таза табысты бөлу тәртібі бекітіліп, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданды және «KEGOC» АҚ-ның 2014 жылғы бір жай акциясына шаққанда дивиденттер көлемі бекітілді. |
| 13 МАМЫР | «KEGOC» АҚ Компанияның қызмет нәтижелілігін арттыруға бағытталған Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асырудың басталғандығы туралы хабарлады. |
| 15 МАМЫР | 2012 жылы бастама жасалып, алғаш рет өткізілген «KEGOC» АҚ әулеттері» конкурсының қортындысы шығарылды. |
| 21-22 МАМЫР | «Инфрақұрылым: экономиканың тұрақты өсімінің драйвері» VIII Астана экономикалық форумына қатысу. |
| 25 МАМЫР | «KEGOC» АҚ 2014 жыл қортындылары бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша 8 613 800 000 (сегіз миллиард алты жүз он үш миллион сегіз жүз мың) теңге көлемінде дивиденттер төледі. |
| 26 МАМЫР | Ереван қаласында (Армения Республикасы) өткізілген ТМД Электр энергетикалық кеңесінің 47-отырысына қатысу. |
| 21 ҚЫРКҮЙЕК | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және басқару комитеті «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ-ның 2016-2020 жылдарға арналған шекті тариф деңгейін бекітті. |

| | |
|-----------------------|---|
| 21-26 ҚЫРКҮЙЕК | Брест қаласында (Беларусь) өткізілген ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы персоналдың XII халықаралық кәсіби шеберлігі жарыстарына – 110 кВ және одан жоғары ӘЖ-ге жөндеу жүргізу және қызмет көрсету жөніндегі бригадалардың халықаралық жарысына қатысып, «Ақмола ЖЭТ» филиалының командасы II орын алды. |
| 16 ҚАЗАН | Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында «KEGOC» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережесі, сондай-ақ «KEGOC» АҚ Жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі және Директорлар кеңесінің ережесі жаңа редакцияда бекітілді. |
| 23 ҚАЗАН | Алматы қаласында өткізілген ТМД Электр энергетикалық кеңесінің 48-отырысына қатысу. |
| 27-29 ҚАЗАН | Алматы қаласындағы «Power Kazakhstan» 14-ші Қазақстандық Халықаралық Көрмесіне және Энергетиктер Форумына қатысты. |
| 3 ҚАРАША | Лондон қаласында Қазақстан-Британ Іскерлік кеңесінің отырысы өтті. Отырыстың қортындысы бойынша «KEGOC» АҚ мен «Enzen Global Ltd.» компаниясының арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. |
| 27 ҚАРАША | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері мен Басқарма мүшелерінің Компанияның ТОП-25-кадрлық резервімен кездесуі өтті. |
| 7 ЖЕЛТОҚСАН | «KEGOC» АҚ 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша 244 399 990,60 (екі жүз қырық төрт миллион үш жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан теңге 60 тиын) теңге мөлшерінде дивидендтер төледі. «KEGOC» АҚ мен ірі акционер «Самұрық-Қазына» АҚ арасындағы 31.12.2015 ж. келісімге сәйкес, 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында «KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ға «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша 2 199 600 009,40 (екі миллиард жүз тоқсан тоғыз миллион алты жүз мың тоғыз теңге 40 тиын) теңге мөлшерінде дивидендтер төлеу мерзімі 31.12.2016 ж. дейін ұзартылды. |

НАРЫҚҚА ШОЛУ

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі (БЭЖ) – республиканың тұтынушыларын сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялардың жиынтығы болып табылады.

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын **Қазақстан Республикасының Үкіметі** әзірлейді және анықтайды.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асырушы мемлекеттік уәкілетті орган болып табылады.

Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган – **Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті** жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлт-

тық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын (оның ішінде табиғи монополия субъектісі болып табылатын «KEGOC» АҚ-ның қызметін), бәсекелестікті қорғау және монополиялық қызметті шектеуге жеткізілікті ететін мемлекеттік орган болып табылады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – энергетикалық саланы, телекоммуникацияларды, көлік және ұлттық даму институттарын қоса алғанда, экономиканың әртүрлі салаларында ұлттық компанияларды басқаратын және оған иелік жасайтын мемлекеттік холдингтік компания. «KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасына мынадай секторлар кіреді:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электрэнергетикасы саласындағы өзге де қызмет.

Электр энергиясын өндіру секторы

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 119 электр станциясы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2016 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша 21307,2 МВт; иелік қуат – 17503,5 МВт құрайды.

Электр энергиясын жеткізу секторы

Қазақстан Республикасының электр желілері қосалқы станциялардың, тарату құрылғылары мен оларды жалғап тұратын 0,4–1150 кВ электр жеткізу желілерінің жиынтығы болып табылады.

Қазақстан БЭЖ-де желілер жүйелерін құру рөлін **ұлттық электр торабы (ҰЭТ)** атқарады. Ол республикамыздың өңірлері мен шектес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы) арасындағы электрлік байланысты, сондай-ақ электр станцияларының электр энергиясын жеткізу мен оны көтерме сауда тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз етеді. ҰЭТ-тың теңгеріміне кіретін кернеуі 220 кВ

және одан жоғары электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын қосалқы станциялары, тарату құрылғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері мен электр жеткізу желілері «KEGOC» АҚ теңгерімінде.

Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлер ішінде электр байланысын, сондай-ақ бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз етеді. Өңірлік деңгейдегі электр желілері өңірлік электр желілік компаниялардың (ӨЭК) теңгерімінде және пайдалануында болады. Қазақстанда ӨЭК саны – 29.

Энергия жеткізуші ұйымдар шарттар негізінде өздерінің немесе қолданыстағы (жалға алу, лизинг, сенімгерлікпен басқару және пайдаланудың өзге де түрлері) электр желілері арқылы көтерме және бөлшек сауда нарығының тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырады.

Электр энергиясымен жабдықтау секторы

Қазақстан Республикасының электр энергиясымен жабдықтау нарығы секторы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады. Олар энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған саудадан электр энергиясын сатып алуды және кейіннен

оны соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асырады. ЭЖҰ-ның бір бөлігі электр энергиясының «кепілдікпен жеткізушілер» міндеттерін орындайды.

Электр энергетикасы саласындағы өзге де қызмет

Электр энергетикалық нарықтың субъектілері үшін энергия объектілерін салу және жекелеген энергия қондырғыларын жөндеу қызметі мен мамандандырылған жөндеу жөнінде қызмет **көрсетуді құрылыс-монтаждау ұйымдары мен мамандандырылған жөндеу кәсіпорындары** жүзеге асырады.

Энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асырумен, маркетингтік зерттеулер жүргізіп, болжамдаумен, электр энергиясын өндіру және тұтынушыларды электр энергиясымен жабдықтау үшін жаңа тиімді энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологияларды ендіру мәселелерін шешумен **«ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты, «Энергия» ҚазОЭЖҒЗ-ЖИИ, «Қазсельэнергожоба» институты» ЖШС, «Академик Ш.Чокин атындағы ҚазҒЗ Энергетика институты» АҚ, «Алматы Энергетика және Байланыс Университеті» КЕАҚ** сияқты ғылыми зерттеу және жобалау-ізвестіру институттары айналысады.

«KEGOC» АҚ «КЭА» ЗТБ,

«KazEnergy» ЗТБ, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ҰКП мүшесі және ЭҚПУЛР қатысушысы болып табылады.

«Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі. Энергия өндіруші ұйымдармен қатар Қазақстан Республикасының электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығына қатысушылары – тұтынушылары да Қауымдастықтың мүшелері болып табылады. Қауымдастықтың негізгі міндеттері: саланың барлық ұйымдарына қолдау көрсету; электр энергетикасына қатысы бар мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; үкіметтің, соттың және басқа органдардың шешімдеріне тәуелді сала мүддесіне қатысты мәселелерде өз мүшелерінің ұстанымдарын қолдау мен қорғау.

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін серпінді және орнықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында құрылған ерікті коммерциялық емес бірлестік болып табылады. Қауымдастықтың мақсаты: қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру; жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат-

тық кеңістік құру; сала ішілік ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын қолдау және дамыту; қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰҚП) – бұл бизнестің Қазақстан Республикасының Үкіметімен және мемлекеттік органдарымен келісімге келу күшін нығайту үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің және «Атамекен» Одағы» ҚҰҚП 2013 жылы


9 қыркүйектегі бірлескен шешімімен құрылған өзін-өзі басқаратын қазақстандық коммерциялық емес ұйым. Кәсіпкерлер палатасы өз қызметінде кәсіпкерліктің барлық саласын, оның ішінде ішкі және сыртқы сараданы қамтитын шағын, орта және ірі бизнестің мүддесін қорғайды.

«Атамекен» Қазақстан Республикасы ҰҚП басты міндеті – бизнестің құқықтары мен мүддесін қорғау және бизнес қызметінің заңнамалық және басқа нормативтік ережелерін қалыптастыру процесіне барлық кәсіп-

керлердің кеңінен қатысуын және қамтылуын қамтамасыз ету.

Қазақстан электр қуатының ПУЛ резервтері (ЭҚПУЛР) мекемесін Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының субъектілері құрды. Мекеме қызметінің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында өндіруші қуаттар мен электр жеткізу желілері күтпеген жағдайларда істен шыққан кезде тұтынушы-құрылтайшыларды электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін шарттар негізінде қуат резервтерін жасау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫ



Электр энергиясының нарығы екі деңгейден тұрады: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтары.

Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығының функционалдық құрылымына мыналар кіреді:

- **электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы** (электр энергиясын сатып алу-сатудың екі жақты шарттары);
- **электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы**, онда қысқа мерзімдік (спот-сауда), орташа мерзімдік (апта, ай) және ұзақ мерзімдік (тоқсан, жыл) негізде электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесі жүзеге асырылады;
- **нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарық**, Жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде операциялық тәуліктерде Қазақстан Республикасы БЭЖ электр энергиясын өндіру-тұтынудың шарттық және нақты шамалары арасында нақты уақыт режимінде туындайтын сағаттық теңгерімсіздіктерді табиғи және кейінгі қаржылық реттеуі мақсатында жұмыс істейді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдік нарығы 2019 жылдың 1 қаңтарына дейін имитациялық режимде жұмыс істейді – Энергетика министрінің 30.11.2015

ж. №676 бұйрығына сәйкес;

- **жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы**, онда мемлекеттік стандарттармен белгіленген Қазақстан Республикасы БЭЖ жұмысының сенімділігін және электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы БЭЖ Жүйелік операторы Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды және жүйелік қызметтер көрсетуді жүзеге асырады;
 - **электр қуатының нарығы**, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде жаңа электр қуаттарын іске қосу үшін инвестициялар тарту және электр қуатының болжамдық теңгерімі негізінде анықталған Қазақстан Республикасы БЭЖ-де электр қуатының шамасын қолдау мақсатында жұмыс істейді. Энергетика министрінің 30.11.2015 ж. № 676 бұйрығына сәйкес электр қуатын нарыққа енгізу 2019 жылдың 1 қаңтарына белгіленген.
- Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімсіздікті физикалық реттеуді Жүйелік оператор, теңгерімсіздікті қаржылай реттеуді Есеп айырысу орталығы жүзеге асырады. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында **Есеп айырысу орталығы** ретінде «Энергоинформ» акционерлік қоғамы анықталды.

Электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері:


- көтерме сауда нарығына кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
 - энергия жеткізуші ұйымдар;
 - жеке электр желілері жоқ және электр энергиясының көтерме сауда нарығында кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде оны қайта сату мақсатында сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
 - көтерме сауда нарығында электр энергиясын кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
 - функцияларын Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ жүзеге асыратын жүйелік оператор;
 - функцияларын «КОРЭМ» АҚ орындайтын электр энергиясының орталықтандырылған сауда операторы.
 - жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы;
 - ұлттық оператор.
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 17.10.2014 ж. №61 бұйрығымен «KEGOC» АҚ келесідей қызметтерді атқаратын **Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің жүйелік операторы** болып тағайындалды:
- ҰЭТ бойынша электр энергиясын жеткізу жөнінде жүйелік

- қызметтер көрсетеді, техникалық қызмет көрсету мен пайдалану үшін дайындықта ұстауды қамтамасыз етеді;
- электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін құру мен тәуліктік кестесін жасауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің жұмыс режимдерін орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, техникалық диспетчерлендіру жөнінде жүйелік қызметтер көрсетеді;
 - Қазақстан Республикасы БЭЖ-і жұмысының сенімділігін қамтамасыз етеді;
 - электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөнінде жүйелік қызметтер көрсетеді;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді жүзеге асырады;
 - Қазақстан Республикасы БЭЖ-інде энергия өндіруші ұйымдар арасындағы қуат резервтерінің көлемін, құрылымын, таратылуын және қуат резервтерінің іске қосылуын айқындайды;
 - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы мен жүйелік және қосалқы қызметтер нарығының нақты уақыт режимінде жұмыс істеуін ұйымдастыруды жүзеге асырады;
 - шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару мен олардың орнықтылығын қамтамасыз ету жөнінде өзара іс-қимыл жасайды;
 - электр энергиясы көтерме сауда нарығының барлық субъектілерінің біртұтас ақпараттық жүйесін, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін, релелік қорғау мен аварияға қарсы автоматикасының бірлескен құрылғыларын құру жөнінде техникалық және әдістемелік басшылық жасайды;
 - электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектілерінің ұлттық электр торабына қол жеткізуі үшін тең жағдайларды қамтамасыз етеді;
 - Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығына қатысушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпиялардан тұратын мәліметтерді қамтымайтын ақпаратпен қамтамасыз етеді;
 - электр станцияларының, қосалқы станциялардың, электр жеткізу желілерінің негізгі жабдықтарын, релелік қорғау және аварияға қарсы автоматика құрылғыларын, технологиялық басқару және олардың жұмысқа дайындығын қамтамасыз ету жүйелерін жөндеуге шығаруды келіседі;
 - су-шаруашылық теңгерімдерін және Қазақстан Республикасының БЭЖ-нің жұмыс режимдерін ескере отырып, гидроэлектростанциялардың жұмыс режимдерін әзірлеуге қатысады;
 - электр энергиясы мен қуаттың болжамдық теңгерімдерін әзірлеуді жүзеге асырады;
 - электр қуаты нарығының жұмыс істеуін ұйымдастыруды жүзеге асырады;
 - өндіруші қондырғылардың электр қуатын аттестаттауды жүзеге асырады;
 - уәкілетті органға қуатты берудің келісілген схемасы туралы ақпаратты тоқсан сайын береді;
 - Электр энергетикасы туралы заңда және Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасында қарастырылған басқа да қызметтерді атқарады.
- Қазақстан Республикасы БЭЖ-ін орталықтандырылған диспетчерлік басқаруды **«KEGOC» АҚ-ның филиалы – «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы – ЖО ҰДО»** жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы БЭЖ-де орталықтандырылған диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) ЖО ҰДО-ның қарамағына тікелей жедел бағынуы схемасы бойынша ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруына мыналар кіреді:

- электр энергиясын сатып алу-сату, жеткізу, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу шарттарының талаптарын іске асыратын Қазақстан БЭЖ-де электр энергиясын өндіру, жеткізу және тұтыну режимдерін басқару;
- электр энергиясының мемлекетаралық ағындары режимдерін басқару;
- Қазақстан Республикасы БЭЖ-дегі технологиялық бұзылыстардың алдын алуды, оқушаулау мен жоюды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы БЭЖ-де қуат резервтерін жедел басқару;
- Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің сенімді және орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін релелік қорғау, апатқа қарсы және режимдік автоматика жүйелерінің құрылымын, қағидаттарын, орналасатын жерін, көлемдері мен қондырғыларын анықтау;
- Қазақстан Республикасы БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестелерін жасау және бекіту;
- электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасау.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыру «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2013 жылы «KEGOC» АҚ құрған **«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ға** («ЖЭК ҚЕО» ЖШС) жүктеледі.




Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығының операторы – «КОРЭМ» АҚ орталықтандырылған сауда-саттық нарығының жұмысын

ұйымдастыруға жауапты. Орталықтандырылған сауда-саттық нарығы субъектілердің электр энергиясының нарығына ашық, қысымсыз енуін және электр энергия-

сының ағымдағы нарықтық бағасының объективті индикаторын қалыптастыру мақсатында жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы электр энергиясының көтерме сауда нарығы моделі




ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

Электр энергиясын өндіру

Қазақстан Республикасы бойынша 2015 жылы 90 796,6 млн. кВт•сағ. электр энергиясы өндірілді, соның ішінде:

| | |
|--|-----------------------|
| ЖЫЛУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ | 74 091,8 млн кВт•сағ. |
| ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИЯЛАР | 9 250,3 млн кВт•сағ. |
| ГАЗ ТУРБИНАЛЫҚ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ | 7 279,5 млн кВт•сағ. |
| ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ | 130,2 млн кВт•сағ. |
| КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ | 44,8 млн кВт•сағ. |

2015 жылы Қазақстан Республикасындағы электр энергиясының өндірісі



2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын анағұрылым көп өндіргендер:

| | |
|---|------------------------------------|
| «КАЗАХМЫС ЭНЕРДЖИ» ЖШС МАЭС | 525,7 млн.кВт•сағ. немесе 11,4%-ға |
| «ЖАМБЫЛ МАЭС» АҚ | 352,2 млн.кВт•сағ. немесе 14,0%-ға |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЖЭО-3 | 307,0 млн.кВт•сағ. немесе 11,6%-ға |
| «КАЗАХМЫС ЭНЕРДЖИ» ЖШС БАЛҚАШ ЖЭО | 265,2 млн.кВт•сағ. немесе 57,9%-ға |
| «КАЗАХМЫС ЭНЕРДЖИ» ЖШС ЖЕЗҚАЗҒАН ЖЭО | 101,3 млн.кВт•сағ. немесе 11,4%-ға |
| «ҚАЗАҚСТАН АЛЮМИНИИ» АҚ ЖЭО-1 | 165,0 млн.кВт•сағ. немесе 7,2%-ға |
| «АСТАНА-ЭНЕРГИЯ» АҚ ЖЭО-2 | 178,9 млн.кВт•сағ. немесе 7,8%-ға |
| «АРСЕЛОР МИТТАЛ ТЕМІРТАУ» АҚ СТАНЦИЯЛАРЫ | 80,1 млн.кВт•сағ. немесе 3,1%-ға |

Тұтастай алғанда, 2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 3 138,6 млн.кВт•сағ. немесе 3,3%-ға азайған.

Қазақстанның жылу бутурбиналық электр станцияларында электр энергиясын өндіру 4 681,1 млн.кВт•сағ (5,9%) шамасына азайды.

2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру ең көп азайтқандар:

| | |
|--|-------------------------------------|
| «ЕКІБАСТҰЗ МАЭС-1» ЖШС | 3367,6 млн.кВт•сағ. немесе 23,9%-ға |
| «ЕЭК» АҚ | 1733,0 млн.кВт•сағ. немесе 10,6%-ға |
| «ЕКІБАСТҰЗ МАЭС-2 СТАНЦИЯСЫ» АҚ | 1543,9 млн.кВт•сағ. немесе 32,5%-ға |
| «3-ЭНЕРГООРТАЛЫҚ» АҚ | 322,4 млн.кВт•сағ. немесе 42,7%-ға |
| «ССТӨБ» АҚ ЖЭО | 172,8 млн.кВт•сағ. немесе 10,8%-ға |
| «ҚАЗХРОМ» ТҰК АФЗ ЭЖ | 129,3 млн.кВт•сағ. немесе 11,8%-ға |

Қазақстанның Оңтүстік аймағында Жамбыл МАЭС-тің электр энергиясын өндіруі 2872,7 млн.кВт·сағ. құрады. Станция шарт негізінде Қырғызстанға қаңтар-ақпан айларында 293,2 млн.кВт·сағ. көлеміндегі

электр энергиясын берді.

Қазақстанның ГЭС-де электр энергиясын өндіру 2014 жылмен салыстырғанда 1014,5 млн.кВт·сағ. немесе 12,3%-ға артып, 9250,3 млн.кВт·сағ. құрады. Қазақстанның ГЭС-

нің жұмыс режимі су шаруашылығы теңгерімімен және гидрологиялық жағдайымен анықталады. Қазақстанның ГТЭС-де электр энергиясын өндіру 363,3 млн.кВт·сағ. немесе 5,3%-ға артып, 7279,5 млн.кВт·сағ. құрады.

Қазақстан бойынша 2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру құрылымы келесідей:

| | 2014 ж. | 2015 ж. |
|-----------------|---------------|---------------|
| Барлығы | 100,0% | 100,0% |
| Оның ішінде ЖЭС | 83,8% | 81,6% |
| ГЭС | 8,8% | 10,2% |
| ГТЭС | 7,4% | 8,0% |
| КЭС және ЖЭС | 0% | 0,2% |

Электр энергиясын тұтыну

Қазақстан Республикасында 2015 жылы электр энергиясын тұтыну 2014 жылмен салыстыр-

ғанда 813,7 млн.кВт·сағ. немесе 0,9%-ға азайып, 90 847,2 млн.кВт·сағ. құрады.

Батыс аймағында тұтыну 114,8 млн.кВт·сағ. (1,0%) артты, Оңтүстік

аймағында 462,8 млн.кВт·сағ. (2,3%) төмендеді және Солтүстік аймағында 465,7 млн.кВт·сағ. немесе 0,8%-ға төмендеді.

2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну артқаны:

| | |
|---|------------------------------------|
| «KAZAKHMYS SMELTING» ЖШС | 274,1 млн.кВт·сағ. немесе 36,8%-ға |
| «КАЗХРОМ ТҮК» АҚ АҚТӨБЕ ФЗ | 381,1 млн.кВт·сағ. немесе 24,5%-ға |
| «ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОЛИЗ ЗАУЫТЫ» АҚ | 164,4 млн.кВт·сағ. немесе 5,4%-ға |
| «ҚАЗАҚСТАН АЛЮМИНИИ» АҚ | 9,0 млн.кВт·сағ. немесе 1,0%-ға |

Электр энергиясын тұтынуды азайтқандар:

| | |
|-------------------------------------|------------------------------------|
| «ҚАЗФОСФАТ» ЖШС | 195,3 млн.кВт•сағ. немесе 9,2%-ға |
| «КАЗХРОМ ТҮК» АҚ АҚСУ ФЗ | 85,5 млн.кВт•сағ. немесе 1,5%-ға |
| «УКТМК» АҚ | 10,8 млн.кВт•сағ. немесе 2,4%-ға |
| «КАЗАХМЫС КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС | 52,0 млн.кВт•сағ. немесе 3,2%-ға |
| «КАЗЦИНК» АҚ | 32,1 млн.кВт•сағ. немесе 1,2%-ға |
| «СОКОЛОВ-САРЫБАЙ ТӨБ» АҚ | 571,3 млн.кВт•сағ. немесе 24,3%-ға |
| «АРСЕЛОР МИТТАЛ ТЕМІРТАУ» АҚ | 63,2 млн.кВт•сағ. немесе 1,7%-ға |

Аймақтар бойынша электр энергиясын тұтыну


| | |
|------------------------|-----------------------------------|
| СОЛТҮСТІК АЙМАҚ | 60399,2 млн.кВт•сағ. немесе 66,5% |
| ОҢТҮСТІК АЙМАҚ | 19393,3 млн.кВт•сағ. немесе 21,3% |
| БАТЫС АЙМАҒЫ | 11054,7 млн.кВт•сағ. немесе 12,2% |

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең көп өскені Ақтөбе облысында 565,9 млн.кВт•сағ. (13,4%) байқалды, оның ішінде Ақтөбе ферроқорытпа зауытында жаңа балқыту цехында пештерді іске қосудың, Жезқазған энергия торабы бойынша «Kazakhmys Smelting» ЖШС-ның жаңа мыс балқыту зауытының

жұмысының арқасында 221,4 млн.кВт•сағ. (3,5%) артқан.

Тұтыну көлемі ең көп төмендеген Қостанай облысында 785,6 млн.кВт•сағ. (14,4%), ол негізінен «Соколов-Сарыбай ТӨБ» АҚ-ның тұтыну көлемінің төмендеуі есебінен болды, Павлодар облысында 387,6 млн.кВт•сағ. (2,2%), Алматы энергия торабында 253,7 млн.кВт•сағ. (2,8%) азайды.

Қазақстанның аймақтары және энергия тораптары бойынша алдыңғы жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтыну динамикасы кестеде көрсетілген.

Электр энергиясын өндіру-тұтыну динамикасы, млрд.кВт·сағ.**Электр энергиясының ағындары**

2015 жылы электр энергиясын тұтыну өндіру 50,6 млн.кВт·сағ. шамасына артты.

Ресейден сальдоланған электр энергиясы ағыны 471,4 млн.кВт·сағ. құрады (2014ж. Ресейге электр энергиясы ағыны – 1503,6 млн.кВт·сағ.). Бұл ретте Ресейден электр энергиясын сатып алу 1506,0 млн.кВт·сағ. құрады, бұл 2014 жылғы деңгейден 118,4 млн.кВт·сағ. немесе 7,3%-ға төмен. Ресейге электр энергиясын сату көлемі 2015 жылы 1034,6 млн.кВт·сағ. болды, бұл 2014

жылғы деңгейден 2093,4 млн.кВт·сағ. немесе 66,9%-ға аз.

2015 жылы «KEGOC» АҚ «Өзбекэнерго» АҚ-ға жоспардан тыс электр энергиясын жіберген жоқ (2014 жылы 652,029 млн.кВт·сағ.).

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде электрмен жабдықтау жұмыстарының тұрақсыздығы қаупін, Тоқтағұл су қоймасында судың жиналуын төмендету үшін 2014 жылдың 13 қазанында өткен Қазақстан-Қырғыз Үкіметаралық кеңесінің 5-ші отырысының хаттамасын орындау мақсатында және 2014 жылғы 7 қарашадағы Жоғарғы мемкеңесаралық келісімге сәйкес

«Жамбыл МАЭС» АҚ мен Қырғызстанның «Электр станциялары» ААҚ 2014 жылы желтоқсанда электр энергиясын сатып алу-сату туралы шартқа қол қойды, ол келесі айларда ұзартылып отырды. Қырғызстанға электр энергиясын жеткізу газ жеткізумен баламалы түрде 1 желтоқсаннан басталып, желтоқсан-ақпан айларында – 411,9 млн.кВт·сағ. құрады, 1 наурызда жеткізу тоқтатылды.

«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС мен Қырғыздың «Электр станциялары» ААҚ 2015 жылдың наурыз айында электр энергиясын сатып алу-сату туралы шартқа қол қойды,

Қырғызстанға электр энергиясын жеткізу 17 наурыздан 10 сәуірге дейін жалғасып, ол 107,5 млн.кВт·сағ. құрады.


Қырғызстанға сатылған электр энергиясының барлығы 2014 ж. желтоқсанынан 2015 ж. сәуірге дейін 519,4 млн.кВт·сағ. құрады

Қазақстан Республикасының және Қырғыз Республикасының су

шаруашылығы мен энергетикалық ведомстволары өкілдері арасындағы 2015 жылғы 24 маусымдағы хаттамамен Қазақстанның оңтүстігіндегі жер суару мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін Тоқтағұл су қоймасынан қосымша су жіберу үшін Қырғызстаннан Қазақстанға 400 млн.кВт·сағ. электр энергиясын жеткізу қарастырылған.

1 шілдеден бастап 11 тамызға дейін «Қазфосфат» ААҚ, «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС тұтынушылары Қырғызстаннан, кейіннен қайтарылатын 249,5 млн.кВт·сағ. көлемінде электр энергияны қабылдауды жүзеге асырды.

Электр энергиясының экспорт-импорт динамикасы, млрд.кВт·сағ.



* Электр энергиясы экспорт-импортының 2013 және 2014 жылдарға арналған динамикасы бойынша деректер Ресей Федерациясымен теңгерілмеуші нарық көлемдерін ескере отырып түзетілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА- СЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКА- СЫН ДАМУ ТУ РАТЕГИЯСЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысымен Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы бекітілді, ол әлемдік энергетиканы дамытудың әлемдік озық тәжірибесі мен соңғы үрдістерін есепке ала отырып, мұнай-газ, көмір, атом және электр энергетикасы салаларын біртұтас етіп байланыстырады.

Отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамыту тұжырымдамасын

әзірлеген кезде мынадай міндеттер есепке алынды:

- ОЭК ресурстарымен және өнімдерімен қамтамасыз етудің өзіндік жеткіліктілігін күшейту жолымен еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- өңір экономикаларының энергияны тұтыну деңгейінің артуын қанағаттандыру жолымен өңірдегі геосаясаттық әсерді күшейту;
- еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру;
- ғылыми әлеуетті дамыту;

- электр жабдықтары мен энергетикалық объектілердің қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру;
- ХХІ ғасыр технологияларын қолдану арқылы ОЭК салаларын қарқынды дамыту;
- энергетикалық теңгерімге жаңартылатын энергия көздерін және баламалы энергия көздерін белсенді түрде тарту;
- энергияны және ресурсты үнемдеу, энергетикалық тиімділікті арттыру.

«KEGOC» АҚ-НЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

«KEGOC» АҚ-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясы мемлекеттік жоспарлар мен бағдарламаларды есепке алумен әзірленген және «KEGOC» АҚ дамыту жөніндегі негізгі стратегиялық мақсаттар мен

міндеттерді айқындайды.


Компанияның миссиясы – Қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттарына сәйкес Қазақстан

Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесін тиімді дамытуды және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Болжам – 2025 жылы «KEGOC» АҚ электр энергетикасы саласын-

дағы әлемдік деңгейдегі компания және өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығына айналады.

Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясы ретінде 2025 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттары белгіленді:




Мақсат

1

ҰЭТ СЕНІМДІЛІГІ

Компанияның негізгі активтері ҰЭТ болып табылады. Ол ұзындығы 24 893,46 км болатын 35-1150 кВ ӘЖ-ден және белгіленген қуаты 36 244,55 МВА болатын 77 қосалқы электр станцияларынан тұрады

Жоғары вольттық желілер мен қосалқы электр станциялары электр энергиясының трансшекаралық ағындарын, электр энергиясын электр станцияларынан жеткізуді қамтамасыз ету және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді




ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында жүзеге асырады. Компанияның құрылымы бүкіл Қазақстан бойынша орналасқан 9 ЖЭТ (жүйеаралық электр тораптары) филиалдарын және ЖО ҰДО (Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы) филиалын қамтиды.

ЖЭТ филиалдары филиалдың жедел басқару аймағында жүйелік қызмет көрсетеді.

ЖО ҰДО филиалы Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесін (БЭЖ) орталықтан жедел диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде орталықтан жедел-диспетчерлік басқару ЖЭТ филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықтың (ӨДО) ЖО ҰДО-ға тікелей жедел бағынуы схемасы бойынша ұйымдастырылған.

Компанияның негізгі активі ҰЭТ болып табылады, ол 35-1150 кВ габаритіндегі ұзындығы 24 893,46 км болатын **ӘЖ-ден**



және белгіленген жеткізу қуаты 36 244,55 МВА болатын **77 ҚС-дан** тұрады.



Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз етеді, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізеді және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.



| ФИЛИАЛДАР | |
|-----------------------------|------|
| АҚМОЛА ЖЭТ | |
| АҚТӨБЕ ЖЭТ | |
| АЛМАТЫ ЖЭТ | |
| ШЫҒЫС ЖЭТ | |
| БАТЫС ЖЭТ | |
| САРЫБАЙ ЖЭТ | |
| СОЛТҮСТІК ЖЭТ | |
| ОРТАЛЫҚ ЖЭТ | |
| ОҢТҮСТІК ЖЭТ | |
| ЖО ҰДО | |
| ЕНШІЛЕС БАҒЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАР | |
| «ЭНЕРГОИНФОРМ» АҚ | 100% |
| «ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ ҚЕО» ЖШС | |
| «БАТЫС ТРАНЗИТ» АҚ | 20% |
| АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ | |

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ СИПАТТАМАСЫ


«KEGOC»
АҚ қосалқы
станцияларының
саны мен қуаты,
31.12.2015 жыл

5 МВА
110 кВ ҚС

23 МВА
35 кВ ҚС


9 384 МВА
500 кВ ҚС

15 446 МВА
500 кВ ҚС



11 386 МВА
220 кВ ҚС

«KEGOC» АҚ электр жеткізу әуе желілерінің ұзындығы, км



«KEGOC» АҚ қосалқы станцияларында мына жабдықтар пайдаланылады:

- 271 күштік трансформаторлар мен 1150-10 кВ автотрансформаторлар (олардың 6 – «Батыс Транзит» АҚ-ның теңгерімінде, 1 – «Көкше-Цемент ӨБ» ЖШС теңгерімінде, 1 – «ККТ» ЖШС теңгерімінде);
- 169 шунттаушы реакторлар (олардың 9 – «Батыс Транзит» АҚ теңгерімінде, 1- «КТК» АҚ теңгерімінде);
- 1150-35 кВ кернеуіндегі 1 530 трансформатор фазалары (олардың 75 – тысқары ұйымдардың теңгерімінде);
- 1150-35 кВ тоғындағы 3 611 трансформатор фазалары (олардың 229 – тысқары ұйымдардың теңгерімінде);
- 110 аккумулятор батареялары (олардың 2 – «Батыс Транзит» АҚ теңгерімінде);
- 66 компрессорлық қондырғылар;
- 1150-35 кВ 1 542 ажыратқыш (әуелік,

майлы, элегазды, вакуумды) (олардың 94 – тысқары ұйымдардың теңгерімінде);

- қатты оқшаулау мен трансформаторлық майды өңдеуге арналған 115 қондырғылар мен құралдар.

Барлығы «KEGOC» АҚ теңгерімінде жалпы ұзындығы 24 893,46 км (тізбектер бойынша) 35-1150 кВ габаритіндегі 310 электр жеткізу желісі бар.

ДИСПЕТЧЕРЛІК БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазақстан БЭЖ-дегі жедел-диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын тоғыз өңірлік диспетчерлік орталықты (ӨДО) ЖО ҰДО-ның тікелей жедел бағындыруы сызбасы бойынша ұйымдастырылған.

ЖО ҰДО диспетчері Қазақстан БЭЖ-нің Солтүстік және Батыс электр стан-

циялары мен электр желілерінің жұмыс режимдерін іргелес Сібір БДБ «БЭЖ ЖО», Орал БДБ «БЭЖ ЖО», Орта Волга БДБ «БЭЖ ЖО», Оңтүстік БДБ «БЭЖ ЖО» диспетчерлері мен «БЭЖ ЖО» (Ресей) диспетчерінің, Оңтүстік бөліктегі – «Энергия» ҰДО диспетчерімен өзара іс-қимылды жүзеге асыруды реттейді.

ЖО ҰДО Қазақстан БЭЖ-ін үздіксіз жедел-диспетчерлік басқаруды өңірлік диспетчер орталықтары: **Ақмола ӨДО, Ақтөбе ӨДО, Алматы ӨДО, Шығыс ӨДО, Батыс ӨДО, Қостанай ӨДО, Солтүстік ӨДО, Орталық ӨДО, Оңтүстік ӨДО-мен** өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде жүзеге асырады.

ЖО ҰДО ӨДО-мен бірігіп, электр энергиясы мен қуаттың көтерме сауда нарығы субъектілері жүктемесінің белгіленген тәуліктік кестесінің, сондай-ақ мемлекетаралық және өңіраралық қуат ағындарының белгіленген тәуліктік кестесінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мақсат

2

ҰЭТ-ты ДАМУТУ

Өңіраралық желілерді дамыту мен қуат беру перспективаларын, ендіуге жоспарланып отырған жаңа өндіруші қуаттарды есепке ала отырып, Компания республика тұтынушыларының электр энергиясына деген қажеттіліктерін жабу, экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру мақсатында ұлттық электр торабын жаңғыртуға, электр энергиясының жаңа объектілерін салуға бағытталған белсенді инвестициялық саясатты жүргізеді

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін электр энергетикасының маңызы зор, себебі еліміздің металлургия, мұнай мен газ өндіру сияқты негізгі салаларының энергия сыйымдылығы жоғары болып сипатталады



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Өңіраралық торапты дамыту мен енгізуге жоспарланған жаңа өндірілетін қуаттар беру перспективаларын ескере отырып, Компания республика тұтынушыларының электр энергиясына қажеттілігін өтеу, экспорттық және транзиттік әлеуетті құру мақсатында ұлттық электр торабын жаңғыртуға, жаңа электр энергетикалық объектілерді салуға бағытталған белсенді инвестициялық саясатты жүргізеді.

2015 жылы «KEGOC» АҚ келесі жобалардың жүзеге асырылуын жалғастырды:

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, II-кезең» жобасы

Жобаны іске асыру мақсаты электр энергиясы нарығы жұмысының тиімділігін арттыру, ұзақ перспективаға арналған Қазақстанның ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз ету, нарық жағдайында электр жабдықтарының орнықты жұмысын қамтамасыз ету, тұтынушыларды сенімді және сапалы энергиямен жабдықтауды арттыру, жоғары вольтты жабдықтардың техникалық және экологиялық қауіпсіздігін арттыру, жабдықтарды жөндеу мен қызмет көрсетуге арналған пайдалану шығындарын азайту, техникалық деңгейді көтеру және ҰЭТ-тың сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табыла-

ды. Жоба шеңберінде 55 қосалқы станцияда жабдықтарды жаңғырту мен 220 кВ желілерді салу қарастырылған.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2010 – 2016 жылдар.

Жобаның құны: ҚҚС-ты қоса есептегенде 49,4 млрд.теңге. Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның өз қаражатының және ЕҚДБ-ның 228,4 млн. евро сомасындағы қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қосалқы станцияны жаңғырту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары толығымен аяқталды, барлық 55 қосалқы станция пайдалануға берілді.

Жобаны іске асырудың 2-ші кезегі бойынша 220 кВ «Түлкібас-Боранды» ӘЖ бойынша жобалау сметалық құжаттама әзірленді, инженерлік іздестіру бойынша жұмыстар аяқталды және 2015 жылы «Мемсараптама» РМК-дан оң қорытынды алынды.

«500 кВ Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу» жобасы

Жобаны іске асырудың мақсаты Солтүстік-Шығыс қимасында тораптардың өткізу қабілетін арттыру, Ресей БЭЖ тораптары арқылы жеткізілетін электр энергиясына тәуелділікті болдырмай, Шығыс Қазақстан облысындағы тапшылықты жабуды қамтамасыз ету және контрреттеуші – Бұлақ ГЭС-ті іске қосу

кезінде Шүлбі ГЭС-ның (ШГЭС) толық қуатын беру болып табылады.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2017 жылдар.

Жобаның құны: ҚҚС қоса есептегенде: 43,3 млрд.теңге.

Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта 500 кВ «Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен» торабының құрылысы бойынша жалпы 600 км ұзындықтың 348 км желісі салынған, оның ішінде 218 км – 2015 жылы салынды. 500 кВ «Семей» ҚС-ға кірісі бар 220 кВ «Семей – Шүлбі ГЭС» желісін салу бойынша жалпы 106 км ұзындықтың 33 км салынды. 500 кВ «Семей» ҚС, 500 кВ «Өскемен» ҚС және 1150 кВ «Екібастұз» ҚС құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

«500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ӘЖ-ні салу» жобасы

Жобаның іске асырылуы ҰЭТ транзиттік әлеуетін Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік бағытында арттыруға, электрленетін теміржол телімдерінің, тау-кен өнеркәсібіндегі энергия сыйымды объектілердің электр энергиясына қажеттілігін жабуды қамтамасыз етуге, шекара маңындағы аумақтарды дамытуға және жаңартылатын энергия әлеуетін ауқымды игеру үшін жағдай жасауға, сондай-ақ Шығыс аймағын Қазақстанның біртұтас электр жүйе-

есімен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру мерзімі 2012-2018 жылдар.

Жобаның құны: ҚҚС-ны қоса есептегенде 76,8 млрд.теңге.

Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның өз қаражаты және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта инженерлік іздестіру жұмыстары орындалған. Жобалау сметалық құжаттаманы әзірлеу – аяқталу кезеңінде.

«Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту» жобасы

Жобаны іске асыру мақсаты Павлодар қаласының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін

қамтамасыз ету және қаланың электр станцияларының қуатын Қазақстан БЭЖ-ге беру болып табылады.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2016 жылдар.

Жобаның құны: ҚҚС-ты қоса есептегенде 5,5 млрд.теңге.

Жобаны қаржыландыру «KEGOC» АҚ-ның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру үшін мердігермен «кілтпен тапсыру» шарты жасалған. Құрылыс мерзімінде жер телімдерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан объектілердің құрылысы үшін жер телімдері бөлініп берілген.

Жобаны жүзеге асыру шеңберінде 500 кВ «ЕМАЭС-1 – «ЕЭК» АҚ ЭТ» ӘЖ-нің «Найзағайдан қорғайтын арқансымға кіріктірілген, тал-

шықты оптикалық байланыс желісіне арналған найзағайдан қорғайтын арқансымды ауыстыру» жобасы компоненті бойынша құрылыс-жобалау жұмыстары аяқталды.

Күрделі қаржы салымын игеру құрылымы

2015 жылы 24 486 млн. теңгеден астам қаражат игерілді, соның ішінде ірі стратегиялық жобаларды іске асыруға – 19 755 млн. теңге, қолданыстағы активтерді қайта жаңарту мен алмастыруға – 4 456 млн. теңге жұмсалды.

2015 жылы күрделі қаржы салымын игеру құрылымы, млн.теңге

500 кВ Екібастұз ШГЭС-і (Семей) – Өскемен ӘЖ салу

Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500/200 кВ Алма ҚС-ны салу


«ҰЭТ-ты жаңғырту, II кезең» жобасы

500 кВ ШГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ӘЖ құрылысы

Астана қ. 240 орындық балабақшаның құрылысы

Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту

Өндірістің ағымдағы жағдайын сақтауға арналған күрделі қаржы салымдары







ҚЫЗМЕТ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін электр энергетикасы ерекше мәнге ие, себебі елдің металлургия және мұнай мен газ өндіру сияқты салалары жоғары энергосыйымдылықпен сипатталады. Сәйкесінше, Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі мен тұрғындардың өмір сүру сапасы көбінесе тұтынушыларды сенімді де сапалы энергиямен жабдықтауға байланысты.

Ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жалпы электр энергиясы саласын серпінді дамыту қажет.

Келешекте экономикалық өсімді, халықтың өмір сүру сапасын көтеруді және елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуды ескеретін, мемлекеттің стратегиялық мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласының теңгерімделген және орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында «KEGOC» АҚ келешекте мынадай жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр:

- **«Балқаш АЭТ қуатын беру»** жобасы, Балқаш АЭТ қуатын (1320 МВт) беруді қамтамасыз ету үшін қажет;
- **«500 кВ ОҚМАЭС – Жамбыл ӘЖ-ні салу»** жобасы, Қазақстанның Оңтүстік аймағындағы электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруды қамтамасыз етеді;
- **«Батыс Қазақстанның энергия**

жүйелерін Қазақстан БЭЖ-мен біріктіру» жобасы, оның іске асырылуы Қазақстан БЭЖ-нің Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ республика аумағы бойынша Батыс аймақты Қазақстан БЭЖ-мен біріктіреді;

- **«Торғай АЭТ-нің қуатын беру»** жобасы, салуға жоспарланған базалық Торғай АЭТ электр станциясының қуатын беруді қамтамасыз етуге арналған;
- **«ҰЭТ-ты қалпына келтіру»** жобасы, оның іске асырылуы техникалық сипаттамаларды қалпына келтіруге және электр жеткізу желілерінің пайдалану мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді;
- **«220 кВ Орал – Атырау және Құлсары – Теңіз желілерін салу»** жобасы, Қазақстанның Батыс өңіріндегі облыстар арасында электрлік байланысты күшейту үшін қажет.


Мақсат

3

ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

2015 жылы Компания қызметкерлерінен ұтымгерлік ұсынысқа 60 өтінім келіп түсті

Ысыраптарды азайту бойынша іс-шараларды орындау нәтижесінде «KEGOC» АҚ желісіндегі электр энергиясы шығысының төмендеуі 4,389 млн. кВтсағ құрады



«KEGOC» АҚ қызметтерін тұтынушылар мыналар болып табылады: энергия өндіруші, энергия жеткізуші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ЖЕТКІЗУ


Электр энергиясын өңірааралық деңгейдегі тораптар бойынша нақты жеткізу жөніндегі қызмет көрсету көлемі 2015 жылы – 37 897,0 млн. кВт·сағ. құрады. 2014 жылмен салыстырғанда, осы көрсеткіштер 2 339,7 млн. кВт·сағ. немесе 5,8%-ға азайды, ол Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін қызмет көлемінің 931,0 млн кВт·сағ. немесе 2,6%-ға азаюына, сондай-ақ Ресей

Федерациясына электр энергиясы экспортының болмауына байланысты болды. Тұтыну көлемі мынадай тұтынушыларда ең көп төмендеді: «ССТӨБ» АҚ 351,4 млн. кВт·сағ. немесе 30,6 %-ға; «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 577,7 млн. кВт·сағ. немесе 52,5%-ға, «Қасфосфат» ЖШС 149,0 млн. кВт·сағ. немесе 6,7 %-ға, «Теміржолэнерго» ЖШС 333,1 млн. кВт·сағ. немесе 9,7 %-ға, «Шығысэнерготрейд» ЖШС 106,6 млн. кВт·сағ. немесе 5,9 %-ға, «Ақтөбеэнергоснаб» ЖШС 213,6 млн. кВт·сағ. немесе 38,3 %-ға, «Шиелі Жарығы» ЖШС 41,3 млн. кВт·сағ. немесе 16,7 %-ға, «Жезқазғанэнергоөткізу» ЖШС 88,0 млн. кВт·сағ. немесе 12,5 %-ға азайды.

2015 жылы «KEGOC» АҚ

мен «БЭЖ ФСК» КАҚ арасында «KEGOC» АҚ тораптары бойынша Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты бойынша электр энергиясы (транзиті) жеткізілді. «KEGOC» АҚ-ның осы транзит бойынша көрсеткен қызмет көлемі 3 661,538 млн. кВт·сағ., бұл 2014 жылға қарағанда 453,514 млн. кВт·сағ.-қа көп.

«KEGOC» АҚ желілері бойынша электр энергиясын жеткізу, млрд.кВт·сағ.



| ІРІ ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ | 2015 ЖЫЛЫ, МЛН.КВТ•САҒ. |
|--------------------------------|-------------------------|
| «БЭЖ ФСК» КАҚ | 3 661,538 |
| «Теміржолэнерго» ЖШС | 3 109,989 |
| «Алматыэнергсбыт» ЖШС | 2 791,704 |
| «Қазфосфат» ЖШС | 2 061,047 |
| «Қазцинк» ЖШС | 1 714,238 |
| «Шығысэнерготрейд» ЖШС | 1 702,201 |
| «Қазхром» ТҰК» | 1 314,056 |
| «Астанаэнергсбыт» ЖШС | 1 133,197 |
| «Оңтүстік Жарық» ЖШС | 1 179,395 |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 844,834 |


ТЕХНИКАЛЫҚ ДИСПЕТЧЕРЛЕНДІРУ

Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша көрсетілген қызметтердің нақты көлемі 2015 жылы 82 808,9 млн.кВт•сағ.-ты құрады. Көрсетілген қызмет көлемі

2014 жылмен салыстырғанда 2 609,4 млн.кВт•сағ.-қа немесе 3,1%-ға азайды, ұлғаю Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр тұтыну көлемінің азаюының салдарынан энергия өндіретін ұйымдардың электр энергиясын өндіруі мен желіге босатуының азаюына байланысты болды. Электр

энергиясын желіге босату көлемінің ең көп азаюы мынадай энергия өндіретін кәсіпорындарда болды: «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ – 1 647,2 млн.кВт•сағ.-қа немесе 10,6%-ға және «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-да 3 249,7 млн.кВт•сағ.-қа немесе 24,3%-ға азайды.

Техникалық диспетчерлендіру, млрд.кВт·сағ



| ІРІ ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ | 2015 ЖЫЛЫ, МЛН.КВТ·САҒ. |
|--|-------------------------|
| «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ | 13 902,682 |
| «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС | 10 117,160 |
| «Kazakhmys Energy» ЖШС | 5 969,269 |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 4 456,529 |
| «МАЭК-Қазатомпром» ЖШС | 4 175,815 |
| «Павлодарэнерго» АҚ | 3 142,476 |
| «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС | 3 104,933 |


| ІРІ ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ | 2015 ЖЫЛЫ, МЛН.КВТ•САҒ. |
|---------------------------------------|-------------------------|
| «ЭГРЭС-2 Станциясы» АҚ | 3 015,675 |
| «Қазцинк» ЖШС | 2 951,704 |
| «Т.И.Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ | 2 683,088 |

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ-ТҰТЫНУДЫ ТЕҢГЕРІМДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2015 жылы электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі – 157 038,1 млн.

кВт•сағ. құрады. Қызмет көлемі 2014 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 3 426,5 млн. кВт•сағ.-қа немесе 2,1%-ға азайды, ол Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығындағы электр энергиясын өндіру мен тұтынудың жалпы кемуімен байланысты болып отыр.

Теңгерімдеуді ұйымдастыру, млрд.кВт•сағ.



| ІРІ ҚЫЗМЕТ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ | 2015 ЖЫЛЫ, МЛН.КВТ•САҒ. |
|---|-------------------------|
| «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ | 22 995,616 |
| «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС | 10 119,703 |
| «Kazakhmys Energy» ЖШС | 6 036,604 |
| «АрселорМиттал Теміртау» АҚ | 5 863,843 |
| «АлматыЭнергоӨткізу» ЖШС | 5 771,755 |
| «Қазцинк» ЖШС | 5 624,710 |
| «Астана – Өңірлік Электр желілік Компаниясы» АҚ | 5 284,109 |
| «МАЭК-Қазатомпром» ЖШС | 4 897,649 |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 4 525,116 |
| «Павлодар ӨЭК» АҚ | 4 465,209 |

Тұтынушылардың қанағаттануы

«KEGOC» АҚ ұсынатын қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында, тұтынушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін 2015 жыл қорытындысы бойынша сауалнама жүргізілді.

2015 жыл бойынша тұтынушы-

лардың қанағаттану дәрежесінің орташа жылдық бағасы атап айтқанда, «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің жұмыс істеу деңгейімен, іскерлік және техникалық ақпараттың дұрыстығымен, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігімен, жедел-диспетчерлік басқару бөлігінде ӨДО жұмысының сапасымен бес балдық шәкіл бойынша 4,5 балды құрады.

СЕНІМДІЛІК ПЕН ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Компанияның энергияны тұтынуы екі құрамдас бөліктен қалыптасады: жеткізілетін электр энергиясының технологиялық шығыны (ысырабы), ол энергияны тұтынудың негізгі үлесін құрайды және шаруашылық мұқтаж-дықтарға тұтыну.

Энергияны үнемдеу тұрғысындағы ең жоғары нәтижеге электр энергиясын электр тораптары арқылы беруге технологиялық шығындарды төмендету жөніндегі іс-шаралар арқылы қол жеткізіледі. Бұл ретте электр энергиясының технологиялық шығындары – бұл электр энергиясын электр тораптары арқылы жеткізу кезінде жүретін сымдар мен электр жабдықтарындағы

физикалық процестерге байланысты электр энергиясының шығындары екенін назарға алу керек және сәйкесінше, электр тораптарындағы электр энергия шығындарын азайту шараларын жоспарлау және енгізудің негізгі мақсаты электр энергиясының техникалық шығындарының нақты мәнін олардың оңтайлы деңгейіне дейін жеткізу болып табылады.

«KEGOC» АҚ торабында 2015 жыл ішіндегі электр энергиясының нақты шығындары 2 439,637 млн. кВт·сағ. немесе электр энергиясын торапқа босатудың 6,08%-ын құрады.

Ысыраптарды азайту бойынша іс-шараларды орындау нәтижесінде 2015 жылы электр энергиясы шығысының төмендеуі 4,389 млн. кВт·сағ. құрады.

| 2015 ЖЫЛҒЫ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР | ІС-ШАРАЛАРДАН БОЛҒАН ТИІМДІЛІК, МЛН.КВТ·САҒ. |
|--|--|
| Аз жүктеме режимінде желілерді өшіру | 0,187 |
| Аз жүктеме режимінде күштік трансформаторларды өшіру | 4,202 |
| Жиыны «KEGOC» АО бойынша | 4,389 |

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТЫП АЛУ-САТУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯЛАР

2015 жылы «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» КАҚ арасында электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясына электр энергиясын сату жүргізілді. Ресей Федерациясына электр энергиясының сағаттық ауытқуына жасалған келісім-шарт шеңберінде берілген электр энергиясы 989,666 млн.кВт·сағ.-ты құрады.

2015 жылы Компания технологиялық шығыстарды (ысыраптарды)

өтеу және ҰЭТ-тағы шаруашылық қажеттіліктері үшін электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдері деректеріне сай, технологиялық шығыстар үшін электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі 2015 жылы 2 449,049 млн.кВт·сағ.-ты құрады. 2015 жылы ысыраптарды өтеу үшін электр энергиясын сатып алу көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 127,891 млн.кВт·сағ.-қа азайды.

2015 жылы «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» КАҚ арасында электр энергиясының нақты мем-

лекетаралық сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында Ресей Федерациясынан электр энергиясы сатып алынды. Ресей Федерациясынан электр энергиясын қабылдау шарт шеңберінде 977,224 млн.кВт·сағ.-ты құрады. 2015 жылы «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» КАҚ арасында Мыңкөл-Уәлихан энергия торабындағы технологиялық шығысты (ысырапты) өтеу үшін Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына электр энергиясы жеткізілді. Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі 6,164 млн.кВт·сағ.-ты құрады.

Бұдан басқа 32,488 млн.кВт·сағ. көлемінде ЖЭТ филиалдарының шаруашылық қажеттіліктеріне электр

энергиясы сатып алынды, бұл 2014 жылмен салыстырғанда 0,165 млн. кВт·сағ.-қа артық.

2015 жылғы қараша-желтоқсанда Қырғызстан энергия жүйесі Қазақстан БЭЖ-нен 7,3 млн. кВт·сағ. көлемінде электр энергиясын жоспардан тыс алуына байланысты, электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін «KEGOC» АҚ

2015 жылы «Kazakhmys Energy» (Казхмыс Энерджи) ЖШС-дан электр энергиясын сатып алуды жүргізді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Инновациялық-технологиялық даму кез келген компанияның ұзақ мерзімді келешекте бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі

болып табылады, себебі олар көрсететін қызметтердің тиімділігі мен сенімділігінің артуын қамтамасыз етеді.

2015 жылы Компанияда келесі инновациялық жобалар іске асырылды:

| АТАУЫ | ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ |
|--|--|
| <p>Көлік құралдарын спутниктік бақылау құрылғысы (GPS-датчиктері)</p> | <p>Жүйе «KEGOC» АҚ көлік құралдарын нақты уақыт режимінде (онлайн-мониторингілеу) тұрақты бақылауын қамтамасыз етеді және бақыланатын көлік құралдарын, қозғалыс бағыттарын онлайн-мониторингілеу режимінде бір уақытта және талап етілетін уақыт мерзімінде көрсетеді. Әртүрлі уақыт аралығында деректерді түрлі форматтарға, соның ішінде «Excel» форматына көлік құралдары бойынша, көлік құралдарының топтары бойынша талдау есептері мен кестелерінің түрлі нысандарын құру және жүктеу мүмкіндіктері бар. Есептерде жүрген бағыты, аралығы, қозғалу жылдамдығы, тұрақ, тоқтау, қозғалтқыш жұмысының уақыты, кернеу датчигінің көрсеткіштері және т.б. туралы деректер болады. Көлік құралының орналасқан жерін анықтау дәлсіздігі 100 м-ден аспайды.</p> |
| <p>Жер бетіне шығаруымен аралық тіректердегі тіктегіш кірмелердің анкерлік бекітпе торабы бар іргетастар</p> | <p>2013 жылы осы жоба бойынша өнертабысқа инновациялық патент алынған болатын. Қазіргі уақытта арқансымдық тартуларды бекіту үшін 1150 кВ кернеулі ПОГ-1150-1, ПОГ-1150-5, ПОГ-1150-11 аралық тіректерде ПА-3-1Н түрде анкерлік плиталар және АЗ-1 U-түрлі бұрандамалар қолданылады, олар жер астына орнатылады (шамамен 3 метр). Терең жер астында жатып, агрессивті орта (су, тұз) әсерінен және ілмек пен бұрандаманың бірігу орнында тоқтың ағуынан механикалық және электр-химиялық коррозия деп аталатын процесс жүреді. Уақыт өте келе коррозия буындалу орнын толықтай бұзады, ол өз кезегінде тіректің тұрақтылығының азаюына және құлауына әкеледі. Қазақстан Республикасының Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес, жер астында орналасқан анкерлік түйіндерді 6 жылда 1 рет мерзімділігінде тексеру қажет. Тарту бекітулерінің анкерлік түйіндерін тексеру кезінде арнайы техника көмегімен жер астында орналасқан анкерлік түйіндерді ашу іс-шараларын жүргізу қажет. 1150 кВ кернеулі ӘЖ аралық тіректерінің тарту бекітулерінің анкерлік түйіндерін жердің үсітне шығару жер астында орналасқан тарту бекітулерінің анкерлік түйіндерінің металдық элементтеріне коррозияның әсер етуін азайтады және оларды тексеруді жеңілдетеді.</p> |

«Самұрық-Қазына» АҚ мен «Назарбаев Университет» ДББҰ арасындағы ынтымастық туралы Меморандум шеңберінде «Nazarbayev University Research and Innovation System» ЖМ (NURIS ЖМ) «Қазақстан ҰЭТ «тәжге» ысыраптарды азайту бойынша техникалық-экономикалық зерттеу» тақырыбында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылыс жұмыстарын жасауға ұзақ мерзімді шарт жасалды. «KEGOC» АҚ-ның электр тораптарында электр энергиясының «тәжге» ысыраптарын азайту жөніндегі жобаны іске асырудың техникалық мүмкіндігі мен экономикалық орындылығын бағалау жобаның мақсаты болып табылады. ҒЗТКЖ екі кезеңде жүзеге асыру жоспарланған: бірінші кезеңде (2015 жылы) «KEGOC» АҚ-ның электр тораптарында электр энергиясының «тәжге» ысыраптарын азайту бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу. Бірінші кезеңнің қорытындылары бойынша жобаны келешекте жүзеге асыру тиімділігі түсіндірілген жағдайда екінші кезеңде тәжірибелік-құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

2015 жылы Компания қызметкерлерінен рационализаторлық ұсыныстары бар 60 өтінім келіп түсті, олардың ішінде «KEGOC» АҚ ҒТК жанындағы Инновациялық-технологиялық даму жөніндегі комитеттің шешімдерімен 25 ұсыныс рационализаторлық деп танылды. 2014 жылмен салыстырғанда (43 өтінім)

2015 берілген өтінімдер саны 40%-ға ұлғайды, рационализаторлық деп танылғандар саны да 56%-ға ұлғайды (2014 жылы – 16 рационализаторлық ұсыныс). 2015 жылы Компанияның рационализаторлық ұсыныстары жыл сайын өтетін «РАЦИОНАЛИЗАТОР.KZ» рационализаторлық ұсыныстардың республикалық конкурсында «Кәсіпорында рационализаторлықты қолдаудың үздік жүйесі» және «Үздік рационализаторлық ұсыныс» номинацияларында қатысты.

«KEGOC» АҚ-да тұрақты негізде Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі – ҒТК) жұмыс істейді. ҒТК «KEGOC» АҚ дамыту, Инновациялық-технологиялық стратегияны іске асыру, жаңа құрылыстың жобаларына жаңа техника мен технологияны ендіруді ұйымдастыру және әзірлеу, электр желілік объектілерді қайта құру және техникалық қайта жарақтау, ҰЭТ жұмыс режимдерін жетілдіру, «KEGOC» АҚ сатып алуларындағы қазақстандық үлесті арттыру, оны пайдалану шығындарын азайту, ғылыми және өндірістік әлеуетті дамыту мәселелері бойынша шешім қабылдау мақсатында құрылған «KEGOC» АҚ-ның жұмыс органы болып табылады. 2015 жылы ҒТК 5 отырыс өткізді, оларда шамамен 19 мәселе қаралды. Бұдан бөлек, «KEGOC» АҚ-ның ҒТК жанында тұрақты негізде Инновациялық-технологиялық даму жөніндегі комитет жұмыс істейді. Ол тұрақты жұмыс істейтін орган және

негізгі міндеті ҒТК қарауы үшін ұсынылатын материалдарды қарау және солар бойынша қорытындылар дайындау, Компания қызметкерлерінің өнертабыстық ұсыныстары бойынша шешімдер қабылдау болып табылады. 2015 жылы Комитетте 4 отырыс өткізілді.

Мақсат

4

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

«KEGOC» АҚ қызметін тұтынушылар бұл энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар сияқы заңды тұлғалар болып табылады

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП


/ 2015

Компанияның кірістері 2014 жылмен салыстырғанда 28,0%-ға немесе 36 670,7 млн. теңгеге, сонымен қатар негізгі қызметтен болған кіріс 17,7%-ға немесе 16 541,7 млн. теңгеге артты



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ТАЛДАУЫ

Кірістер динамикасы, млрд. теңге



Шоғырландырылған кірістер 2015 жыл ішінде 167 733,4 млн.теңгені құрады, ол жоспардан 29,4 %-ға немесе 38 133,8 млн.теңгеге жоғары.

Бұл ретте негізгі қызметтен алынған кірістер бойынша жоспар 14,2 %-ға немесе 18 252,2 млн.теңгеге орындалмады.

Сатымдық электр энергиясын сатудан кірістер бойынша жоспар Қазақстан БЭЖ-нен электр энергиясын жоспардан тыс алудың болмағандығынан 7 687,4 млн.теңгеге орындалмады.

Реттелетін қызмет көрсетуден алынған кірістер бойынша жоспар 4 299,5 млн.теңгеге немесе 4,1%-ға орындалмады, бұл көрсетілетін қызмет көлемінің (4 107,2 млн.теңге) азаюымен

және электр энергиясын жеткізу бойынша көрсетілетін тарифтерінің жоспарға қарағанда азаюына байланысты болды (192,3 млн.теңге).

Электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағынының жоспарлыдан сағат сайынғы ауытқулары көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан келетін кірістер бойынша жоспар сату көлемдерінің азаюы салдарынан (1 798 млн. теңге) және сатып алулар көлемдерінің жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғандағы орташа өлшемді бағаның (1 641 млн.теңге) азаюына байланысты 3 439 млн.теңгеге орындалмады, қуатты реттеу бойынша қызметтерді орындаудан түсетін кірі-

стер бойынша жоспар 3 091,7 млн.теңгеге орындалмады.

Басқа кірістер 2015 жыл ішінде 57 672,0 млн.теңгені құрады, бұл жоспардан 56 386,0 млн.теңгеге жоғары және негізінен жоспарлымен салыстырғанда оң бағамдық айырмадан нақты кірістердің 50 830,6 млн.теңгеге өсуімен байланысты, бұл ретте бұрын Қоғамның Атқарушы дирекциясы орналасқан әкімшілік ғимаратын сатып-өткізудің орындалмауы салдарынан негізгі құралдардың 1 965,7млн.теңгеге шығарылуына, депозиттермен операциялардан келетін кірістің 1 760,5 млн. теңгеге көбеюінен, сондай-ақ сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің

ұзақ мерзімді берешектерінің әділ құнының өзгеруінен кірістерді есептеуден 943,4 млн.теңгеге есептелуінен орын алды.


Компанияның кірістері 2014 жылмен салыстырғанда 28,0%-ға немесе 36 670,7 млн.теңгеге ұлғайды, соның ішінде негізгі қызметтен келетін кірістер – 17,7%-ға немесе 16 541,7 млн. теңгеге артты. Кірістердің реттелетін қызмет көрсетуден 22 922,6 млн. теңгеге өсуі негізінен тарифтердің көтерілуімен

байланысты болды. Осылайша, тарифтердің өсуі есебінен кірістер 25 159,9 млн. теңгеге ұлғайды, бұл ретте көрсетілген қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен кірістер 2 237,3 млн. теңгеге азайды. Бұл ретте, 2014 жылмен салыстырғанда сатымдық электр энергиясын өткізуден келетін кірістер 7 277,1 млн. теңгеге төмендеді.

2014 жылмен салыстырғанда басқа кірістер 20 129,0 млн. теңгеге, негізінен оң бағамдық айырмадан түскен кірі-

стердің 33 041,1 млн.теңгеге, депозиттермен жасалатын операциялардан 1 476,2 млн. теңгеге, сондай-ақ сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді берешектерінің әділ құнының өзгеруінен келетін кірістерді есептеуден 507,6 млн.теңгеге есептелуінен көбейді, бұл ретте 2015 жылы «Құрылыстар» класы бойынша негізгі құралдардың 15 834,0 млн. теңгеге құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруден келетін кірістер есептелмеген.

Шығыстар динамикасы, млрд.теңге



2015 жылғы жалпы шоғырландырылған шығыстар 177 680,5 млн. теңгені құрады, яғни бұл жоспардан 62,6%-ға немесе 68 376 млн.теңгеге жоғары.

Есептік мезгілде сатып-өткізілетін қызмет көрсеттердің өзіндік құны 74

216,3 млн.теңгені немесе жоспардан 96,4%-ды құрады. 15 127,4 млн.теңгеге азаюы негізінен нақты көрсеткіштердің электр энергиясын Ресей Федерациясының энергожүйесінен 4 846,1 млн.теңгеге теңгерімісіздіктерді өтеу мақсатында сатып алуға

арналған шығыстар бойынша, 6 269,1 млн.теңгеге сатымдық электр энергиясы бойынша, электр энергиясының 3 577,0 млн.теңгеге технологиялық шығынына кемуіне байланысты қалыптасты.

2014 жылмен салыстырған-

да өзіндік құнның өсуі 1 326,3 млн. теңгеге немесе 1,8 %-ға, негізінен жаңартылатын энергия көздері өндірген электр энергиясын сатып алуға кеткен шығындардың 4 757,7 млн.теңгеге өсуімен, амортизациялық аударымдар бойынша 3 269,0 млн.теңгеге өсуімен түсіндіріледі. Бұл кезде 1 943,1 млн.теңгеге теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында шартты емес таңдауларды өтеу үшін электр энергиясын сатып алуға кеткен шығындар 5 149,4 млн.теңгеге азайды.

2015 жыл ішіндегі жалпы және әкімшілік шығыстар (одан әрі – ЖЭШ) 8 564,7 млн.теңгені құрады, яғни жоспардан 39,3%-ға төмен. Жоспарға

қарағанда ЖЭШ 5 545,6 млн.теңгеге азаюы негізінен «Өзбекэнерго» АҚ берешек бойынша (1 888,9 млн.теңге) резервтерді құруға, сонымен қатар мүлік салығы бойынша шығыстарды (1 078,0 млн.теңге) азайту, еңбек ақысына кететін шығындар бойынша (1 032,9 млн.теңге), консультациялық, ақпараттық және заң қызметтері бойынша төлемдер (902,5 млн.теңге), демеушілік көмектер бойынша (195,5 млн.теңге) қалыптасты.


ЖЭШ баламалы 2014 жылмен салыстырғанда 4 816,3 млн.теңгеге азаюы 4 721,0 млн.теңгеге резервтер құру бойынша шығыстардың азаюмен байланысты болды.

Басқа шығыстар 2015 жыл ішінде

396,9 млн. теңге жоспар кезінде 87 667,4 млн. теңгені құрады. 87 270,5 млн. теңгеге жоспардан артуы негізінен теріс бағамдық айырманың 86 569,8 млн.теңгеге ұлғаюымен байланысты, ол теңге бағамының еркін айналымға жіберуін енгізуді білдіретін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақшалай-несиелік саясатының өзгеруінен валюта бағамының өсімімен байланысты болды.

Басқа шығыстар өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 60 279,3 млн.теңгеге артты, ол бағамдық айырым бойынша шығыстардың көбеюінен туындады (61 269,6 млн. теңге).

Таза кіріс динамикасы, млрд.теңге



2015 жылдың қорытындылары бойынша 7 779,6 млн. теңге мөлшерінде таза залал алынды, бұл жоспарлық көрсеткіштен 23 847,9 млн. теңгеге төмен және 2014 жылғы көрсеткіштен 16 395,6 млн. теңгеге төмен.


2016 жылы 151 915,8 млн. теңге

сомасында кірістер алу жоспарлануда, соның ішінде негізгі қызметтен – 144 976,0 млн. теңге және негізгі емес қызметтен – 6 939,8 млн. теңге. Шығыстар 132 071,9 млн. теңгені құрайды, соның ішінде өзіндік құн бойынша – 100 743,0 млн. теңге, жалпы және әкімшілік шығыстар


– 13 098,9 млн. теңге. 2016 жылғы қызмет нәтижелері бойынша қорытынды пайда 15 789,7 млн. теңге сомасында жоспарлануда.

2015 жыл қорытындылары бойынша алынған залал ROACE мен «Қызмет пайдалылығы» көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізді.


ROACE динамикасы, %



EBITDA margin динамикасы, %



Қызмет пайдалылығының динамикасы, %



ЕБИТDA margin көрсеткіші (ЕБИТDA жөніндегі пайдалылық) пайыздар, салықтар мен амортизация бойынша шығыстарды шегергенге дейінгі операциялық пайданың негізгі қызметтен алынған кіріске қатынасы ретінде есептелген. Былтырғы жылмен салыстырғанда көрсеткіштің нашарлауы «Өзбекэнерго» АҚ берешегі бойынша резервті қалпына келтірумен, сонымен қатар 2015 жыл ішінде шығындарды оңтайландырумен түсіндіріледі.

ТАРИФТИК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен:

- тарифтердің шекті деңгейін бекіту;
- реттелетін қызметтердің тарифтік сметаларын бекіту;
- Компания қызметтеріне арналған тарифтерге уақытша төмендету коэффициентін бекіту арқылы

реттеледі.

«KEGOC» АҚ өзінің құрылған сәтенен бастап реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды бірізді жүзеге асырып отырады, тариф саясатын жетілдіру жөніндегі тиісті ұйымдардың жұмысына белсенді түрде қатысады.

Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес «KEGOC» АҚ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетіне (ТМР және БҚК) табиғи монополиялар саласына жататын реттелетін қызметтер тарифтерін бекітуге (қайта қарауға) өтім беру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

Заңнамамен белгіленген тәртіппен Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 105-ОД бұйрығымен электр энергиясын электр тораптары бойынша жеткізу жөніндегі реттемелі қызмет көрсетулерге, электр энергиясын торапқа босату мен тұтынуды техни-

калық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерге және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетулерге төтенше реттеуші шаралар ретінде 2014 жылғы 1 қарашадан бастап 2015 жылғы 31 қазанға дейінгі орташа мерзімді кезеңге тарифтерді қолданысқа енгізумен бірге «KEGOC» АҚ тарифтері мен тарифтік сметасының шекті деңгейін бекітті.

Болат Нұржанов атындағы МАЭС-1 электр энергиясына шығыс құнының 8,8-ден 8,65 теңге/кВт·сағ.-қа төмендеуіне байланысты, «KEGOC» АҚ 2015 жылғы 1 сәуірден бастап енгізумен бірге электр энергиясын жеткізу бойынша қызметке тарифтің 1,954-тен 1,943 теңге/ кВт·сағ. дейін (ҚҚС-ты есепке алмағанда) төмендету туралы шешім қабылдады.

2015 жылы 09 қыркүйекте (ТМР және БҚК) № 367-ОД бұйрығымен шекті тарифтер мен тарифтік сметалар деңгейінің жарамды мерзімі 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

2015 жылғы тарифтердің шекті деңгейлері

| АТАУЫ | 01.11.2013 БАСТАП | 01.11.2014 БАСТАП | 01.10.2013 ТАРИФКЕ % | 01.04.2015 БАСТАП | 01.11.2014 ТАРИФКЕ % |
|--|----------------------|----------------------|-------------------------|----------------------|-------------------------|
| Электр энергиясын жеткізу, теңге/кВт·сағ. | 1,305 | 1,954 | 49,7 | 1,943 | -0,6 |
| Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, теңге/кВт·сағ. | 0,134 | 0,182 | 35,8 | 0,182 | 0 |
| Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру, теңге/кВт·сағ. | 0,060 | 0,083 | 38,3 | 0,083 | 0 |

Қолданыстағы рәсімдерге сәйкес «KEGOC» АҚ ТМР және БҚК-ге «KEGOC» АҚ реттеуші қызметтеріне тарифтер және тарифтік сметалардың шекті деңгейін ұзақ мерзімге бекітуге өтініммен жүгінді. Өтінімді қарау қорытындылары бойынша, 2015 жылғы 21 қыркүйекте ТМР және БҚК №388-ОД бұйрығымен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін енгізумен, «KEGOC» АҚ реттеуші қызметтеріне тарифтер және тарифтік сметалардың шекті деңгейі бесжылдық мерзімге дейін ұзартылды.

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Электр энергиясын беру және (немесе) желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызмет тарифтеріне (бағаларына, алым мөлшерлемелеріне) уақытша төмендету коэффициентін бекіту туралы қағи-

даларына сәйкес, ТМР және БҚК бұйрықтарына сәйкес, «KEGOC» АҚ келесі тұтынушылар үшін уақытша төмендету коэффициентін есепке алғандағы тариф бойынша электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырады:

- «Қазфосфат» ЖШС 2015 жылғы ақпан-қазан аралығында 0,99, 2015 жылғы қыркүйекте 0,85 және 2015 жылғы қараша-желтоқсан аралығында 0,71 көлемінде;

- «Тау-Кеп Темір» ЖШС 2015 жылғы қаңтар-қазан аралығында 0,77 көлемінде;

- «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ 2015 жылғы наурыз-қазан аралығында 0,9346 көлемінде;

- «Теміртау электр металлургия комбинаты» АҚ 2015 жылғы наурыз-қазан аралығында 0,92 көлемінде және 2015 жылғы желтоқсанда 0,78 көлемінде;

- «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС 2015 жылғы қыркүйек-қараша

аралығында 0,75 көлемінде және 2015 жылғы желтоқсанда 0,79 көлемінде;

- «Варваринское» АҚ 2015 жылғы қараша-желтоқсан аралығында 0,997 көлемінде;

- «Қазцинк» ЖШС 2015 жылғы қазан-желтоқсан аралығында 0,98 көлемінде;

- «Теміржолэнерго» ЖШС 2015 жылғы желтоқсанда 0,94 көлемінде;

Компания реттелетін қызмет (тауар, жұмыс) көрсету бойынша қызмет туралы жыл сайын есептік тыңдаулар жүргізеді, оның мақсаты тұтынушылар құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында қызметтің айқындығын қамтамасыз ету болып табылады. Жыл сайынғы есептік тыңдауларды өткізудің негізгі қағида-дәттары Компания қызметінің айқындығы, транспаренттілігі және тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін сақтау болып табылады.

Мақсат

5

НАРЫҚТЫ ДАМУ

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүйелік операторға Қазақстан Республикасының электр қуаты нарығының қызметін ұйымдастыру функциясы жүктелген



Электр қуаттының дайындығын қолдау бойынша орталықтандырылған қызметтерді сатып алуды және жүктеменің келуіне электр қуаттының дайындығын қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын «Бірыңғай сатып алушы» моделі электр қуаты нарығына енуді қарастыратын бекітілген «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамды» жүзеге асыру шеңберінде, Компания 2015 жылы оның қызмет етуін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізді. Қазақстан Республикасы электр қуатты нарығының жұмысы бөлігінде мыналар бекітілді:

- электр энергиясы мен қуаттының болжамды теңгерімдерін әзірлеу қағидалары,
- өндіруші қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидалары,
- құрамына жылу электр орталықтары кіретін қолданыстағы энергия өндіруші ұйымдармен бірыңғай сатып алушының электр қуаты дайындығын қолдау бойынша қызметті сатып алу туралы жасаған шарты үшін электр қуаттының дайындығын қолдау бойынша қызмет көлемін анықтау қағидалары,
- жүктеменің келуіне электр қуаттының дайындығын қамтамасыз ету бойынша орталықтандырылған қызмет көрсету құнының бірыңғай сатып алушының интернет-ресурстарында есептелу

және орналастыру қағидалары,

- жүктеменің келуіне электр қуаттының дайындығын қамтамасыз ету және электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметтерді көрсету шарттарының үлгілері.

Сонымен қатар, Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына жаңартылған энергия көздері объектілерінің және электр энергиясы көтерме нарығында ЖЭК бойынша Есеп айырысу-қаржы орталығының қатысуы бөлігінде, сонымен қатар «кіріс-шығыс» сызбасы бойынша ұлттық электрлік желісіне қосылған өңірлік электр желісі бойынша электр энергиясын жіберу бөлігінде өзгертулер енгізілген.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр қуаты нарығы мен теңгерімдеуші нарықты енгізу 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қарастырылған.





Мақсат

6

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды Компания қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және тартылған капиталға жұмсалатын шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару деңгейі бойынша Қордың компаниялары тобында көш бастап келеді. Ол 2015 жылы жүргізілген диагностика нәтижесінде 85%-ды құрайды



**«KEGOC» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ
2015 ЖЫЛЫ САҚТАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

| ТАРМАҚ | «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ | САҚТАЛАДЫ/ САҚТАЛМАЙДЫ/ ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ |
|---------|--|--|
| 1.1 | Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаттары | Сақталады |
| 1.2 (1) | Директорлар кеңесі қызметінің қағидаттары | Сақталады |

ҚАҒИДАТТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ/САҚТАЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«KEGOC» АҚ-да корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеу қағидаттарына негізделген және Компания қызметінің тиімділігіне, соның ішінде активтердің өсуі мен Компанияның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға көмектеседі.

Акционерлердің құқықтары «KEGOC» АҚ Жарғысында бекітілген және «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келеді.

«KEGOC» АҚ Жарғысында акционерлердің Компанияның қызметі, оны қамтитын мүдделер туралы ақпаратты алу тәртібі бекітілген.

Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің және «KEGOC» АҚ заңды құқықтарының жоғары деңгейде сақталуы және мүдделерінің іске асырылуы, орындылық, тиімділік, жауапкершілік, адалдық, жауаптылық және дәлдік қағидаттарында құрылады.

Директорлар акционерлердің және «KEGOC» АҚ мүдделерінде толық хабардарлық, адалдық негізінде тиімді әрекет етеді.

Жыл сайын «KEGOC» АҚ Жылдық есебі шеңберінде Директорлар кеңесі өз қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігінің жай дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің төрағасы және Басқарма төрағасы бір және тура сол тұлға емес.

Директорлар кеңесі төрағасының және Басқарма төрағасының жауапкершілігі Жарғыда айқын межеленіп, бекітілген.

Директорлар кеңесі және Басқарманың құзіреттері Жарғыда, Кодексте айқын бөлінген және баяндалған.

«KEGOC» АҚ Жарғысының 25-бабында Директорлар кеңесі төрағасының Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, Директорлар кеңесі отырысын шақыру; оларда төрағалық ету; отырыстарда хаттама жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері бекітілген. Сонымен қатар, Директорлар кеңесін басқаруға; жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етуге; Жалғыз акционермен тиімді байланысын қамтамасыз етуге; Жалғыз акционермен тиісті диалогты қамтамасыз етуге; Директорлардың дұрыс және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етуге; Директорлардың Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын қамтамасыз етуге; Директорлар мен Басқарма арасындағы құрылымдық қарым-қатынастарға; жаңадан сайланған директорларға лауазымға кірісу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етуге жауапкершілігі белгіленген.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында алты директор бар, олардың төртеуі тәуелсіз директорлар болып табылады. Тәуелсіздік өлшемдері заңнамада, «KEGOC» АҚ Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

Компанияда Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, әр Директордың қызметін бағалау рәсімдері қолданылады. 2015 жылы Директорлар кеңесі қызметін өздігінен бағалау сауалнамалау жолымен жүргізілді.

**«KEGOC» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ
2015 ЖЫЛЫ САҚТАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

| ТАРМАҚ | «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ | САҚТАЛАДЫ/ САҚТАЛМАЙДЫ/ ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ |
|---------|--|--|
| 1.2 (2) | Басқарма қызметінің қағидаттары | Сақталады |
| 1.3 | Компанияның дербес қызметінің қағидаты | Сақталады |
| 1.4 | Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің айқындығы мен дұрыстығы | Сақталады |
| 1.5 | Заңдылық пен этика қағидаттары | Сақталады |

ҚАҒИДАТТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ/САҚТАЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Басқарма – «KEGOC» АҚ-ның алқалық атқарушы органы. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады. «KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады.

Басқарманың шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік жай дауысымен қабылданады. Дауыс берген кезде Басқарманың әр мүшесі бір дауысқа ие.

«KEGOC» АҚ туралы ереженің 3-бабына сәйкес Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, жауапкершілік, парасаттылық, тұрақтылық болып табылады. Басқарма акционерлер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

Компания өз қызметін дербес түрде жүзеге асырады. Жарғының 2-бабына сәйкес «KEGOC» АҚ ұлттық компания болып табылады, өз алдына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылатын және негізгі мақсаты өз жарғылық қызметінен таза табыс алу болып табылатын коммерциялық ұйымды білдіреді. «KEGOC» АҚ оқшауланған мүлікке ие, дербес теңгерімі бар, банк шоттары, атауы жазылған дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері мен басқа да деректемелері бар, өз атынан шарттар жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға, өзіне міндеттер артуға, сотта талап қоюшы, жауап беруші және үшінші тұлға болуға құқылы.

«KEGOC» АҚ мен акционерлер арасындағы қатынастар мен мәмілелер Заңнама шеңберінде жүзеге асырылады.

«KEGOC» АҚ акционерлердің негізделген шешімдерді қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сонымен қатар Мүдделі тұлғалардың назарына өз қызметі туралы ақпаратты жеткізу мақсатында акционерлер мен Мүдделі тұлғалар алдында «KEGOC» АҚ қызметі туралы, соның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы дұрыс ақпаратты уақтылы ашуды қамтамасыз етеді. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне және акционерге тұрақты түрде «KEGOC» АҚ қызметі туралы ақпарат береді. Компанияның сайтында корпоративтік басқару, Компания қызметінің қорытындылары, негізгі корпоративтік құжаттар, аудитор туралы ақпарат, жасалған мәмілелер туралы, үлестес тұлғалар туралы, меншік құрылымы, негізгі лицензиялар және т.б. туралы мәселелердің кең шеңбері бойынша ақпарат ашып көрсетілген.

Қайсыбір ақпаратты ашып көрсеткен кезде Компания Коммерциялық және Заңнамамен қорғалатын басқа да ақпарат туралы заңнама ережелерін, сонымен қатар «KEGOC» АҚ-да құпия ақпаратты қорғау мен сақталуын қамтамасыз ету қағидасының ережелерін есепке алады.

Жарғының 2-бабына сәйкес «KEGOC» АҚ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сонымен қатар Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін, Компанияның басқа да құжаттарын, жалпыға ортақ қабылданған іскерлік этика қағидаттарын (дәстүрлерін) және өзінің шарттық міндеттемелерін басшылыққа алады.

Акционерлер, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынас өзара сенім, сыйластық, бағыныстылық және бақылау негізінде құрылады.

**«KEGOC» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ
2015 ЖЫЛЫ САҚТАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

| ТАРМАҚ | «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ | САҚТАЛАДЫ/ САҚТАЛМАЙДЫ/ ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ |
|--------|---|--|
| 1.6 | Тиімді дивиденд саясаты қағидаты | Сақталады |
| 1.7 | Тиімді кадр саясаты қағидаты | Сақталады |
| 1.8 | Қоршаған ортаны қорғау қағидаты | Сақталады |
| 1.9 | Корпоративтік қайшылықтарды және мүдде қайшылықтарын реттеу саясаты | Сақталады |

ҚАҒИДАТТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ/САҚТАЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«KEGOC» АҚ дивиденд саясаты заңнаманы және «KEGOC» АҚ дивиденд саясаты туралы ережені сақтауға негізделген.

«KEGOC» АҚ-да дивидендтік төлемдер мөлшерін анықтаған кезде «KEGOC» АҚ мен акционерлердің мүдделерін сақтауға, «KEGOC» АҚ инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген акционерлердің құқықтарын құрметтеу мен қатаң сақтауға негізделген Дивиденд саясаты туралы ереже бекітілді.

«KEGOC» АҚ Дивиденд саясаты туралы ереже сайттағы <http://www.kegoc.kz/corporate/documents> бөлімде орналастырылды

Компанияның қызметкерлермен еңбек қатынастары саласындағы қызметі Ұжымдық шартпен, Еңбекақы және сыйақы төлеу қағидасымен, Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қағидаларына, «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің сіңірген еңбегін көтермелеу және тану туралы қағидамен реттеледі. Жұмыс беруші мен қызметкерлердің барлық құқықтары мен міндеттері сондай-ақ еңбек шарттарында көрсетілген.

«KEGOC» АҚ-да кадр саясатының негізгі қағидаттары мыналар: өзара қарым-қатынастың ұзақ мерзімді сипаты; қызметкерлердің біліктілік деңгейінің лауазымдық нұсқаулық талаптарына және атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігі; білім мен тәжірибе сабақтастығы; қызметтің қол жеткізілген нәтижелері мен сіңірген еңбектері бойынша сыйақы беру және ілгерілету.

Қызметкерлерді іріктеу рәсімдері айқын болып табылады және «KEGOC» АҚ бос лауазымдық орындарына конкурстық іріктеу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау – «KEGOC» АҚ экологиялық саясаты саласының негізгі қағидаты.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатты айқындайтын бірқатар құжаттар әзірленді: Экологиялық саясат, Экологиялық менеджмент жүйесі бойынша басшылық, Экологиялық менеджмент жүйесін жоспарлауды басқару жөніндегі стандарт. «KEGOC» АҚ қалдықтарын басқару жөніндегі стандарт және «KEGOC» АҚ-дағы экологиялық аспектілерді, қауіптер мен тәуекелдерді бағалау мен талдау» нұсқаулығы Компания қызметін жүзеге асырған кезде қоршаған ортаға әсерді толық басқаруға мүмкіндік береді.

Компанияда Директорлар кеңесі Омбудсменді тағайындады, Омбудсмен туралы ереже бекітілді, оның негізгі міндеттері мен функциялары «KEGOC» АҚ органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Кодексті сақтауын қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру, қызметкерлер арасында, қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың арасында туындаған дауларды шешуге қатысу болып табылады. Омбудсмен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінен, лауазымды тұлғаларынан, басшысынан Омбудсменнің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында түсіндірме беру үшін қажетті материалдарды (ақпаратты) белгіленген тәртіпте сұратуға және алуға құқылы.

**«KEGOC» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ
2015 ЖЫЛЫ САҚТАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

| ТАРМАҚ | «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ | САҚТАЛАДЫ/ САҚТАЛМАЙДЫ/ ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ |
|--------|---|--|
| 1.9 | Корпоративтік қайшылықтарды және мүдде қайшылықтарын реттеу саясаты | Сақталады |

ҚАҒИДАТТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ/САҚТАЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«KEGOC» АҚ-ның Іскерлік этика кодексiне сәйкес лауазымды адамдар мен қызметкерлер өз мiндеттемелерiн орындаған кезде Заңнаманы, Жарғыны, Кодексті және басқа да iшкі құжаттарды басшылыққа алады, өзiне кәсiби функцияларды қамқорлықпен және аса қырағылықпен «KEGOC» АҚ мен акционерлердiң мүдделерiнде дауларды болдырмай адал, дұрыс орындау мiндеттемелерiн қабылдайды. Корпоративтік қайшылықтарды және «KEGOC» АҚ мүдделер қайшылықтарын реттеу туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесi мен Басқарма мүшелерi Компания қызметкерлерi сияқты өз қызметiнiң тек Заңнама талаптары мен Корпоративтік этика кодексiнiң қағидаттарына ғана емес, сонымен қатар этикалық стандарттарға және жалпыға ортақ қабылданған iскери этика нормаларына сәйкестiгiн қамтамасыз етедi.

Қайшылықтарды реттеу рәсiмдерiн өзектендiру және жетiлдiру мақсатында Директорлар кеңесi Корпоративтік қайшылықтарды реттеу жөнiндегi саясатты және «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғалары мен еңбеккерлерiнiң мүдделер қайшылығын реттеу жөнiндегi саясатты бекiттi.

«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік қайшылықтарын және мүдде қайшылықтарын реттеу жөнiндегi саясатына сәйкес, Компания органдарының корпоративтік қайшылықтарды реттеу процесiндегi негiзгi мiндетi заңды және негiзделген бола отырып, «KEGOC» АҚ мүдделерiне сай болатын шешiмдердi iздестiру болып табылады. Акционерлердiң құқықтарын да, «KEGOC» АҚ iскери беделiн де қорғау мақсатында қайшылықты реттеу жөнiндегi жұмыс тiкелей келiссөздер немесе олармен хат алмасу жолымен акционерлердiң қатысуымен жүргiзiледi.

Корпоративтік қайшылықтарды келiссөздер арқылы шешу мүмкiн болмаған жағдайда, олар Заңнамаға және «KEGOC» АҚ-ның iшкі құжаттарына сәйкес шешiледi.

«KEGOC» АҚ Корпоративтік қайшылықтарын және мүдде қайшылықтарын реттеу жөнiндегi саясатына сәйкес Басқарма төрағасы «KEGOC» АҚ атынан «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесiнiң құзыретiне жатпайтын шешiм қабылдайтын барлық мәселелер бойынша корпоративтік қайшылықтарды реттеудi жүзеге асырады және корпоративтік қайшылықтарды реттеу жөнiнде жұмыс жүргiзу тәртiбiн дербес түрде айқындайды.

«KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік қайшылықтарды және мүдде қайшылықтарын реттеу бойынша саясатына сәйкес Директорлар кеңесi оның құзыретiне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қайшылықтарды реттейдi. Омбудсменге Басқарма төрағасы/Директорлар кеңесiнiң корпоративтік қайшылықтың мәнiсi туралы барынша хабардар болуын қамтамасыз ету мiндетi және корпоративтік қайшылықты шешуде делдал рөлi жүктеледi.

2015 жылы Омбудсменнiң атына 5 өтiнiш, оның iшiнде 1 жазбаша, 4 ауызша өтiнiш келiп түстi.

«KEGOC» АҚ-ның Іскерлік этика кодексiне және «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік қайшылықтарын және мүдде қайшылықтарын реттеу жөнiндегi саясатына сәйкес, мүдде қайшылықтарына жол бермеу акционерлердiң, «KEGOC» АҚ, оның қызметкерлерiнiң мүдделерiн қорғауды қамтамасыз ету үшiн маңызды шарт болып табылады. Компанияның барлық қызметкерлерi өзiне де қатысты (немесе өзiне байланысты), басқаларға да қатысты өздерiн мүдде қайшылықтарының туындауына жол бермейтiндей ұстауы тиiс.

«KEGOC» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ 2015 ЖЫЛЫ САҚТАЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

| ТАРМАҚ | «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ | САҚТАЛАДЫ/ САҚТАЛМАЙДЫ/ ІШІНАРА САҚТАЛАДЫ |
|--------|---|---|
| 1.9 | Корпоративтік қайшылықтарды және мүдде қайшылықтарын реттеу саясаты | Сақталады |
| 1.10 | Жауапкершілік қағидаттары | Сақталады |

Жоғарыда («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының 2011 жылғы 17 мамырдағы № 36-п бұйрығы) «KEGOC» АҚ корпоративтік басқару Кодексінің принциптерін сақтау туралы ақпарат ескі редакцияда ұсынылған.

Қазақстанда және әлемдегі дамып келе жатқан корпоративтік басқару практикасын, «Самұрық-Қазына» АҚ Трансформациясының бағдарламасын ескере

отырып, 2015 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген, «KEGOC» АҚ акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысында акционерлер корпоративтік басқарудың жаңа Кодексін бекітті.

Кодекс екі бөліктен тұрады: негізгі қағидаттардан және аннотациялардан – негізгі қағидаттарды іске асыруға арналған ережелер мен түсініктемелер. Кодекстің алғашқы

екі тарауының («Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі») ерекше сипаты бар және ол Қорды басқару, Қор мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара іс-қимылы, Қор мен Ұйымдардағы корпоративтік басқару ерекшеліктерін сипаттады. Кодекстің кейінгі бес тарауын («Тұрақты даму», «Акционерлердің

ҚАҒИДАТТАРДЫҢ САҚТАЛУЫ/САҚТАЛМАУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«KEGOC» АҚ-ның Лауазымдық тұлғаларының және қызметкерлерінің мүдде қайшылықтарын реттеу бойынша саясатында мүдде қайшылықтарына жол бермеу жөніндегі ережелер бекітілген.

«KEGOC» АҚ-да «Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі саясат» стандарты әзірленді, олармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- жауапкершілік;
- қатынастардың үздіксіздігі;
- стейкхолдерлермен кері байланыстың болуы;
- есеп берушілік;
- ашықтық, айқындық.

Мүдделі тұлғалардың құқықтарын бұзғаны үшін өтемақы алу тәртібі «KEGOC» АҚ мүлтіксіз сақтайтын заңнамада және шарттарда айқындалған.

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес, акционерлер мен Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ қызметі туралы кез келген ақпаратты, соның ішінде коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты алуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына және «KEGOC» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес Компанияның барлық құжаттарымен танысуға құқылы.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне келіп түскен шағымдар мен өтініштерді алу, қарау қағидаларына сәйкес, мүдделі тұлғалардың «KEGOC» АҚ органдарының, қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының заңсыз және этикаға жатпайтын әрекеттер фактілері туралы хабарлау мүмкіндігі бар. Компанияда құпия хабарламаларды жинау үшін «қызу желі» ендірілген.


құқықтары және акционерлермен әділ қарым-қатынас», «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі», «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит», «Ашықтық») Қор мен Компания алғашқы екі тарауларда сипатталған ерекшеліктерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін ескере отырып қолданады.

Жаңа Кодекстің алдыңғы Кодек-

стен айырмашылығы органдардың егжей-тегжейлігін, олардың жұмыс принциптері мен өзара іс-әрекеттерін, қызметтерінің тиімділігін арттыруды реттейді. Сондай-ақ, тұрақты даму саласындағы қызметімен байланысты сұрақтардың жеке бөлінуі айрықша ерекшелігі болып табылады.

Жаңа Кодекске сәйкес оның ережелерін сақтамау себептері мен фактілері туралы ақпарат, 2017

жылдың 1 қаңтарынан бастап ашылмақ, дәлірек, оларды ашу 2016 жылға арналған Жылдық есебінде жоспарланып отыр. Компания жаңа Кодекс қағидаларын енгізу мақсатында, 2016-2020 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспарын әзірледі және бекітті, оған сәйкес жаңа Кодекске корпоративтік басқарудың ағымдағы тәжірибесінің сәйкес келмеуін жою көзделіп отыр.



АКЦИОНЕРЛЕР ТУРАЛЫ

2014 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1027 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамындағы еншілес және бағынысты ұйымдардың акциялар пакеттерін шығару бағдарламасын (одан әрі «Халықтық IPO») іске асыру шеңберінде Компанияның

жай акцияларын қазақстандық қор нарығында бастапқы орналастыру жазылымды жүргізу жолымен жүзеге асырылды.

«KEGOC» АҚ жай акцияларының қазақстандық ұйымдастырылған қор нарығында орналасқан саны – 25 999 999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) дана. «KEGOC» АҚ-ның жай акциясын орналастыру бағасы 505 (бес жүз бес) теңгені құрады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны – 260 000 000 дана, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге «KEGOC» АҚ-ның 90% плюс 1 акциясы тиесілі (234 000 001 дана) қалған 10% минус бір акция миноритарлық акционерлерге (25 999 999 дана) тиесілі болады.

2015 жыл ішінде Компанияның

орналастырылған акцияларының санынан бес және одан да артық акцияға ие акционерлер бойынша мәмілелер мен өзгерістер болған жоқ.

2015 жылы акцияларды алғашқы орналастыру, Компанияның өз акцияларын сатып алу бойынша мәмілелер мен олардың қайта сатылуы болған жоқ.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛАСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ-ның жоғарғы органы болып саналады.

Акционерлердің жалпы жиналысы өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ-ның Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Жарғысы мен ережесіне сәйкес іске асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіреті «KEGOC» АҚ Жарғысының 21-бабының, 1-тармағында айқындалған.

Акционерлердің жалпы жиналысы егер Жарғыда басқасы белгіленбесе, «KEGOC» АҚ-ның өзге органдарының Компанияның ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша кез-келген шешімін жоюға құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы жыл сайын қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай-

дан кешіктірілмей өткізіледі.

Акционерлердің, жылдық жиналысынан басқаларының барлығы кезектен тыс болып табылады.

Акционерлерді жылдық жалпы жиналысы **2015 жылдың 30 сәуірінде** өтті, онда келесі сұрақтар бойынша шешімдер қабылданды:

- «KEGOC» АҚ-ның 2014 жылға арналған жылдық есебін бекіту туралы;
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту, таза кірісті бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2014 жылға арналған «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясын есептегенде дивиденд көлемін бекіту туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның сандық құрамын анықтау, оның мүшелері мен төрағасын сайлау, сондай-ақ өз міндеттерін орындағаны үшін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен өтемақы төлеу шарттары мен көлемін айқындау туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның және оның лауазымдық тұлғаларының әрекеттеріне акционерлердің өтініш білдіруі және оларды қарау қорытындылары туралы;
- «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау және оның мүшелерін сайлау туралы.

Акционерлердің кезектен тыс жиналысы **2015 жылдың 16 қазанында** өткізілді, онда мынадай сұрақтар

бойынша:

- «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережені бекіту туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Жарғысын бекіту туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы;
- Қаржы есептілігін бекіту, таза кірісті бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2015 жылдың 1-тоқсанына арналған «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер көлемі бойынша шешім қабылдау туралы шешімдер қабылданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 сәуіріне дейін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің келесі мүшелері кірді: К.А. Бектеміров, А.Т. Спицын, Лука Сутера, А.М. Сатқалиев, Б.Т. Қажиев.

2015 жылғы 30 сәуірдегі «KEGOC» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының шешімімен жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің бітуіне байланысты Директорлар кеңесі жаңа құрамда құрылды:

«KEGOK» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ ӘБДІҒАЛИҰЛЫ

1970 жылы дүниеге келген,
Қазақстан Республикасының азаматы

Директорлар кеңесінің төрағасы, ірі акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-ың өкілі

2012 жылғы 8 мамырда тағайындалды. 2015 жылғы 30 сәуірде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында өкілеттігі үш жылға ұзарды. «KEGOC» АҚ-ның, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

тракт» бас директоры;

- 2009-2010 – «Казгидромет» РМК орынбасары, бас директордың бірінші орынбасары.

Атқаратын лауазымдары:

- 2012 жылдан бастап – «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директор, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазатомпром» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2011-2012 – «Астанэнергокон-



ЛУКА СУТЕРА

1971 жылы туылған,
Италия азаматы

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы

2012 жылғы 8 мамырда тағайындалған, 2015 жылғы 30 сәуірде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында өкілеттігі үш жылға ұзарды, «KEGOC» АҚ-ың, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

- Абу-Даби Ұлттық энергетикалық компаниясы (TAQA);
- 2012 жылдан бастап – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Атқаратын лауазымдары:

- 2015 жылдан бастап – Nebras Power тобының (Катардың халықаралық энергетикалық компаниясының) бас қаржы директоры, Басқарма мүшесі, тәуелсіз директор;
- 2011-2015 – Global power & water business аға вице-президенті және бас қаржы директоры. Ғаламдық көшбасшылық тобының мүшесі;



СПИЦЫН АНАТОЛИЙ ТИХОНОВИЧ

1939 жылы туылған,
Ресей Федерациясының азаматы

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің төрағасы.

2012 жылғы 8 мамырда тағайындалды, 2015 жылғы 30 сәуірде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында өкілеттігі үш жылға ұзарды. «KEGOC» АҚ, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

Атқаратын лауазымдары:

- 2013 жылдан бастап – Еуразия экономикалық қауымдастығының интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеу институтының директоры, Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Ұлттық қауіпсіздік факультетінің Ұлттық қауіпсіздік кафедрасының

профессоры;

- 2010-2013 – Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының МҚБХИ қоғамдық секторының экономика және қаржы кафедрасының профессоры;
- 2012 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



ДОМИНИК ФАШ

*1949 жылы туылған,
Франция азаматы*

Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы

2015 жылғы 30 сәуірде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында тағайындалды, «KEGOC» АҚ, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

Атқаратын лауазымдары:

- 2013 жылдан бастап – София Антиполис технопаркі Директорлар кеңесінің мүшесі;
- 2008-2013 – Директорлар кеңесінің төрағасы, Enel ОГП-5 Президенті;
- 2007-2008 – Ресей және ТМД бойынша Enel бас директоры;
- 2006-2007 – СКЭК Директорлар кеңесінің мүшесі – Сібір Көмір Энергетикалық компаниясы, Москва, Ресей.



ЯНУШ БИАЛЕК

1955 жылы туылған,
Ұлыбритания мен Польша елдерінің азаматы

Тәуелсіз директор

2015 жылғы 30 сәуірде «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында тағайындалды; «KEGOC» АҚ, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

атындағы кафедраның басшысы, Экологиялық энергетикалық жүйелер жөніндегі магистрлық бағдарламалар директоры, Эдинбург Университеті, Ұлыбритания.

Атқаратын лауазымдары:

- 2014 жылдан бастап – «Сколтех» Зерттеу институтының энергетикалық жүйелер жөніндегі директоры;
- 2009-2013 – электрмен қоректендіру және бақылау кафедрасының басшысы, инженерлік және компьютерлік ғылымдар факультетінің зерттеу жұмысы жөніндегі директоры, Дарем университеті, Ұлыбритания;
- 2003-2009 – Электр энергетикасы жөніндегі Берт Уиттингтон



ҚАЖИЕВ БАҚЫТЖАН ТӨЛЕУҚАЖЫҰЛЫ

1964 жылы туылған,
Қазақстан Республикасының азаматы

Директорлар кеңесінің мүшесі

2012 жылғы 8 мамырда тағайындалды, 2015 жылғы 30 сәуірде KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында өкілеттігі үш жылға ұзартылды. «KEGOC» АҚ, оның контрагенттерінің және ЕБҰ акцияларын иеленбейді.

Атқаратын лауазымдары:

- 2011 жылдан бастап – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2009-2011 – «KEGOC» АҚ вице-президенті;
- 2008-2009 – «KEGOC» АҚ атқарушы директоры;
- 2007-2008 – «KEGOC» АҚ Күрделі құрылыс департаментінің директоры.

2014 жылғы 30 сәуірдегі «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің бітуіне байланысты, Директорлар кеңесі жаңа құрамда құрылды.

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы толық мәлімет (оның ішінде біліктілік туралы) «KEGOC» АҚ сайтында орналасқан <http://www.kegoc.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/sovet-direktorov>.

Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз директор кіреді, ол «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-ын құрайды. Бұл ретте директорлар

тәуелсіз деп танылды, себебі:

- Компанияның үлестес тұлғалары болып табылмайды және Директорлар кеңесіне оларды сайлау алдындағы үш жыл ішінде үлестес тұлға болмаған (Компанияның тәуелсіз директоры лауазымына келген жағдайды есепке алмағанда);
- «KEGOC» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- «KEGOC» АҚ немесе Компанияның үлестес тұлғалары-ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес және оларды Директорлар кеңесіне тағайындау алдындағы

үш жыл ішінде аталған тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты болмаған;

- Компанияның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істеген аудитор ретінде қатыспайды және оларды Директорлар кеңесіне тағайындау алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған;
- Компания органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі болып табылмайды және оларды Директорлар кеңесіне сайлау алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған;
- мемлекеттік қызметкер болып табылмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2015 жылғы отырыстарға қатысуы

| ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ | 13.02.2015 | 20.03.2015 | 29.04.2015 | 29.05.2015 | 10.07.2015 | 28.08.2015 | 15.10.2015 | 10.12.2015 | % |
|-----------------------------------|------------------------|------------|------------|-------------------------|------------|------------|------------|------------|------|
| Бектеміров Қ.А. | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Спицын А.Т. | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Лука Сутера | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Сәтқалиев А.М. | - | + | + | өкілеттік мерзімі бітті | | | | | 66,6 |
| Доминик Фаш | 30.04.2015. ж сайланды | | | + | + | + | + | + | 100 |
| Януш Биалек | 30.04.2015. ж сайланды | | | - | + | + | - | + | 60 |
| Қажиев Б.Т. | + | + | + | + | + | + | + | + | 100 |

2015 жылы Директорлар кеңесі 8 отырыс өткізді, ол отырыстарда 129 мәселе қаралды, олардың негізгілері:

Стратегиялық мәселелер:

- 2015 жылы «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясын, инвестициялық бағдарламасын, ірі инвестициялық жобаларын іске асыру туралы есептер;
- 2016-2020 жылдарға арналған «KEGOC» АҚ дамыту жоспары;
- «KEGOC» АҚ-ның Бизнес трансформациясы бағдарламасының жол картасы;
- «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі инновациялық-технологиялық стратегиясына өзгерістер енгізу;
- жылдық қаржылық есептілік;
- еншілес, бағынысты және бірлесе бақыланатын ұйымдарды басқару, олардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің «KEGOC» АҚ қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы есеп;
- Компанияның 2016-2018 жылдарға арналған аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымды және оның қызметтері үшін төленетін төлемдер мөлшерін анықтау.

Корпоративтік басқару мәселелері:

- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2015 жылға арналған жұмыс жоспары, Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға

арналған Жылдық аудиторлық жоспары;

- «KEGOC» АҚ Жалғыз акционерінің 2015 жылға арналған болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы сабақтастық жоспары;
- «KEGOC» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2015 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Жарғысы;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Корпоративтік басқару кодексі;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Директорлар кеңесі туралы қағидасы;
- «KEGOC» АҚ-ның жаңа редакциядағы Корпоративтік хатшы туралы қағидасы;
- корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелері және «KEGOC» АҚ өзін-өзі бағалауы нәтижелерінің жаңа Корпоративтік басқару кодексі қағидаларының ағымдағы тәжірибесіне сәйкестігіне шолу жасау (Гар-талдау);
- Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Төрағаның және Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының, «KEGOC» АҚ Корпоративтік хатшысының тәуелсіз ұйымды тарта отырып қызметіне бағалау өткізу.

Кадр саясаты мәселелері:

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің екі өкілін «KEGOC» АҚ-ның Жаңғырту жөніндегі кеңесіне тағайындау туралы;
- «KEGOC» АҚ басқарушы қызметкерлері үшін сыйақы төлеу саясатының нәтижелілігін бағалау;
- Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
- «KEGOC» АҚ (орталық аппараты) Атқарушы дирекциясының ұйымдық құрылымы;
- «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлерін тағайындау, олардың лауазымдық еңбекақы мөлшерлерін айқындау және Басқарма мүшесін сайлау;
- «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлерінің жеке ҚНҚ.

Мынадай мәмілелер бойынша мәселелерді қарау:

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау жатады, нәтижесінде мүлік алынады немесе иеліктен шығарылады, құны мәмілелердің жасалуына мүддесі бар Компаниялар активтері мен мәмілелер құнының жалпы мөлшерінен 10% және одан көп, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» Директорлар кеңесі айқындайтын тәртіп негізінде шешім қабылданып мәмілелерді қоспағанда.

2015 жылы «KEGOC» АҚ ірі

мәмілелер жасаған жоқ.

Компанияның мүдделілігі бар және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, мәмілелердің жасалуы бойынша шешім қабылдауға «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары ғана қатысады. Сонымен, 2015 жылы тәуелсіз Директорлар кеңесінің мүшелері «Батыс-транзит» АҚ-мен мәміле бойынша шешім қабылдады (бағалы қағаздарды сатып алу-сату).

2015 жылы Директорлар кеңесі қабылдаған шешім Компанияның неғұрлым тиімді дамуына, «KEGOC» АҚ-ның қысқа, орта және ұзақ мерзімді кезеңдерде белгілеген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ықпал етті. Директорлар кеңесі Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге белсенді қатысады, ішкі бақылау және кең ауқымды бизнес-процестерге қатысты тәуекелдерді басқару механизмдерінің тиімділігін талдайды.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Аса маңызды мәселелерді қарау және «KEGOC» АҚ директорлар Кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін 3 комитет құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар мен сыйақы жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет.

Комитеттер

Директорлар

кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады. Комитеттер әзірлеген барлық ұсынымдар «KEGOC» АҚ-ның Директорлар кеңесіне қарауға берілетін ұсыныстар болып табылады.

Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау мәселелері бойынша директорлар Кеңесіне ұсынымдарды ұсыну және әзірлеу мақсатында құрылды (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына); ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.

Комитет өзінің қызметін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2015 жылғы 13 ақпандағы Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің құрамы құрылды:

- Лука Сутера – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор;
- Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

Жалпы директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 2015 жылғы 29 мамырдағы Кеңес шешімімен Комитеттің жаңа құрамы құрылды:

Лука Сутера – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

Спицын Анатолий Тихонович –

тәуелсіз директор;

Януш Биалек – тәуелсіз директор.

Комитет 2015 жылы 7 отырыс өткізді, онда 51 мәселе қаралды және Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді, соның ішінде: ішкі аудит Қызметінің жұмыс істеу нәтижелері бойынша тоқсан сайынғы есептері, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері, ішкі және сыртқы аудит, Ішкі аудит қызметінің кадр мәселелері, Компанияның 2016 – 2018 жылдарға арналған аудитын жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымды анықтау туралы мәселе, оның қызметін төлеу мөлшері және онымен шарт жасау жобасы алдын ала мақұлданды.

Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитеті мүшелері 2014 жылға шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің қорытындыларын алдын ала қортындылау мәселесі бойынша, аудит қорытындысы бойынша басшылыққа хат жолдау, 2015 жылға аудиторлық тексерудің жоспары, сондай-ақ 2015 ж. 1-тоқсаны, 1-жарты жылдығы және 9 айының қаржылық есеп нәтижелерін шолуды талқылау мәселелері бойынша 2015 жылға қаржылық есептілік аудитін жүргізу үшін таңдалған «Эрнст энд Янг» компаниясының мүшелерімен 3 кездесу өткізді.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2015 жылғы күндізгі отырысқа қатысуы

| АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ | 12.02.2015 | 19.03.2015 | 29.04.2015 | 10.07.2015 | 28.08.2015 | 15.10.2015 | 10.12.2015 | % |
|---|------------------------|-------------------|-------------------|----------------------------|-------------------|-------------------|-------------------|----------|
| Лука Сутера | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Спицын Анатолий Тихонович | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы | 13.02.2015 ж. сайланды | + | + | өкілеттік мерзімі аяқталды | | | | 100 |
| Януш Биалек | 30.04.2015 ж. сайланды | | | + | + | - | + | 75 |

2015 жылы Комитет мақсаттарын, міндеттер мен функционалдық міндеттемелерін толығымен Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес орындады.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет директорлар Кеңесіне келесі мәселелер бойынша:

- Компанияның ішкі құжаттарының ережелерін ескере отырып, тәуелсіз директорларға, Басқарма құрамына кандидаттарды, Корпоративтік хатшыны сайлау немесе тағайындау;
- «KEGOC» АҚ-ның мақсаттары-

на, міндеттеріне және ағымдағы қағидаларына және түрі мен қызмет ауқымы ұқсас компаниялардағы сыйақы деңгейіне сәйкес директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға сыйақы беру;

- директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға сыйақы төлеудің құрылымдалған және ашық жүйесін енгізу ұсынғандарды әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылды.

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет өз қызметін Комитет туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2015 жылғы 13 ақпандағы Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің құрамы құрылды:

- Спицын Анатолий Тихонович – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор;
- Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы.

Жалпы директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 2015 жылғы 29 мамырдағы Кеңес шешімімен Комитеттің жаңа құрамы құрылды:

- Доминик Фаш – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Спицын Анатолий Тихонович –

Тағайындаулар мен сыйақы жөніндегі комитет мүшелерінің 2015 жылғы күндізгі отырысқа қатысуы

| ТАҒАЙЫНДАУЛАР МЕН СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ | 12.02.2015 | 19.03.2015 | 29.04.2015 | 10.07.2015 | 28.08.2015 | 15.10.2015 | 10.12.2015 | % |
|---|------------------------|------------|------------|----------------------------|------------|------------|------------|-----|
| Доминик Фаш | 30.04.2015 ж. сайланды | | | + | + | + | + | 100 |
| Спицын Анатолий Тихонович | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Лука Сутера | + | + | + | өкілеттік мерзімі аяқталды | | | | 100 |
| Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы | 13.02.2015ж. сайланды | + | + | өкілеттік мерзімі аяқталды | | | | 100 |
| Януш Биалек | 30.04.2015 ж. сайланды | | | + | + | - | + | 75 |

тәуелсіз директор;

- Януш Биалек – тәуелсіз директор.

Комитет 2015 жылы 7 отырыс өткізді, онда 23 мәселе қаралды және Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді, соның ішінде: Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау бойынша, Басқарма, ұйымдық құрылым жөніндегі, Басқарма мүшелері қызметінің басты көрсеткіштері бойынша, сыйақылар бойынша.

2015 жылдың қазан айында Директорлар кеңесі мен «KEGOC» АҚ

Басқарма мүшелерінің, «KEGOC» АҚ кадрлық резерв мүшелерімен кездесуі өтті.

2015 жылы Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес Комитет мақсаттар, міндеттер мен функционалдық міндеттерді толығымен орындады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне келесідей мәселелерге ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну мақсатында құрылған:

- Компания қызметінің басым

бағыттарын анықтау, даму стратегиясын, Даму жоспарын, инвестициялық бағдарламаларды және «KEGOC» АҚ ірі инвестициялық жобаларды іске асыру;

- Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;

Комитет өз қызметін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

2015 жылғы 13 ақпандағы Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттің құрамы құрылды:

- Спицын Анатолий Тихонович – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор,
- Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы. Жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты 2015 жылғы 29 мамырдағы Кеңес шешімімен Комитеттің жаңа құрамы құрылды:
 - Спицын Анатолий Тихонович – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Доминик Фаш – тәуелсіз директор;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет мүшелерінің 2015 жылғы күндізгі отырысқа қатысуы

| СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ | 12.02.2015 | 19.03.2015 | 29.04.2015 | 10.07.2015 | 28.08.2015 | 15.10.2015 | 10.12.2015 | % |
|--|-----------------------|------------|------------|----------------------------|------------|------------|------------|-----|
| Спицын Анатолий Тихонович | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Лука Сутера | + | + | + | + | + | + | + | 100 |
| Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы | 13.02.2015ж. сайланды | + | + | өкілеттік мерзімі аяқталды | | | | 100 |
| Доминик Фаш | 30.04.2015ж. сайланды | | | + | + | + | + | 100 |

2015 жылы Комитет 7 күндізгі отырыс өткізді, онда 23 мәселе қаралып, Директорлар кеңесіне тиісті мәселелер бойынша ұсыным берілді, соның ішінде: даму страте-

гиясы мәселелері, Даму жоспары, инвестициялық бағдарламаны іске асыру, инновациялық қызмет мәселелері және т. б.

Комитет туралы ережеге, сон-

дай-ақ Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес, Комитет 2015 жылы мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттері толығымен орындады. Айта кету

керек, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің және корпоративтік басқару рейтингіне қатысты «KEGOC» АҚ-ның ірі акционері ретіндегі Комитет жұмысы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның болжалына жауап береді.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленеді және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығындары өтеледі.

«KEGOC» АҚ тәуелсіз директорларының сыйақысы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- жылдық тіркелген сыйақы;
- қосымша сыйақы.

Жылдық тіркелген сыйақы тәуелсіз директорға міндеттерін орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысы анықтаған, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін «KEGOC» АҚ белгілеген мөлшерде беріледі. Қосымша сыйақы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін төленеді.

Тәуелсіз директорға, тәуелсіз директордың тұрғылықты тұратын жерінен тыс жерде өткізілетін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитетінің отырыстарына және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына»

АҚ-ның Басқарма төрағасының бастамашылығымен өтетін жиналыстарға шығуымен байланысты шығыстары өтеледі. Шығыстарды өтеу Компанияның ішкі құжаттарында көзделген іс-сапарлық шығыстарды өтеу нормалары шегінде жүргізіледі.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жұмыс қорытындысы бойынша жылдық бекітілген сыйақы Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындау күндердің нақты саны бойынша пропорционалды түзетіледі.

2015 жылы «KEGOC» АҚ тәуелсіз Директорлар кеңесі директорларының жылдық бекітілген сыйақысы 37,048 млн. теңгені құрады, Комитеттердің күндізгі отырыстарына қатысу сыйақысы 13,441 млн. теңге.

Қызметті бағалау

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару кодексімен жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жүргізу көзделеді, бұл ретте, тәуелсіз тарап кемінде үш жылда бір рет бағалау жүргізуі тиіс.

2015 жылға Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлеген әдістеме негізінде және ең үздік халықаралық корпоративтік басқару іс-тәжірибесін, атап айтқанда, корпоративтік басқару принциптеріне ЭЫДҰ-ның

Заңдарын, Ұлыбританияның Корпоративтік басқару кодекстері қағидаттарында жүргізілді. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Төрағаның және Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының, Корпоративтік хатшы қызметтерін бағалау нәтижелерін қарастырып, Директорлар кеңесі Жалпы директорлар кеңесінің, комитеттердің жұмысы тиісті деңгейде, Директорлар кеңесінің, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының, ішкі аудит Қызметінің және ішкі аудит қызметі басшысының біліктілігі «KEGOC» АҚ мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес деген тұжырымға келді.

БАСҚАРМА

«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметін басқаруды алқалық атқарушы орган – басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған «KEGOC» АҚ қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдайтын Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ-ның Басқармасы туралы ережесіне сәйкес жұмыс істейді.

«KEGOC» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 желтоқсанға дейін «KEGOC» АҚ Басқармасының мынадай құрамы қызмет атқарды:

| | |
|---|---|
| ҚАЖИЕВ БАҚЫТЖАН ТОЛЕУҚАЖЫҰЛЫ | «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы |
| ЖАЗЫҚБАЕВ БАҚЫТХАН МЕДЕҒАЛИҰЛЫ | Басқарма төрағасының бірінші орынбасары |
| АҚМУРЗИН АБАТ АМАНҰЛЫ | Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары |
| БЕКСАРЫ ЖАҢАБАЙ МҰРАТБЕКҰЛЫ | Басқарма төрағасының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары |
| БЕКЕНОВ МҰҚТАР ОҒАРБАЙҰЛЫ | Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор |
| БОТАБЕКОВ АЙБЕК ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ | Экономика жөніндегі басқарушы директор |
| ЖАҚЫПБАЕВ ҚАЙРАТ ТӨЛЕГЕНҰЛЫ | Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор |
| ҚУАНЫШБАЕВ ӘСКЕРБЕК ДОСАЙҰЛЫ | ҰЭТ-ты дамыту және жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директоры |
| ТЕМІРБЕКОВ БОЛАТ ЖОЛБОЛДЫҰЛЫ | Техникалық бақылау және қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры |

10.12.2015 ж. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Бексары Жаңабай Мұратбекұлын басқа жұмысқа ауысуына байланысты Басқарма құрамынан шығарды және Басқарманың жаңа мүшесі – Оспанов Серік Кеңесбекұлы сайланды.

Осылайша, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ Басқарма құрамы мынадай болды:



ҚАЖИЕВ БАҚЫТЖАН ТОЛЕУҚАЖЫҰЛЫ

1964 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

Алматы энергетикалық институты – мамандығы «Электр тораптары мен жүйелері», Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті – мамандығы «Экономика».

Саладағы жұмыс өтілі 29 жыл.

«KEGOC» АҚ-ның және оның контрагенттерінің акцияларын иеленбейді.

**«KEGOC» АҚ Басқарма
төрағасы**



ОСПАНОВ СЕРІК КЕҒЕСБЕКҰЛЫ

1973 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

«Семей» мемлекеттік университеті – мамандығы «Тағам өндірістерінің машиналары мен аппараттары», Қазақ мемлекеттік басқару академиясы – мамандығы «Экономика және менеджмент».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, қаржы институттарымен ынтымақтастық, жүйелік қызметтер, шектес мемлекеттердің

энергетикалық жүйелерімен және энергетикалық кәсіпорындарымен өзара іс-қимыл, сатып алу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жедел-диспетчерлік басқару.

Саладағы жұмыс өтілі 15 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контрагенттерінің акцияларын иеленбейді.

**Басқарма төрағасының
бірінші орынбасары**



Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

ЖАЗЫҚБАЕВ БАҚЫТХАН МЕДЕФАЛИҰЛЫ

1968 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясы – мамандығы «Маркетинг және коммерция», С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – «Электр жүйелері мен тораптары».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: Өндірістік активтерді жөндеу және қызмет көрсету, инвестициялық бағдарлама, техникалық саясат, филиалдармен және еншілес

ұйымдармен жұмыс.

Саладағы жұмыс өтілі 15 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контр-агенттерінің акцияларын иеленбейді.



Басқарма төрағасының ҰЭТ-ты дамыту және корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары

ҚУАНЫШБАЕВ ӘСКЕРБЕК ДОСАЙҰЛЫ

1955 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

Алматы энергетикалық институты – мамандығы «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен жабдықтау», экономика ғылымдарының кандидаты, экономика доценті.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару жүйесі, біріктірілген менеджмент жүйесі, ҰЭТ-ты перспективалық дамыту, халықаралық

ұйымдармен ынтымақтастық.

Саладағы жұмыс өтілі 38 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контр-агенттерінің акцияларын иеленбейді.



Филиалдармен және ЕБҰ-мен жұмыс жөніндегі басқарушы директор

АҚМҰРЗИН АБАТ АМАНҰЛЫ

1958 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

Қазақ ауыл шаруашылығы институты – мамандығы «Электрлендіру», Рудный мемлекеттік индустриалды институты – мамандығы «Кәсіпорындар экономикасы және басқару».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: филиалдармен және еншілес және бағынысты ұйымдармен жұмыс, өндірістік активтерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету,

инвестициялық бағдарлама, ақпараттық технологияларды дамыту, құрылыс.

«Батыс транзит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Саладағы жұмыс өтілі 35 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контрагенттерінің акцияларын иеленбейді.



Жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директор

БЕКЕНОВ МҰҚТАР ОҒАРБАЙҰЛЫ

1958 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі: Алматы энергетикалық институты – мамандығы «Электр тораптары мен жүйелері».

Функции в АО «KEGOC»:

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: жүйелік қызмет көрсету, шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл, ҚР БЭЖ жұмыс режимдерін жедел-диспетчерлік және технологиялық басқару, электр энергиясын ағындарын

кедендік ресімдеу, релелік қорғау және қосалқы станцияларды автоматтандыру құралдарын пайдалану және жаңғырту, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету. «Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Саладағы жұмыс өтілі 35 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контрагенттерінің акцияларын иеленбейді.



**Экономика жөніндегі
басқарушы директор**

БОТАБЕКОВ АЙБЕК ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ

1976 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті – мамандығы «Халықаралық экономикалық қатынастар».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, қаржы институттарымен және аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, қаржылық есептеме, басқарушылық есептемес жүйесі.

Саладағы жұмыс өтілі 18 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контр-агенттерінің акцияларын иеленбейді.



**Құқықтық қамтамасыз
ету және қауіпсіздік
жөніндегі басқарушы
директор**

ЖАҚЫПБАЕВ ҚАЙРАТ ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

1964 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы

Білімі:

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті – мамандығы «Құқықтану».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: құқықтық мәселелер, экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, іс жүргізуді қамтамасыз ету.

«Энергоинформ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Саладағы жұмыс өтілі 8 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контр-агенттерінің акцияларын иеленбейді.



Техникалық бақылау және қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры

ТЕМІРБЕКОВ БОЛАТ ЖОЛБОЛДЫҰЛЫ

1964 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

Алматы энергетикалық институты – мамандығы «Электрмен жабдықтау», Қазақстан-Ресей университеті – мамандығы «Экономика».

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: сатып алулар, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, техникалық бақылау және еңбекті қорғау.

Саладағы жұмыс өтілі 28 жыл.

«KEGOC» АҚ және оның контр-агенттерінің акцияларын иеленбейді.

Алқа шешімдерін алдын ала қаурау, қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында Компанияда кеңесу-мәжілістік органдар құрылды:

- **Инвестициялық комитет**
- **Тәуекелдер жөніндегі комитет**
- **Бюджет комитеті**
- **Кадрлық даму жөніндегі комитет**
- **Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет**
- **Тауар-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет**

2015 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 23 отырысы өтті, онда 191 мәселе қаралды, атап айтқанда:

- «KEGOC» АҚ ішкі нормативтік құжаттары (бұдан әрі – ИНҚ) бойынша:
 1. 10 ИНҚ бекітілді және 12 ИНҚ өзгерістері бекітілді;
 2. 2 ИНҚ мақұлданып, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің қауауына 1 ИНҚ енгізілді.
- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді бір көзден тәсілімен сатып алу туралы 3 шешім және мүддесі бар мәміле жасау жөнінде 5 шешім қабылданды;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді

басқару жүйесінің жұмысына қатысты бірқатар мәселелер бойынша шешімдер қабылданды. «KEGOC» АҚ Тізілімі, Тәуекелдер картасы және негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі 2015 жылға арналған іс-шаралар Жоспары мақұлданды. Тоқсан сайын негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі қабылданған шаралар және жайкүйі туралы есептер қаралады.

Басқарма мына есептерді алдын ала қарады және Директорлар кеңесіне жіберді:

- жасалған ірі мәмілелер мен жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есептер;

- 2014 жылға арналған Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есебі;
- тәуекелдер жөніндегі есептер;
- тәуекелдер жөніндегі Комитет қызметінің 2014 жылғы есебі;
- 2015 жылғы ақпаратты ашу туралы есептер және Кадрлық дамыту жөніндегі комитеттің 2014 жылы жүргізген жұмысының нәтижелері бойынша есеп және Кадрлық дамыту жөніндегі комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту есебі;
- «KEGOC» АҚ Даму жоспарын іске асыру жөнінде есеп;
- «KEGOC» АҚ жылдық және аралық қаржылық есебі;
- Еншілес, бағынысты және бірлесе бақылайтын ұйымдарды басқару жөнінде, сонымен қатар, еншілес, бағынысты және бірлесе бақылайтын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы есеп;
- 2014 жылғы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы туралы есептер;
- «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі мезгілге арналған Ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру және «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға дейінгі Ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Кешенді жоспарының орындалуы туралы 2014 жылғы есебі;
- «KEGOC» АҚ-ның 2014 жылғы жылдық есебі;

- Акционерлердің «KEGOC» АҚ мен лауазымды қызметкерлердің іс-қимылына арыздарын алдын ала қарау мәселелері және оларды қараудың қорытындылары туралы;
- Акционерлердің жалпы жиналысының Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін мақұлдау және олардың мүшелерін сайлау туралы).

«KEGOC» АҚ Басқармасы 2015 жылы еншілес және бағынысты компанияларға қатысты бірнеше мәселелерді қарады және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына енгізді: «Энергоинформ» АҚ, «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС, «Батыс транзит» АҚ. Бұдан бөлек, Басқарма демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету мәселелерін қабылдады.

«KEGOC» АҚ Басқарма мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібі «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге, «KEGOC» АҚ Басқарушы қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне және корпоративтік хатшыға еңбекақы және сыйлықақы төлеу қағидаларында айқындалған. Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі лауазымдық қызметтағы және жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақыны қамтиды. Мәселен, «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелеріне 01.01.2015 ж. бастап 31.12.2015 ж. аралығында 128,07 млн.теңге мөлшерінде жалпы

еңбекақы сомасы есептелінді.

«KEGOC» АҚ басқарушы қызметкерлеріне жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері бекітілген соң «KEGOC» АҚ-ның бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған ақша қаражаты шегінде төленеді. Есептік жыл үшін шоғырландырылған қорытынды табыстың болуы сыйақы төлеудің негізгі шарты болып табылады. Сыйақы ұдайы сипатқа ие емес. Басқарушы қызметкерлердің қызметін бағалаған кезде уәждемелі ҚБК қолданылады, олар «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге «KEGOC» АҚ қызметінің бизнес-процестері/бағыттары бойынша ҚБК карталары түрінде каскадтау жолымен әзірленеді. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алу құқығына есептік жыл ішінде бекітілген ҚБК-ні орындау нәтижелері жөнінде есептік мезгілде кемінде 5 (бес) ай нақты істеп шыққан басқарушы қызметкерлер ие болады. Басқарушы қызметкерлердің жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша шекті сыйақы мөлшерлері 3 еселік жылдық еңбекақы сомасынан (лауазымдық қызметтақидан) аса алмайды. Ұзақ мерзімді сыйақыны алу құқығы келген кезде қысқа мерзімді сыйақының шекті мөлшері бір жылдық лауазымдық қызметтақыға дейін азаяды.

Осы қағидаттарды есепке ала

отырып, «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлеріне 2015 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу жоспарланбаған.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«KEGOC» АҚ-ның Дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерлерін анықтаған кезде акционерлер мүддесінің сақталуына, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мен оны капиталдандыруға, акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтарын құрметтеу мен қатаң сақталуына негізделген. Дивидендтерді төлеу талаптары мыналар болып табылады: Компанияда есептік кезеңде таза табысының немесе бөлінбеген табысының болуы; Қазақстан Республи-

касының заңнамасында көзделген дивидендтер төлеуге шектеудің болмауы; акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Акционерлерге дивидендтер төлеу көзі тиісті қаржылық жыл немесе жарты жыл ішіндегі таза табыс яғни «KEGOC» АҚ-ның ХҚЕС-мен сәйкес жасалған шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде есептеліп таратылмаған пайда болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржылық жыл немесе жарты жыл ішіндегі таза табысты тарату тәртібі туралы және дивидендтердің мөлшері туралы ұсынысты даярлау кезінде дивидендтерді төлеуге жұмсалатын сома таза табыстың кем дегенде 40%-ын құрауы тиіс деген тұжырымды ұстанады. «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімін Компа-

нияның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін акционерлердің жалпы жылдық жиналасы қабылдайды. «KEGOC» АҚ-ның жарты жыл қорытындылары бойынша жай акциялары жөнінде дивидендтер төлеу туралы шешім Компанияның тиісті мезгіл ішіндегі Қаржылық есептілік аудитін жүргізген соң 3 ай ішінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарай келе, өз қарауынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекітеді, сондай-ақ дивидендтер төлей бастаудың күнін айқындайды.

Дивиденд тарихы

| | 2013 ЖЫЛ* | 2014 ЖЫЛ | 2015 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫ |
|--|-----------|-----------|--------------------------------|
| Бір акцияға дивиденттің мөлшері, теңге | – | 33,13 | 9,4 |
| Дивидендтік табыстылық, % | – | 9,1% | 1,4% |
| Дивидендтер жарияланған кезеңнің соңындағы акциялар құнының теңгерімдік құны (ХҚЕС бойынша), теңге | 1027 | 1380 | 1370 |
| Дивидендтер сомасы, мың теңге | – | 8 613 800 | 2 444 000 |

| | 2013 ЖЫЛ* | 2014 ЖЫЛ | 2015 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫ |
|--|-----------|-------------------------------|--------------------------------|
| Дивидендтерді төлеуге жіберілген ХҚЕС бойынша таза табыс үлесі, % | – | 99,97% | 40,01% |
| Дивидендтер төлеу жөніндегі шешімді қабылдаған эмитентті басқару органының атауы | – | Акционерделдің жалпы жиналысы | Акционерделдің жалпы жиналысы |
| Дивидендтер төлеу жөніндегі шешім қабылданған эмитентті басқару органының жиналыс өткізген күні, хаттаманың күні, нөмірі | – | 30.04.2015 №1 хаттама | 16.10.2015 №2 Хаттама |
| Дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін құру күні | – | 15.05.2015 | 30.10.2015 |

* 2013 жыл ішінде Компания таза табыстың теріс мәніне байланысты дивидендтерді жарияламады және төлеген жоқ.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2006 жылы құрылды. 31.12.2015 ж. жағдай бойынша ІАҚ-ің бекітілген штаты 8 адамды құрайды.

ІАҚ миссиясы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауда көмек көрсетуде болып табылады. ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелік тәсілді енгізу арқылы Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және

дұрыс ақпаратты ұсыну.

ІАҚ қызметі «KEGOC» АҚ-ың Ішкі аудит қызметі туралы ережесімен, «KEGOC» АҚ-дағы Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларымен, Қызмет қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларымен реттеледі.

Барлық аудиторлық тапсырмалар ІАҚ миссиясы мен негізгі мақсатын есепке ала отырып жоспарланған. Ішкі аудитты жоспарлағанда, тәуекелге бағдарланған тәсіл пайдаланылды, яғни, жоспарға енгізуде басымдылық теріс оқиғалардың туындауына аса ұшырағыш бизнес-процестерге берілген.

ІАҚ-ның 2015 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің

шешімімен бекітілді. Жоспар бойынша 20 тапсырманы орындау көзделген. ІАҚ-ің жоспарға сәйкес орындаған аудиторлық тапсырмаларының тақырыбы Компания филиалдарын кешенді тексеруді, қаржылық есептілікті, сыртқы аудитті, тәуекелдерді басқаруды, ақпараттық технологияларды, жобаларды және т.б. қамтыды. Барлық тапсырма орындалды.

Бұдан бөлек, Қордың Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ Қордың ІАҚ-ің «Самұрық-Қазына» АҚ тобы компанияларында синергетикалық АТ аудит өткізу жөніндегі бастамасы бойынша ІАҚ келесі аудиторлық тапсырмаларға қатысты:

- «Самұрық-Энерго» АҚ ЕБҰ ақпараттық технологияларының ау-

диті: «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «Богатырь-Көмір» ЖШС (Екібастұз қ.);

- «ҚазМұнайГаз» АҚ ЕБҰ-дағы жалпы АТ бақылау аудиті: «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (Атырау қ.).

2015 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша ІАҚ Компанияға 291 ұсыным берді, оның ішінде аудит объектілері 286 ұсынымды қабылдады, 5 ұсыным қабылданған жоқ (яғни, аудит объектілерінің басшылары олардың орындалмау тәуекелін өздеріне қабылдады). Аудит объектілері ІАҚ бірлесе Түзету іс-қимылдары жоспарын әзірледі. ІАҚ берілген ұсынымдар мониторингін тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырып отырды. Мониторинг нәтижелері бойынша 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 60 ұсынымды енгізгені анықталды, 226 ұсыным енгізу кезеңінде тұр.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

«KEGOC» АҚ-да «KEGOC» АҚ қызметіне ішкі және сыртқы теріс факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу жолымен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі табысты жұмыс істеуде.

Тәуекел менеджменті Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қыз-

метінің, Басқарманың, меншік иелері – құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға тартылуы;
- тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;
- компания қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару аясында оқуы мен білім алмасуының үздіксіздігі;
- есептілікті ұсыну және тәуекелдердің үдеуі кезіндегі ашықтық пен адалдық.

Компанияда жыл сайын тәуекелдер сәйкестендіріледі, олар бағаланып, тәуекелдерді бағалау жөнінде шаралар жасалады. «KEGOC» АҚ өз қызметін стратегиялық тәуекел, қаржы тәуекелі, операциялық тәуекел және құқықтық тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген бизнеске байланысты тәуекелдердің кең ауқымын ескере отырып жүзеге асырады.

Міндеті «KEGOC» АҚ Басқармасына Компанияның тәуекелдерін басқару мәселелері жөнінде ұсынымдар дайындау болып табылатын Тәуекелдер жөніндегі комитет 2015 жылы өз қызметін белсенді жүзеге асырды. 2015 жылы 9 отырыс өткізілді, онда Комитет мүшелері тәуекелдерді басқару жүйесі туралы есептерді қарады, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша ішкі

құжаттардың жобалары, Тізілім мен Тәуекелдер картасы, 2016 жылға арналған негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары және т.б. мақұлданды.

«KEGOC» АҚ қызметінде болған 2015 жылғы елеулі тәуекелдер:

- **Валюта тәуекелі.** Валюта тәуекелі серіктестермен жасалған кредиттік келісімдер мен келісім шарттар бойынша міндеттемелерді орындаған кезде туындайды. Бұл тәуекел борыштық міндеттемелердің бөлігі шетелдік валютада (доллар, евро) берілген уақытта Компания кірістерді ұлттық валюта – теңгемен алатынына байланысты елеулі бола түсуде.

Айырбас бағамынан тәуелділікті мейлінше азайту мақсатында Компания ақша қаражатын Екінші дегейлі банктердің депозиттеріне орналастырады.

- **Көрсетілетін жүйелік қызметтер көлемдерінің азаюы,** Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтер көлемінің азаюы салдарынан, сондай-ақ Ресей Федерациясынан электр энергиясы транзитінің төмендеуі салдарынан туындайтын тәуекел.

Осы тәуекелді басқару жоспарланатын көрсеткіштерді түзету жолымен жүргізіледі.

- **Орталық Азияның БЭЖ энергия жүйелерінің электр энергиясы-**

ның жоспардан тыс ағындары мен қуатты реттеу бойынша қызметтері үшін төлемеушілік тәуекелі.

«Өзбекэнерго» АҚ-ның электр энергиясы мен қуатты реттеу бойынша қызмет көрсетулер төлемдері жөніндегі шарттық міндеттемелерін бұзуы осы тәуекел туындауының негізгі факторлары болып табылады. Бұл тәуекелді жою мақсатында Компания «Өзбекэнерго» АҚ-мен уақтылы төлеу және қуатты реттеу бойынша жеткізілген электр энергиясы мен қызмет көрсетулер берешегін жабу мәселелері жөнінде хат алмасу жүргізуде. Бұдан бөлек, «Өзбекэнерго» АҚ-ның қуатты реттеу жөнінде қызмет көрсеткені және жоспардан тыс электр энергиясы үшін шарттар бойынша берешегін жабуға байланысты кінәраттық-қуынымдық жұмыс жүргізуде.

- **Еңбек қауіпсіздігі тәуекелі.** Компанияның қызметінде қызметкерлерге қауіпсіздік техникасын бұзу, кәсіби аурулар салдарынан өндірісте жазатайым жағдайдың туындау қаупі бар, оларды азайту үшін «KEGOC» АҚ-да жұмыс орындарды аралау, тексеру жұмыстары, жұмыс орындарына аттестаттау жүргізіледі, жедел және жөндеу бойынша қызметкерлерді техникалық оқыту, аварияға қарсы және өртке қарсы жаттығулар, ауысым алдындағы медициналық тексеру, нұсқама-

лықтар, қауіпсіздік техникасы жөнінде білімдерін тексеру, өндірісте жарақаттанудың және жазатайым оқиғалардың алдын алу жөнінде дәрістер мен семинарлар өткізіледі.

Компанияда «KEGOC» АҚ-ның Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) стандартына (бұдан әрі – ІБЖ жөніндегі стандарт), сондай-ақ «KEGOC» АҚ-ның Ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу» регламентіне негізделген Ішкі бақылау жүйесі ендіріліп жұмыс істейді. ІБЖ жөніндегі стандартқа сәйкес, Директорлар кеңесі тәуекелге бағдарланған ұстанымды қолдана отырып, Компанияның ІБЖ-н ұйымдастыру, мониторингілеу және тиімділігін бағалау үшін жауапты болады; Басқарма Директорлар кеңесінің ІБЖ бойынша бекіткен ішкі құжатын әзірлеуді, ендіруді, ІБЖ-нің сенімді де тиімді жұмыс істеуін, ІБЖ мониторингін, ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді. ІБЖ Компанияның тәуекелдерге тез ден қоюға, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды қарастырады. 2015 жылы «KEGOC» АҚ-ның Бизнес-процестер жіктеуіші бекітілді, оған сәйкес «Электр желілік объектілерді жөндеу-пай-

далану қызметін көрсету», «Қазақстанның БЭЖ-де аварияның алдын алу, оқшаулау және жою» тәуекелдер мен бақылаулардың 2 блок-схемасы мен матрицалары әзірленді.

«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, «Ішкі бақылау жүйесі» стандартына сәйкес, Директорлар кеңесі кем дегенде жылына бір рет ІБЖ-нің тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға (Аудит жөніндегі комитетпен және ІАҚ-мен бірлесіп), Акционерлердің жалпы жиналысы алдында осындай бағалау жүргізгені туралы есеп беруге міндетті. Мұндай бағалау қаржылық және операциялық бақылауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ) тиімділігі мен сақталуын бақылауды қоса алғанда айтарлықтай толық бақылауды қамтиды.

ІБЖ тиімділігін бағалауда Директорлар кеңесіне көмек беру мақсатында, ІАҚ ішкі Аудит жөніндегі комитетпен бірігіп ішкі бақылау жүйесі құрылатын компоненттерді егжей-тегжейлі қарастырды:

1. бақылау ортасы;
2. тәуекелдерді бағалау;
3. бақылау рәсімдері;
4. ақпарат және оны беру;
5. мониторинг.

Бағалау «Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және бағынысты ұйымдарының ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді.

Бағалау нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ ІБЖ-ің әлемдік

үздік тәжірибеге сәйкестік деңгейі 84,32%-ды құрды (2014 жылы 75,82%, өсім – 8,5%). 2015 жылы Компанияның ІБЖ-нің барлық компоненттері бойынша көрсеткіштері жақсарды.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

KEGOC» АҚ-ның ақпараттық саясатын іске асыру кезіндегі негізгі қағидаттар болып табылатындар:

- тұрақтылық және уақтылылық,
- ашықтық және қолжетімдік,
- анықтық пен толымдық,
- жеделділік,
- құпиялық режимді сақтау,
- теңгерімдік,
- ақпарат алушылардың теңдігі.

Акционерлер, инвесторлар мен өзге де стейкхолдерлер алдында ақпаратты ашу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

- ақпаратқа (құжаттарға) рұқсат беру;
- бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;
- «KEGOC» АҚ-ның корпоративтік веб-сайтында орналастыру;
- Компанияның ішкі ресурстарында («Lotus Notes», «Microsoft Outlook» т.б. бағдарламалық өнімдері) орналастыру;
- ақпарат алушылармен баспасөз конференциялар мен кездесулер өткізу;
- құжаттар мен өзге де материалдарды дербес тапсыру;
- заңнамада және «KEGOC» АҚ-ның ішкі құжаттарында қарастырылған

өзге тәсілдермен.

Акционерлердің құқықтарын іске асыру, сондай-ақ «KEGOC» АҚ пайдаланушылары үшін айтарлықтай мәнді ақпараттың жоғары жеделділігі мен қолжетімдігін қамтамасыз ету мақсатында 2015 жылы мыналар қамтамасыз етілді:

- БАҚ-та Компанияның өндірістік-қаржылық қызметі туралы жарияланымдар (баспасөз релиздері және корпоративтік веб-сайттағы жаңалықтар, БАҚ редакциясына тікелей электрондық тарату);
- «KEGOC» АҚ-ның қызметі туралы кітапшаларды, есептерді әзірлеу;
- Компания басшылығының «KEGOC» АҚ-ның қызметі туралы сұхбаттарын, баспасөз конференцияларын, мәжілістердегі және көпшілік іс-шараларында сөйлеген сөздерін жариялау, Басқарма төрағасы Б.Т. Қажиевтің қатысуымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен БАҚ үшін Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мәселелері жөніндегі брифинг;
- «KEGOC» АҚ-ның жобалары мен іс-шараларын ақпараттық қолдау, соның ішінде «KEGOC» АҚ акционерлерінің жалпы жиналыстарын, «KEGOC» АҚ-ның Бизнесінің трансформациясы бағдарламасының іске қосылуын, жедел-диспетчерлік персоналдың кәсіби шеберлігі конкурсын (Ақмола ӨДО), ТМД мемлекеттері-қатысушыларының

(Минск, Белоруссия) электр энергетикалық саладағы персоналының XII Халықаралық кәсіби шеберлік жарысы;

- «KEGOC» АҚ-ның жобалары мен іс-шараларын ақпараттық қолдау, соның ішінде «KEGOC» АҚ-ның жетілдірілген пайдаланушы интерфейсі және техникалық мүмкіндіктермен жаңартылған веб-сайтын әзірлеу және пайдалануға беру.

Ақпаратты ашқан кезде «KEGOC» АҚ коммерциялық, қызметтік және өзге де заңнамамен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ шектеулі таратылымдағы мәліметтерді қорғауды басшылыққа алады.

«KEGOC» АҚ ақпараттық айқындығын бағалау, оның қызметін қабылдау және ақпаратты ашу процесінің тиімділігін айқындау мақсатында 2015 жылы тәуелсіз тарап репутациялық аудит жүргізді (халық арасында «KEGOC» АҚ, Компания қызметкерлерінің және сыртқы сарапшылардың имиджін ЖЗҚ сарапшыларынан, брокерлік компаниялардан, қаржы институттарынан, электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысушылар мен тұтынушылардан, танымал журналистерден сұхбат алу және сауалнама жүргізу жолымен кешенді бағалау). Зерттеу нәтижелері Компания қызметі мен имиджін қызметкерлер арасында да, сыртқы сарапшылар мен Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында да дұрыс қабылданғаны туралы айғақтады. Сонымен, 2014 жылғы зерттеулер нәтижелерімен

салыстырғанда Компания беделінің «Ықпалдылығы», «Ашықтық пен айқындық», «Компания мен басшылығының танымалдығы», «Қызметі туралы хабардарлық» және т.б. секілді көрсеткіштер бойынша 5%-ға өскені байқалады.

КАДР САЯСАТЫ

Компанияның кадр саясаты адами ресурстарды пайдаланудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігі арасындағы теңгерімді


қамтамасыз етуге бағытталған.

Кадр саясатының тұтқалы басымдықтары мыналар болып табылады:


- біліктілігі жоғары қызметкерлерді тарту, дамыту және сақтау;
- персоналды басқарудың озық әдістерін енгізу;
- ішкі кадрлық резервтер мен сыртқы ресурстарды дұрыс үйлестіру арқылы кадрлық резервті басқару;
- басшы қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;

- бірлескен құндылықтарды, әлеуметтік нормалар мен қызметкерлердің тәртібін реттейтін нормаларды әзірлеу және қалыптастыру;
 - әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, еңбек қайшылықтарының алдын алу және болдырмау;
 - «KEGOC» АҚ-да инновацияларды және түрлендірулерді қолдау.
- Компания қызметкерлерінің 31.12.2015 ж. жағдай бойынша тізімдік саны 4 826 адамды құрады.**

2015 ж. персоналдың санаттар бойынша құрылымы



2015 ж. персоналдың жасы бойынша құрылымы



Компания персоналы қызметкерлер білімдерінің жоғары деңгейімен сипатталады. 2015 жылғы 31 желтоқ-

сандағы жағдай бойынша қызметкерлердің 61,7 % жоғары білімі бар (өндірістік персонал бойынша – 55,6

%), және 26,6% – арнаулы орта білімі бар. Соның ішінде қызметкерлердің 30%-дан астамында жоғары энер-

гетикалық білімі, ал білікті жұмыскерлер ішінде энергетикалық білім (жоғары және арнаулы орта) 33%-дан астамында бар.

Қомпания қызметкерлерінің 51,2%-да энергетика саласында 10 жылдан астам жұмыс өтілі бар. 5 жылдан 10 жылға дейінгі еңбек өтілі бар – 20,93% астам қызметкерлер.

Компаниядағы кадрлардың 2015 жылғы тұрақсыздығы: шоғырландырылған – 4,46%-ды құрады (2014 жылдың ұқсас кезеңінде – 6,98%).

Компанияда жалдау рәсімі «KEGOC» АҚ бос лауазымдық орындарына конкурс бойынша іріктеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Рәсімдердің айқындығын қамтамасыз ету үшін жоғары білікті мамандарды іздестіру және іріктеу, кандидаттар бойынша деректер базасын жүргізу, бос лауазымдық орындарға қызметкерлерді іріктеу кезінде айқын конкурстық рәсімдерді енгізу, соның ішінде кандидаттардың білім деңгейін тексеру үшін тестілеу элементтерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Қызметке жайлы кірісу үшін бейімделу тәртібі енгізілген. Өндірістік персоналдың жас кадрларының кәсіби білімі, біліктілігі мен шеберлігі деңгейін көтеру үшін, олардың кәсіби қалыптасуына көмек беру мақсатында, өндірістік персоналдың тәжірибелі қызметкерлерінің құзыретін сақтау, «KEGOC» АҚ-ның корпоративтік мәдениетіне бейімделу, дәстүрлері мен ережелерін меңгеру үшін тәлімгерлік жүйесінің қызметі

енгізілген және жұмыс істейді. 2015 жылы «KEGOC» АҚ-ның филиалдарында 44 тағылымгерге (қызметке жаңадан қабылданған және ауыстырылған қызметкерлер) тәжірибелі басшылар мен мамандар қатарынан 43 тәлімгер тағайындалған. «KEGOC» АҚ-ның аттестаттау комиссиясының ұсынымы бойынша тәлімгерлерге тәлімгерлік жұмысы үшін сыйақы төленді. Жыл сайын «Жылдың үздік тәлімгері» конкурсы өткізіледі, оның қорытындысы бойынша жеңімпаз төсбелгімен, жалаушамен, дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталады.

Қызметкерлерді дамыту және оқыту

Қызметкерлерді дамыту Компания қызметінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Қызметкерлерді дамыту дегеніміз қызметкерлерді іріктеуге, біліктіліктерін арттыруға және кәсіби өсуіне бағытталған іс-шаралар жиынтығы деген сөз.

«KEGOC» АҚ-да процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлерді оқытудың мынадай негізгі түрлері қолданылады:

- өз бетінше оқу (өздігінен білім алу);
- өндірісте ұйымдасқан оқу (өндірістік-техникалық оқу);
- мамандандырылған оқу орындарының біліктілікті арттыру курстарында өндірістен қол үзіп қысқа мерзімде оқу.

Есеп беру кезеңінде 2172 қызметкер кәсіби оқудан және кәсіби дамудан өтті, бұл қызметкерлердің тізімі бойынша санының 45 %-ын құрайды (4826 адам).

«KEGOC» АҚ 2015 жылдағы оқуға жұмсаған нақты шығыны 250,48 млн. теңгені құрады, соның ішінде әкімшілік персоналы бойынша 87,6 млн. теңге, өндірістік персонал бойынша – 162, 8 млн. теңге.

«KEGOC» АҚ кадрлық резерві бойынша жұмыстар жоспарлы жүзеге асырылып отырады: 359 адам көлемінде кадрлық резерв құрылды. 2015 жылы кадрлық резервтер құрылған бос лауазымдық орындар саны – 52, олардың ішінде 41-і кадрлық резервке кіретін кадрлармен толықтырылды, бұл ретте кадрлық резервтен тағайындалғандар пайызы 78,8 %-ды құрайды.

Есеп беру жылында Компания «Таланттарды басқару» жобасын жүзеге асыруды бастады, оның барысында Көшбасшылық құзырет моделі негізінде жоба барысында ТОП-25 резерві қалыптастырылды. ТОП-25 тобына кірген қызметкерлер үшін Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерімен кездесулер өткізілді және дамудың негізгі басымдылық жолдары анықталды.

«KEGOC» АҚ кәсіпорындағы өндірістік персоналды қосарлы оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмысын жалғастырды. «Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығы бойынша студенттерді оқыту бизнестің қажеттілігін

анықтау бойынша жұмыс жүргізілді. «Қарағанды политехникалық колледжі» КМҚК-мен әлеуметтік серіктестік туралы шартты жалғастыру туралы шешім қабылданды.

Жұмыскерлер қызметінің нәтижелілігін арттыру, олардың біліктілік деңгейі мен орындаған функционалдық міндеттемелері сапасын бағалау мақсатында жыл сайын компьютерлік тестілеу элементтерін қолдана отырып, «KEGOC» АҚ қызметкерлеріне аттестаттау жүргізіледі. Есеп беру кезеңінде «KEGOC» АҚ-ның 491 қызметкері аттестаттаудан өтті, олардың ішінде: Атқарушы дирекцияның 63 қызметкері және Атқарушы дирекция номенклатурасына кіретін «KEGOC» АҚ филиалдарының 12 қызметкері, филиалдардың 416 қызметкері, сондай-ақ «Энергоинформ» АҚ-ың 68 қызметкері.

Есеп беру жылында «KEGOC» АҚ әулеттері» конкурсының қорытындысы шығарылды, оның нәтижесі бойынша «Алматы ЖЭТ» (Ақылбай әулеті), «Солтүстік ЖЭТ» (Қлоповтар әулеті), «Батыс ЖЭТ» (Суесиноктар әулеті), сонымен қатар Стрелковтар әулеті жеңімпаз атанды. «Орталық ЖЭТ-тан» Адамовтар әулеті «Самұрық-Қазына» АҚ-да өткен Еңбек әулеттері күнін тойлауда қатысты.

Жұмыскерлерді мотивациялау және ынталандыру

Компанияның қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жөніндегі қызметі

мынадай ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ-ның Кадр саясаты;
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қағидасы;
- Қызметкерлердің сіңірген еңбегін көтермелеу және тану туралы қағидасы.

«KEGOC» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасында 2014-2018 жылдарға жасалған Ұжымдық шартқа әлеуметтік-еңбек қатынастарының барлық аспектілерін есепке алатын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес өзгерістер, ұжымдағы әлеуметтік шиеленістің алдын алу мақсатында еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар енгізілді. Шартта ұжымдық шартқа қосу рәсімдері көзделді, еңбек тәртібін, соның ішінде әлеуметтік демалыстар кезіндегі демалыс уақыты, еңбекақы төлеу, әлеуметтік кепілдіктер мен өтемақылар беру тәртібін реттеу мәселелері ескерілді, кадр әлеуетін дамыту және қызметкерлерді қолдау жөніндегі шаралар нақтыланған, зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін қосымша төленетін еңбек демалысы берілетін кәсіптер мен лауазымдар тізбесі, қызметкерлердің медициналық сақтандыру және мәдени-бұқаралық бос уақыттары айқындалды. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңдестірілген адамдарды, Компанияның есебіндегі ардагер энергетиктерді әлеуметтік қолдауға қаты-

сты мәселелер көрсетілді. Ұжымдық шарттың қолданысы «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлерін қамтиды.

Тұтастай алғанда, ұжымдық шартқа енгізілген өзгерістер әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту шараларын жетілдіруге, «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға қызметкерлерді басқару жөніндегі жұмыстарды жетілдіруге бағытталды.

Бұдан басқа, Компания қызметкерлермен дербес жасалған тұрғын үйді жалдау шарттары негізінде «KEGOC» АҚ қаражаты есебінен 3 жылдан көп емес мерзімге (өндірістік жұмыскерлерге – мерзімі шектелмейді) тұрғын үй жалдау ақысы шығыстарын ішінара өтеу жолымен тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектеседі. 2015 жылы Компания қызметкерлеріне тұрғын үйді жалдауға берілген шығыстардың жалпы сомасы 112 млн. теңгені (123 адам) құрады.

Сонымен қатар, Компания жыл сайын ерікті негізде қызметкерлерді медициналық сақтандыруды жүзеге асырады. 2015 жылы «KEGOC» АҚ-ның 2 700 астам қызметкері 169 млн. теңгеге сақтандырылды.

«KEGOC» АҚ кадр саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі қызметкерлерді тарту индексі (ӘБҚ қызметкерлеріне сауалнама жүргізу және онлайн сауал жүргізу нәтижелері бойынша есептелген) және өндірістік құрам еңбеккерлерінің арасында анықталған әлеуметтік тұрақтылық рейтингі болып табылады. 2015

жылы қызметкерлерді тарту индексі 68%-ды, ал әлеуметтік тұрақтылық рейтингі – 82%-ды құрады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«KEGOC» АҚ толық көлемде экологиялық тепе-теңдікті қолдау, қоғамның экологиялық орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігін сезіне отырып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметті күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты қоршаған ортаға теріс әсерлерді мейлінше азайту, экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ-ты дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік; Компания қызметінде энергияны үнемдеу мен табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды қолдану болып табылады.

Әуелік электр жеткізу желілері және қосалқы станциялардың ашық тарату құрылғылары қоршаған ортаның ластануының белсенді көздері болып табылмайды. Электр желілері мен қосалқы станциялар жұмыс істеген кезде қоршаған ортаға әсер ететін негізгі көздер мыналар болып табылады:

- өнеркәсіптік жиіліктің электр магниттік өрісі;
- «KEGOC» АҚ филиалдарының тораптар мен қосалқы станцияларға пайдалану жөнінде қызмет

көрсету кезіндегі шаруашылық қызметі;

- қосалқы станциялардың жабдықтарын жөндеген және жаңғыртқан кезде пайда болған өндіріс қалдықтары;
- Компанияның іске асырылып жатқан инвестициялық жобалары.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қосалқы станцияларда электр өрісінің кернеуін, шу мен басқа да физикалық факторларды өлшеу шаралары еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау шеңберіндегі кестеге сай жүргізіледі. Жабдықтардың (алмастырған, жаңғыртқан және т.б. кезінде), қосалқы станциялардың басты электрлік схемаларының; ЭЖЖ кірмелері мен шықпаларының түр мөлшерлері мен құрылымдық ерекшеліктері өзгерген жағдайда электр өрісі мен шулардың кернеулігіне кезектен тыс өлшемдер жүргізіледі. Ұйғарынды деңгейден артқан жағдайда тиісті қорғау шаралары әзірленеді.

«Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидалары» талаптарына сәйкес еңбек жағдайын жақсарту мақсатында 2015 жылы Ақтөбе ЖЭТ, Алматы ЖЭТ, Батыс ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Солтүстік ЖЭТ, Орталық ЖЭТ және Оңтүстік ЖЭТ-да филиалдарының объектілерінде аттестаттау шаралары өткізілді: өрістің, шудың, тербелу мен шулардың тығыздығының өлшемдері жа-

салды, жұмыс орындарында қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторлары анықталды.

ЖЭТ филиалдарында шекті рұқсат етілетін төгінділер (ШРТ) нормативтеріне сай зиянды заттар төгінділерінің тұрақты көздері (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) анықталды. ЖЭТ филиалдарындағы тұрақты көздерден болатын төгінділерді азайту мақсатында операциялық мониторинг (өндірістік процесс мониторингі) – жабдықтың әр бірлігі жұмысының сағат саны мен материалдар шығыстарын есепке алу жүргізілді. Төгінділерді азайту жасалған шарттарға сай, мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен расталды. Тұрақты көздерден болатын жалпы төгінділердің көлемі 2015 жылы белгіленген норматив жылына 27,57 тонна болған кезде 21,15 тоннаны құрады.

Түрлеріне қарай пайда болатын қалдықтар өндірістік және тіршілік әрекеті процесінде пайда болатын коммуналдық (қатты тұрмыстық қалдықтар) болып бөлінеді. Қауіптілік деңгейі бойынша барлық қалдықтар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай былайша бөлінеді:

- «жасыл» – индекс G (қауіпсіз);
 - «ашық сары» – индекс A (қауіпті);
 - «қызыл» – индекс R (қауіпті).
- Компанияда аса қауіптісі құра-

мында ПХД бар қалдықтар болып табылады. Полихлорлық дифенилдер Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген «Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларының» талаптарына сәйкес зертханалық тексерулер нәтижесінде 22 конденсаторда анықталған, және олар «қызыл» қауіпті деңгейге жатқызылады. Ақмола, Шығыс, Солтүстік ЖЭТ филиалдарында, құрамында ПХД қалдықтары бар қосалқы станцияларда ПХД қауіпсіз сақтау орындары белгіленген, қауіпті қызмет нысандарын міндетті экологиялық сақтандыру бойынша «Еуразия» СК» АҚ-мен шарт жасалды, қауіпті қалдықтардың паспорттары дайындалды.

Өндірістің негізгі қалдықтары – бұл жабдықтарды пайдалану, жөндеу және жаңарту процесінде пайда болатын трансформатор майы және металл сынықтары.

2015 жылы «KEGOC» АҚ бөлімшелерінде 3395 тонна қалдық пайда болды, олардың ішінде сынақ алаңдарына 1343 тонна орналастырылды, 539 тонна қалдық қайтадан пайдалану мақсаты үшін кәдеге жаратуға тапсырылды. Трансформатор майы мен металл сынықтарын мамандандырылған ұйымдар сатып-өткізді.

Компанияның суды тұтыну көлемі көп емес, себебі технологиялық процесте суды қолданбайды. Су объ-

ектілеріне және рельефке лақтырылдылар жүзеге асырылмайды. 7 филиалдың объектілерінде артезиан суымен жабдықтайтын құрылғы бар.

Ықтимал ластайтын көздер май толтырылған жабдықтар қолданылатын трансформатор майы, сонымен қатар шаруашылық қажеттіліктері үшін суды пайдалану нәтижесінде пайда болған ағынды сулар болып табылады. Май толтырылған жабдық май қабылдайтын құрылғылармен немесе табандықтармен жабдықталған, бұл майдың топыраққа түсуін болдырмайды.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша сыртқы қызметтерге жұмсалатын шығыстар 2015 жылы мынаны құрады:

- атмосфералық ауаға, топыраққа, су ресурстарына және ағын суларға мониторинг жүргізуге – 8,27 млн.теңге;
- 4 ЖЭТ филиалы бойынша экологиялық нормалау құжаттарын әзірлеуге, қауіпті қалдықтар пайдалануын әзірлеуге, экология бойынша қажетті есептерге – 2,49 млн.теңге;
- өнеркәсіп қалдықтарын кәдеге жаратуға – 8,43 млн.теңге;
- сертификаттаудың ИСО/МЭК 27001 көлемге кеңейіп ескере отырып, менеджмент жүйесін сертификаттау жөніндегі сыртқы органның ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 бойынша тексеру жүргізуіне – 17 млн.теңге.

Экологиялық менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі

Экологиялық менеджмент жүйесінің мақсаты «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатына сәйкес экологиялық көрсеткіштер бойынша нәтижелілік пен жақсаруларды қамтамасыз ету, сондай-ақ Компания қызметінің ерекшелігіне байланысты экологиялық аспектілер мен тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

«KEGOC» АҚ-дағы 2015 жылғы барлық экологиялық тәуекелдер басқарылатын жағдайда тұр, тәуекелдердің егжей-тегжейленуі «KEGOC» АҚ-ның экологиялық аспектілері тізілімінде айқындалған.

Экологиялық тәуекелдерді басқару, сонымен бірге мақсатты және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі іс-шаралар 2015 жылға арналған Экологиялық бағдарламада белгіленген және «KEGOC» АҚ-ның жыл қорытындылары бойынша орындалған. 2015 жылы «трансформатор майы», «пайдаланылған трансформатор майы» және «металл сынықтары» экологиялық аспектілері «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту, II кезең» жобасы шеңберінде май толтырылған жабдықты ауыстыруға байланысты маңызды болып табылды. Жеке мұқтаждыққа арналған трансформаторларды құрғаққа, майлы ажыратқыштарды элегаздық немесе вакуумдыққа алмастыру жүзеге асырылды. Майсыз жабдықты қолдану экологиялық

таза болып табылады, өрт қауіпсіздігі артады, жер астындағы сулар мен топырақтардың ластануын болдырмайды.

2015 жылы Компанияның барлық филиалдарында менеджменттің біріктірілген жүйесінің ішкі аудиті жүргізілген болатын, солардың қорытындылары бойынша ЖЭТ филиалдарының көптеген тексерілген объектілерінде экологиялық менеджмент жүйесі мен экологиялық талаптарына сәйкессіздік анықталған жоқ. Аздаған ескертулер белгіленген мерзімде болдырмау жөніндегі шаралар қабылданған кейбір объектілерде қалдықтарды басқаруға қатысты болды.

ИСМ сертификаттық аудиті қорытындылары бойынша 2015 жылы экологиялық менеджмент жүйесі шеңберінде компания қызметінің ИСО 14001:2004 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігі расталды.

Инвестициялық жобаларды іске асыру барысындағы табиғатты қорғау іс-шаралары

ҰЭТ-ты дамыту жөніндегі жобаларды жоспарлаған кезде электр желілік объектілерді жаңғырту және салу жөніндегі инвестициялық жобаларда техникалық тапсырмаларға жобаларды жобалау мен іске асыру кезіндегі экологиялық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар енгізіледі.

«Қазақстанның Ұлттық электр

торабын жаңғырту, II кезең» жобасы және ағымдағы инвестициялық бағдарлама шеңберінде майлы ажыратқыштарды элегаздық және вакуумдық ажыратқыштарға ауыстыру «KEGOC» АҚ-да жаңа жабдықты қолданудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Майлы ажыратқыштарды элегаздық және вакуумдықтарға, жеке мұқтаждыққа арналған трансформаторларды құрғақтыққа алмастыру электр жабдығына құйылған трансформатор майын 1706 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде «500кВ «Өскемен» ҚС-да 220кВ АТҚ ұяшықтарын қайта құру» жобасының ҚОӘБ қаралды және келісілді.

«500 кВ Екібастұз – Семей – Өскемен ӘЖ құрылысы» жобасының 4 объектісі бойынша, «Павлодар энерготорабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту» жобасының 2 объектісі бойынша ҚОӘБ бөлімдері қаралды және келісілді.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайын құру, технологиялық операцияларды орындаған кезде жарақаттануды азайту, қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайын жақсарту, зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

2015 жылы Компанияда әзірлен-

гендер:

- «KEGOC» АҚ-ның Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджмент жүйесі жөніндегі 2015 жылға арналған бағдарламасы;
- «KEGOC» АҚ 2015 жылға арналған қауіптер мен тәуекелдер тізілімі;
- «KEGOC» АҚ 2015 жылға арналған маңызды қауіптері мен тәуекелдер тізілімі.

«KEGOC» АҚ электр тораптар мен қызметкерлерінің еңбегін қорғау жұмыстарының сенімділігін артыру жөніндегі сенімділік және еңбек қорғау қызметтерінің (топтарының) жұмысын жетілдіру, проблемалық мәселелер бойынша тәжірибе алмасу мақсатында 2015 жылдың 31 наурыз – 1 сәуір аралығында мәжіліс өткізілді. Мәжіліске ЖЭТ барлық филиалдарының сенімділік және еңбек қорғау қызметтерінің (топтарының) басшылары, ЖО ҰДО Оқу-жаттығу тобының бас маман-басшысы, сондай-ақ «Энергоинформ» АҚ ТБЕКҚ басшысы қатысты.

2015 жылы еңбекті қорғауға жұмсалған нақты шығындар Компания бойынша 284,701 млн. теңгені құрады.

2015 жылы Компания қызметкерлері жоспарланған медициналық тексеруден өтті, барлық қазіргі заманғы оқыту, біліктілікті арттыру түрлерімен қамтылды. Сонымен қатар қолданыстағы нормаларға сәйкес қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, соның ішінде электр

трден қорғайтындармен, арнайы тағамдармен, дәрі-дәрімектермен, қауіпсіздік техникасына байланысты плакаттармен қамтамасыз етілді. Жұмыс процесінде зиянды факторлардың ықпалына ұшырайтын қызметкерлер олардың жұмыс орындарын зиянды еңбек жағдайының болуына аттестаттау нәтижелері бойынша нормалармен белгіленген өтемақылар алды.

Барлық филиалдарда жөндеу науқаны кезеңінде жөндеу бригадаларына жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі семинарлар, қорғаныс құралдарымен, құралдармен, такелаждармен, арнайы киімдермен қамтамасыз етілуін тексеретін аттестатау өткізілді.

«KEGOC» АҚ-ның барлық филиалдарында техникалық пайдалану, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және объектілердің өрт қауіпсіздігінің жай-күйіне мақсатты тексеру ұйымдастырылып, жүргізілді.

«Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес, 2015 жылға қызметкерлерді міндетті сақтандыру жөніндегі қызмет сатып алынды. «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіптілігімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы

заңының талаптарына сәйкес 2015 жылға осындай жауапкершілікті міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтер сатып алынды.

2015 жылы «KEGOC» АҚ филиалдарында өрт қауіпсіздігін қолдауға арналған қаржыландыру 7,733 млн. теңгені құрады.

2015 жылы «KEGOC» АҚ-та өрт қауіпсіздігінің сапасын арттыру және қолдау үшін біршама іс-шаралар атқарылды: ғимараттың ағаш құрылымдары өрттен қорғайтын құраммен өңделді, өрт сөндіргіштер қайтадан куәландырылып, қайта толтырылды, персоналмен жұмыс жоспарына сәйкес өртке қарсы, соның ішінде мемлекеттік өртке қарсы қызметпен бірлесе жаттығулар өткізілді, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамалар, өрт-техникалық минимум бойынша сабақтар өткізілді, сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырлары, өрт сөндіретін автоматты қондырғылар сыналды. Филиалдарда өрт қауіпсіздігіне алдын ала тексеру жүргізген филиалдардың бас инженерлерінің басқаруымен өрт-техникалық комиссиялар құрылды. Анықталған бұзушылықтар бойынша алдағы уақытта осындай бұзушылықтарды жою және болдырмау жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

2015 жылы Компанияда жүргізілген өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар нәтижесінде «KEGOC» АҚ объектілерінде өрт және тұтанулар болған жоқ.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жыл сайын «KEGOC» АҚ елеулі соманы демеушілік және қайырымдылық көмекке жұмсайды.

2015 жыл ішінде қайырымдылық көмекке 150,09 млн. теңге жұмсалды. Осылайша, «KEGOC» АҚ «Батыс ЖЭТ» филиалы қызметкерлерінің тарапынан табиғи апат салдарынан болған судың астында қалған үйлерді қалпына келтіру бойынша көмек көрсетілді. Компания қызметкеріне Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде емделу үшін қайырымдылық көмек берілді.

Бұдан бөлек, Компания жыл сайын «KEGOC» АҚ-ның есебінде тұрған энергетика ардагерлері мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Осылайша, «KEGOC» АҚ мен еңбек ұжымы арасында жалғалған Ұжымдық шартқа сәйкес 783 энергетик ардагерге «Энергетик күні» кәсіби мейрамын мерекелеуге орай қайырымдылық көмек көрсетілді. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ-ның есебінде тұрған 67 жұмыс істемейтін зейнеткер Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға көмек көрсетілді.

2015 жылы Тараз қаласында Қазақ хандығының 550-жылдық мерейтойын ұйымдастырып, өткізу үшін «Көне Тараз» ҚҚ-на демеушілік көмек көрсетілді.

Мақсат

7

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«KEGOC» АҚ өз қызметінде Ресей Федерациясының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының, Тәжікстан Республикасының энергия жүйелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады

Компания сонымен бірге ТМД Электр энергетикалық кеңесі сияқты халықаралық ұйымдарға, Еуразия Экономикалық одағының Еуразия экономикалық комиссиясына, Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық Кеңесіне, Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңеске, EURELECTRIC қауымдастығына, БҰҰ Еуропа Экономикалық Комиссиясының Тұрақты энергетика жөніндегі комитетіне, «Инвестициялық дауларды шешу» Энергетикалық Хартиясына және т.б. қатысады



БАСҚА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІМЕН ӨЗАРА ІС- ҚИМЫЛ

«KEGOC» АҚ өз қызметінде басқа да мына мемлекеттердің энергетикалық жүйелерімен өзара іс-қимылда болады:

- Ресей Федерациясы («БЭЖ ФСК» КАҚ, «БЭЖ СО» ААҚ, «Интер РАО» КАҚ),
- Қырғыз Республикасы («Электр станциялары» ААҚ, «Қырғызстан ҰЭТ» ААҚ),
- Өзбекстан Республикасы («Өзбекэнерго» АҚ),
- Тәжікстан Республикасы («Барки Точик» ХКАҚ).

Ресей Федерациясы

2015 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы 2009 жылғы 20 қарашадағы Үкіметаралық келісімге сәйкес «KEGOC» АҚ-ның Ресей Федерациясының контрагенттерімен 2010 жылдан бастап қатарлас жұмысты қамтамасыз етуге жасалған шарттар бойынша өзара қарым-қатынасы жалғасты. Осы шарттар Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ қатарлас жұмыс істеген кездегі тараптардың мына негізгі техникалық және қаржылық міндеттемелерін реттейді:

- Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясы электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы шарт;

- «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» КАҚ арасындағы Ресей БЭЖ-нің шекарасында Қазақстан БЭЖ электр энергиясы ағындарының нақты сағаттық мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан ауытқуларын сатып алу-сату шарттары;
- «KEGOC» АҚ желілері бойынша электр энергиясын жеткізу (транзиті) жөнінде қызмет көрсету шарты.

2015 жылы «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ААҚ арасындағы шарттар бойынша Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасындағы нақты ағын сальдосының жоспардағыдан нақты сағаттық ауытқуларын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу мен сату жүзеге асырылды.

2015 жылы «KEGOC» АҚ мен «БЭЖ ФСК» КАҚ арасында Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы бағыты бойынша «KEGOC» АҚ-ның тораптары бойынша электр энергиясы жеткізілді (транзит). «KEGOC» АҚ-ның транзит бойынша көрсеткен қызмет көлемі 3 661 538 млн. кВт·сағатты құрады.

Орталық Азия

Есепті кезеңде Орталық Азия мен Қазақстан энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы жалғасты.

2015 жылы Жүйелік Оператордың қажеттіліктері үшін 65 МВт көлемінде Орталық Азия БЭЖ-нен (Қырғызстан) алынатын қуатты реттеу жөніндегі қызмет көрсету сатып алынды.

2015 жылы Өзбекстан энергетикалық жүйесінің электр энергиясын Қазақстан БЭЖ-нен жоспардан тыс сату жүргізілген жоқ.

Есеп беру кезеңінде Орталық Азия энергетикалық жүйелерімен қатарлас жұмыстарының басқа аспектілері бойынша шарттық қатынастарын рәсімдеу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСУ

«KEGOC» АҚ халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2015 жылы мынадай жұмыстарға қатысты:

- вТМД Электр энергетикалық кеңесінің (ЭЭК) жұмысына: 47 және 48-отырыстарға, сонымен қатар ТМД Электр энергетикалық кеңесі жұмыс органдарының отырыстарына;
- Еуразиялық экономикалық одақтың (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы) Еуразиялық экономикалық комиссиясының жұмысына: ЕЭК Алқасы жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі

- консультативтік комитеттің 5-отырысына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығын қалыптастыру жөніндегі кіші комитеттің 5 және 6-отырыстарында;
- электр энергетикасы саласында ақпаратпен, инновациялық технологиялармен, білім және тәжірибе алмасу мақсатында БЭЖ ФЖК (Ресей) ынтымақтастық туралы келісімшарт жасалды;
 - Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесінің (ОА ҮЭК) жұмысына;
 - ОА ҮЭК бір отырысына (№ 23) және екі сырттай отырысына (№ 21, 22) және ОА ҮЭК Үйлестіру комиссиясының екі отырысына (№ 26, 27).
 - Бүкіләлемдік Энергетикалық Кеңестің (БЭК) жұмысына: Халықаралық Энергетикалық Агенттіктің «Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия мемлекеттеріндегі энергетикалық саясатқа шолу» жұмысы бойынша есеп беру тұсаукесеріне; БЭК-тің X Kazenergy Еуразиялық Форумы аясында өткен «Еуропаның энергетикалық дамуының өзгеруі және Орталық Азия үшін салдары» сессиясына; Энергетикалық Хартия бойынша 26-шы сессиясына.
 - EURELECTRIC қауымдастығының жұмысына; БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының

Тұрақты энергетика жөніндегі комитетінің отырысында; X Kazenergy Еуразиялық Форумы аясында өткен Энергетикалық Хартияның «Инвестициялық дауларды шешу» дөңгелек үстел жұмысында.

2015 жылы «KEGOC» АҚ-на жұмыс бабымен және бақылау миссиясымен «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанытын Алма ҚС-ны салу» (7965 KZ) жобасының жүзеге асырылуын мониторингтеу мақсатымен Халықаралық қайта құру және даму банкі өкілдері келіп кетті.

Халықаралық қайта құру және даму банкі өкілдері тарапынан жобаның мерзімінен бұрын аяқталғаны және тиімді орындалғаны ескерілді. Жоба бойынша Банкте көтерілетін барлық Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты орындалуда. Барлық заңды міндеттемелер сақталуда.

Өткізілген миссиялар аясында ХҚДБ өкілдері ағымдағы және жоспарланған жобаларды талқылау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және «KEGOC» АҚ-ның өкілдерімен кездесулер өткізді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

«KEGOC» АҚ 2015 жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС, «Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» кәсіби ұйымы мүшесінің тәуелсіз аудиторлық ұйымы жүргізді.

«KEGOC» АҚ-ның Жарғысына сәйкес, аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылады. Акционерлер жалпы жиналысы құрылғанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамасы және Жарғы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді «KEGOC» АҚ-ның Жалғыз акционері қабылдайтын. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен дауыс беруші акцияларының елуден астам пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншіктік немесе сенімгерлік құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібіне сәйкес әрекет ететін Бірыңғай комиссия берген ұсынымдар негізінде Жалғыз акционер ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС айқындалды. Аудиторлық қызметтерді сатып

алу «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беруші акцияларының елуден астам пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншіктік немесе сенімгерлік құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидасының 139-тармағына сай «бір көзден» тәсілімен жүзеге асырылды.

«2013-2015 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті» қызметтерін сатып алу туралы шарттың сомасы ҚҚС-ны есепке алғанда 38 612 млн. теңгені құрайды.

2015 жылы «Эрнст энд Янг» ЖШС «KEGOC» АҚ-ға аудиторлық қызмет көрсетулерден өзге басқа қызметтер көрсеткен жоқ.



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есетей Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есетей Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ-ның Акционерлеріне

Біз «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі мәтін бойынша – «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараты жатады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Топ басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз жүргізілген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті шоғырландырылған қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындау жатады. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитордың тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажетті аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ, аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіруге жеткілікті әрі тиісінше деп санаймыз.

**Пікір**

Біздің ойымызша шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ-ның және оның еншілес компанияларының 2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Пол Кон
Аудит жөніндегі серіктес

Адилъ Сыздықов
Аудитор



Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№МФ-0000172 біліктілік куәлігі

2016 жылғы 3 наурыз

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы
15 шілдеде берілген

Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп

(2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|---------------|----------------------------|----------------------------|
| АКТИВТЕР | | | |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР | | | |
| Негізгі құралдар | 7 | 478.699.792 | 477.443.676 |
| Материалдық емес активтер | | 1.036.367 | 1.044.908 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | 7 | 1.939.241 | 425.016 |
| Басқа да қаржылық активтер | 11 | 5.968.419 | 3.706.710 |
| Кейінге қалдырылған салықтық активтер | 26 | 2.839 | 683 |
| Қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар | 8 | 266.815 | 282.165 |
| Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер | 27 | 1.320.245 | 154.403 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | | 24.496 | 40.379 |
| | | 489.258.214 | 483.097.940 |
| АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР | | | |
| Қорлар | 9 | 1.982.353 | 2.030.045 |
| Сауда-саттық дебиторлық берешек | 10 | 23.431.376 | 14.671.787 |
| Өтеуге арналған ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдер | | 295.619 | 3.616.172 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 2.902.770 | 1.365.474 |
| Басқадай қаржылық активтер | 11 | 65.572.190 | 28.864.716 |
| Пайдалануы шектелген ақшалай қаражат | 12 | 2.349.629 | 2.042.349 |
| Басқадай ағымдағы активтер | 13 | 352.190 | 277.435 |
| Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары | 14 | 9.030.762 | 13.962.123 |
| | | 105.916.889 | 66.830.101 |
| Сатуға арналған активтер | 6 | 161.511 | – |
| БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР | | 595.336.614 | 549.928.041 |

Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|---------------|----------------------------|----------------------------|
| КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| КАПИТАЛ | | | |
| Жарғылық капитал | 15 | 126.799.554 | 126.799.554 |
| Активтерді қайта бағалау резервтері | 15 | 221.297.751 | 221.756.419 |
| Басқадай резервтер | 15 | (170.701) | (170.701) |
| (Жиналған шығын) /бөлінбеген пайда | | (6.949.990) | 11.392.194 |
| | | 340.976.614 | 359.777.466 |
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Қарыздар | 16 | 149.139.660 | 94.714.528 |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер | 26 | 64.677.142 | 66.791.645 |
| | | 213.816.802 | 161.506.173 |
| АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Сауда-саттық және басқа да кредиторлық берешек | 18 | 13.525.144 | 11.994.310 |
| Қарыздар | 16 | 22.090.879 | 12.881.885 |
| Құрылыс бойынша міндеттемелер | 17 | 683.430 | 683.430 |
| Төлем дивиденттері | 15 | 2.199.600 | – |
| Алынған аванстар | | 751.166 | 1.024.565 |
| Табыс салығынан өзге басқа да салықтар бойынша берешек | | 559.515 | 605.849 |
| Табыс салығы бойынша берешек | | 4.577 | 11.342 |
| Басқа да ағымдағы міндеттемелер | 19 | 728.887 | 1.443.021 |
| | | 40.543.198 | 28.644.402 |
| БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | 254.360.000 | 190.150.575 |
| БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | 595.336.614 | 549.928.041 |
| Бір жай акцияның теңгерімдік құны (теңгемен) | 15 | 1.307 | 1.380 |

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылға

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|---------------|--------------------|-------------------|
| Кірістер | 20 | 110.061.459 | 93.519.759 |
| Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны | 21 | (75.542.604) | (74.216.341) |
| ЖАЛПЫ ПАЙДА | | 34.518.855 | 19.303.418 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 22 | (8.564.705) | (13.380.998) |
| Сату бойынша шығыстар | | (174.438) | (164.773) |
| Құнсызданудан болған залал /қалпына келтіру | | 5.353 | (157.775) |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған кіріс | 4 | – | 14.250.162 |
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПАЙДА | | 25.785.065 | 19.850.034 |
| Қаржылық кіріс | 23 | 3.876.505 | 1.894.805 |
| Қаржылық шығыстар | 23 | (4.788.997) | (4.332.763) |
| Теріс бағамдық айырмашылық, нетто | 24 | (35.739.224) | (7.510.748) |
| Қауымдастырылған компанияның пайдасындағы үлесі | 6, 8 | 110.121 | 106.429 |
| Басқа да кірістер | 25 | 1.086.740 | 1.863.398 |
| Басқа да шығыстар | | (277.281) | (291.468) |
| САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА/(ЗАЛАЛ) | | (9.947.071) | 11.579.687 |
| Пайда салығы бойынша жеңілдіктер/(шығыстар) | 26 | 2.167.498 | (2.963.667) |
| БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА/(ЗАЛАЛ) | | (7.779.573) | 8.616.020 |
| АКЦИЯЛАРҒА ТҮСКЕН ПАЙДА | | | |
| Негізгі компанияның жай акцияларын ұстаушыларға шаққанда есептік кезеңдегі негізгі пайда / (залал) (теңге) | 15 | (29,92) | 39,09 |
| БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА/(ЗАЛАЛ) | | (7.779.573) | 8.616.020 |

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|---------------|--------------------|--------------|
| БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС | | | |
| <i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс:</i> | | | |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған кірістер | | – | 138.887.289 |
| Салықтың пайдаға әсері | | – | (27.777.458) |
| ПАЙДА САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢДЕРДЕ ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ҚҰРАМЫНА ҚАЙТА ЖІКТЕУГЕ ЖАТПАЙТЫН БАСҚА ДА ТАЗА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС | | – | 111.109.831 |
| ПАЙДА САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС | | – | 111.109.831 |
| БАРЛЫҒЫ ПАЙДА САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕ БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС / ЗАЛАЛ | | (7.779.573) | 119.725.851 |

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылға

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|---------------|----------------------------|----------------------------|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | | |
| Салық салуға дейінгі пайда/(залал) | | (9.947.071) | 11.579.687 |
| САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДАНЫ/ШЫҒЫНДЫ ТАЗА АҚША АҒЫНДАРЫМЕН САЛЫСТЫРУ ҮШІН ТҮЗЕТУ | | | |
| Тозу және амортизация | | 22.420.041 | 19.058.763 |
| Қаржылық шығыстар | 23 | 4.788.997 | 4.332.763 |
| Бағамдық айырмашылық бойынша шығыстар, нетто | | 45.952.373 | 8.147.718 |
| Күмәнді сауда-саттық және басқадай дебиторлық берешек пен басқадай ағымдағы активтер бойынша резервтер есептеу/қалпына келтіру | 22 | (1.969.605) | 2.673.958 |
| Тозған қорларға резерв есептеу | 22 | 80.681 | 155.069 |
| Сатуға арналған активтерді қайта бағалаудан болатын залалдар | | 481 | – |
| Сатуға арналған активтерді сатудан түскен пайда | | (214.488) | – |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің істен шығуынан болған залалдар | | 239.545 | 272.453 |
| Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған кіріс | | – | (14.250.162) |
| Сатып алушыдан түскен негізгі құралдарды тапсырудан келетін кіріс | | – | (1.616.399) |
| Қаржылық кіріс | 23 | (3.876.505) | (1.894.805) |
| Аяқталмаған құрылысқа резерв есептеу/(қалпына келтіру) | | (5.353) | 157.775 |
| Қауымдастырылған компанияның пайдадағы үлесі | 6, 8 | (110.121) | (106.429) |

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|---------------|----------------------------|----------------------------|
| АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫНА ТҮЗЕТУ | | | |
| Қорлардағы өзгеріс | | (32.989) | (268.227) |
| Сауда-саттық дебиторлық берешектегі өзгеріс | | (6.549.880) | (9.264.504) |
| Басқа да салықтар бойынша өтеуге және алдын ала төлеуге салынатын ҚҚС-ға өзгеріс | | 3.320.553 | (798.420) |
| Басқа да ағымдағы активтердегі өзгерістер | | (30.129) | 159.831 |
| Сауда-саттық және басқа да кредиторлық берешектің өзгеруі | | (597.441) | 2.115.684 |
| Алынған аванстардың өзгеруі | | (273.399) | 234.681 |
| Пайда салығынан басқа салықтар бойынша берешектің өзгеруі | | (277.921) | (102.695) |
| Басқа да ағымдағы активтердегі өзгерістер | | (705.175) | 230.954 |
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ | | 52.212.594 | 20.817.695 |
| Төленген пайыздар | | (4.096.789) | 3.553.306 |
| Төленген табыс салығы | | (1.072.964) | 48.828 |
| Алынған пайыздар | | (2.932.699) | (1.214.999) |
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ТАЗА АҚША АҒЫНДАРЫ | | 49.975.540 | 18.430.560 |

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

| Мың теңге | ЕСКЕРТ- ПЕ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|---------------|----------------------------|----------------------------|
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | | |
| Депозиттік шоттардан ақша алу | | 28.500.146 | 19.013.283 |
| Депозиттік шоттарды толықтыру | | (38.605.228) | (28.306.613) |
| Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаттарындағы өзгеріс | | 1.267.838 | (190.689) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсім | | 1.632 | 73.376 |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | (23.742.222) | (22.171.998) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (134.896) | (419.847) |
| Балалар бақшасының құрылысына төленген қаражаттар | | (185.337) | (375.905) |
| Қызметкерлерге берілген қарыз қаражаттарының өтелуі | | 27.194 | 24.323 |
| Қауымдасқан компаниядан бөлу | | – | 44.710 |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ | | (32.870.873) | (32.309.360) |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ | | | |
| Акциялар шығарылымынан түскен түсім | 15 | – | 13.129.999 |
| Акцияларды шығару бойынша консультациялық қызметке ақы төлеу | | – | (90.561) |
| Дивидендтер төлеу | 15 | (8.858.003) | – |
| Қарыздарды өтеу | | (14.194.528) | (10.951.764) |
| Қарыздар алу | | – | 13.592.683 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ (ПАЙДАЛАНЫЛҒАН) / ОДАН ТҮСКЕН ТАЗА АҚША АҒЫНДАРЫ | | (23.052.531) | 15.680.357 |
| АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ТАЗА ӨЗГЕРІС | | (5.947.864) | 1.801.557 |
| Таза бағамдық айырмашылық | | 1.016.503 | 433.011 |
| 1 қаңтардағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары | | 13.962.123 | 11.727.555 |
| 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ | 14 | 9.030.762 | 13.962.123 |

Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылға арналған

| Мың теңге | ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ | АКТИВТЕРДІ ҚАЙТА БАҒАЛАУ РЕЗЕРВІ | БАСҚАДАЙ РЕЗЕРВТЕР | БӨЛІНБЕ- ГЕН ПАЙДА (ЖИНАЛҒАН ЗАЛАЛ) | ЖИНЫ |
|--|---------------------|---|-----------------------|--|--------------|
| 2014 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРҒА | 107.245.972 | 110.878.954 | (170.701) | 3.227.238 | 221.181.463 |
| Жыл бойынша табыс | – | – | – | 8.616.020 | 8.616.020 |
| Пайда салығын шегеріп та- стағанда негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс (7-ескертуге) | – | 111.109.831 | – | – | 111.109.831 |
| БАРЛЫҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС | – | 111.109.831 | – | 8.616.020 | 119.725.851 |
| Активтерді қайта бағалау ре- зервін көшіру (15-ескертуге) | – | (232.366) | – | 232.366 | – |
| Акциялар шығарылымы (15-ескертуге) | 20.246.150 | – | – | – | 20.246.150 |
| Акцияларды шығаруға байланы- сты консультациялық қызмет- тердің шығыны (15-ескертуге) | (692.568) | – | – | – | (692.568) |
| Акционерге тарату (17-ескертуге) | – | – | – | (683.430) | (683.430) |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА | 126.799.554 | 221.756.419 | (170.701) | 11.392.194 | 359.777.466 |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРҒА | 126.799.554 | 221.756.419 | (170.701) | 11.392.194 | 359.777.466 |
| Жылдық залал | – | – | – | (7.779.573) | (7.779.573) |
| БАРЛЫҒЫ ЖИЫНТЫҚ ЗАЛАЛ | – | – | – | (7.779.573) | (7.779.573) |
| Дивидендтер (15-ескертуге) | – | – | – | (11.057.800) | (11.057.800) |
| Активтерді қайта бағалау ре- зервін көшіру (15-ескертуге) | – | (458.668) | – | 458.668 | – |
| Қауымдастырылған компанияның капиталдағы басқа өзгерістері | – | – | – | 36.521 | 36.521 |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА | 126.799.554 | 221.297.751 | (170.701) | (6.949.990) | 340.976.614 |



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕГЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес бұрынғы «Қазақстанэнерго» Ұлттық энергетикалық жүйесінің активтер бөлігін тапсыру жолымен құрылды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады (90 пайыз плюс бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында тұр.

2014 жылғы 19 желтоқсанда Ком-

пания «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Қор Биржасында бір акцияға 505 теңге бағасы бойынша 25.999.999 акция (10 пайыз минус бір акция) орналастырды.

KEGOC Қазақстанда электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындағын жүйелік оператор ретінде Компания орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді қолдауды, жүйелік қызмет көрсету мен электр энергиясының көтерме сауда на-

рығының субъектілерінен қосымша қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр торабы (ҰЭТ) бойынша жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсету мен пайдалануға дайындығын қолдауды жүзеге асырады. ҰЭТ қосалқы станциялардан, тарату құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері мен электр станцияларының кернеуі 220 киловольт және одан жоғары электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр жеткізу желілерінен тұрады.

2015 жылғы 31 желтоқсан мен 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның мынадай компанияларда қатысу үлестері болды:

| КОМПАНИЯ | ҚЫЗМЕТІ | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|--|----------------------------|----------------------------|
| «Энергоинформ» АҚ | KEGOC қызметін ақпараттық қамтамасыз ету | 100% | 100% |
| «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС | Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу және сату | 100% | 100% |

Компания және оның еншілес ұйымдары бұдан әрі бірге «Топ» деп аталады.

Топтың қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №272-І Заңымен реттеледі, себебі ол электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласындағы табиғи монополист болып табылады. Заңға сәйкес Топтың электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге белгіленген тарифтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекітеді (бұдан әрі – «Комитет»).

Компанияның Бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік көш., 59-ғимарат мекенжайы бойынша тіркелген.

Қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептемені 2016 жылғы 3 наурызда Компанияның Басқарма төрағасының міндетін атқарушысы мен Бас бухгалтері шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕМЕНИ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі Халықаралық қаржылық есептеме стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес Халықаралық қаржылық есептеме стандарттары жөніндегі кеңес («ХҚЕС бойынша кеңес») бекіткен редакцияда даярланды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептеме есепке алу саясаты мен осы шоғырландырылған қаржылық есептемеге ескертпелерде көрсетілгендей, қайта бағаланған құн бойынша көрсетілген негізгі құралдар мен әділ құны бойынша бағаланатын сату үшін қолда бар қаржылық активтердің кейбір сыныптарын қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидаттарына сәйкес дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептеме теңгемен ұсынылды, ал барлық сомалар басқасы көрсетілген жағдайлардан басқа тұтас мыңға дейін дөңгелектелді.

Шоғырландыру негіздері

Шоғырландырылған қаржылық есептеме Компания мен оның еншілес ұйымдарының 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептемесін қамтиды. Бақылау, егер Топ инвестиция объектісіне қатысудан түскен табысқа байланысты тәуекелдерге ұрына-тын немесе осындай табысты алуға

құқығы бар, сонымен қатар инвестициялардың объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде табысқа әсер ету мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ төмендегі талаптар орындалған жағдайда ғана инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты уәкілеттіктері болса (яғни, инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолданыстағы құқықтар);
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысудан болған айнымалы табыстарына байланысты тәуекелдерге ұшырау мүмкіндігінің немесе осындай табысты алу құқығы болса;
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру көмегімен табысқа әсер ету мүмкіндігі болса.

Әдетте, дауыс беру құқығының басым көпшілігі бақылаудың болуын негіздейді деп пайымдалады. Осындай ұйғарымды растау үшін және Топтың басым көпшіліктен аз дауыс беру құқықтары немесе инвестициялар объектісіне қатысты ұқсас құқықтары болса, Топ аталған инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен себептерді есепке алады:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқығына ие басқа тұлға-

лармен келісу;

- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа жататын ықтимал дауыс беру құқығы.

Топ, егер фактілер мен себептер бақылаудың бір немесе бірнеше үш құрамдас бөлігінің бірнешеуі өзгергені туралы куәландырса, инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуына қайта талдау жасайды. Еншілес компанияны шоғырландыру Топ еншілес компанияны бақылауға алған кезде басталады және Топ еншілес компанияға бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Еншілес компанияның жыл ішінде сатып алынған және істен шыққан активтері, міндеттемелері, табыстары мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық табыс туралы есепке енгізіледі және Топтың еншілес компанияға бақылауды жоғалтқан күнге дейін көрсетеді.

Пайда немесе залал және басқармай жиынтық табыстың (БЖТ) әрбір құрамдас бөлігі, егер бақылаудағы емес қатысу үлестеріндегі теріс сальдоға әкеп соққан жағдайда да, Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болған жағдайда еншілес компаниялардың қаржылық есептемесі осындай компаниялардың есепке алу саясатын Топтың есепке алу саясатына сәйкестендіру үшін түзету енгізіледі. Барлық топ ішілік активтер мен

міндеттемелер, капитал, табыстар, шығыстар және Топтың ішкі операцияларын жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын ақшалай ағындар шоғырландырған кезде толығымен алынып тасталады.

Еншілес компаниядағы қатысу үлесін бақылауды жоғалтпай өзгерту капиталмен жүргізілетін операция ретінде есепке алынады. Егер Топ еншілес компанияны бақылауды жоғалтса, ол:

- Еншілес компанияның активтері мен міндеттемелерін (соның ішінде соған жатқызылатын гудвилді) мойындауды тоқтатады;
- Бақыланбайтын қатысу үлестерінің теңгерімдік құнын мойындауды тоқтатады;
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындауды тоқтатады.
- Алынған сыйақының әділ құнын таниды;
- Қалған инвестициялардың әділ құнын таниды;
- Операция нәтижесінде пайда немесе залал құрамындағы артылған қаражатты немесе тапшылықты таниды;
- Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей істен шығуын жүзеге асырған болса, Басты компанияның бұрын ЖСҚ құрамында танылған құрамдас бөлігіндегі қатысу үлесін ХҚЕС нақты талаптарына сәйкес пайда немесе залал немесе бөлінбеген пайда құрамына қайта жіктейді.

3. ЕСЕПКЕ АЛУ САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, түсіндірулер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептемені жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2015 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін күшіне енген стандарттар мен интерпретацияларға түзетулерді қоспағанда, 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған жылдық қаржылық есептемесін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірулер мен түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

ХБЕС (IAS) 19 түзетулер «Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары: қызметкерлердің жарналары»

ХБЕС (IAS) 19 белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламаларын есепке алу кезінде ұйымның қызметкерлердің немесе үшінші тараптардың жарналарын ескеруін талап етеді. Егер жарналар қызметтерге байланысты болған жағдайда, олар теріс сыйақы ретінде қызмет көрсету кезеңдеріне жатқызылады. Түзетулер, егер жарналар сомасы жұмыс өтіліне байланысты емес болса, ұйымдар жарналарды қызмет көрсету кезеңіне жатқызудың

орнына, осындай жарналарды тиісті қызмет көрсетілген кезеңде қызмет құнын азайту ретінде мойындауға құқылы. Түзету 2014 жылдың 1 шілдесінен немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енді. Бұл түзетулер Топқа әсерін тигізбейді, себебі Топ ұйымдарының бірде біреуінің қызметкерлерден немесе үшінші тараптардан белгіленген жарна төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары жоқ.

ХҚЕС-ты жыл сайынғы жетілдіру, 2010-2012жж. аралығындағы кезең

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді және Топтың қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Құжат мынадай түзетулерді қамтиды:

ХҚЕС (IFRIC) 2 «Акцияларға негізделген төлемдер»

Бұл түзету перспективті түрде қолданылады және нәтижелерге қол жеткізу шартының және құқық белгілеу талаптары болып табылатын қызмет көрсету кезеңі шартының анықтамаларына байланысты әртүрлі мәселелерді түсіндіреді:

- Нәтижелерге қол жеткізу шарты қызмет көрсету кезеңінің шартын қамтуы тиіс;
- Нысаналы көрсеткішке контрагент қызмет көрсеткен уақытта қол жеткізілуі тиіс;
- Нысаналы көрсеткіш осы топтың құрамында ұйымның немесе басқа ұйымның қызметіне жатқызылуы мүмкін;

- Нәтижелерге қол жеткізу шарты нарықтық немесе нарықтық емес талаптар болуы мүмкін;
- Егер контрагент қайсыбір себептер бойынша құқық берілген кезең ішінде қызмет көрсетуді тоқтатса, қызмет көрсету кезеңінің шарты орындалмайды.

ХҚЕС (IFRIC) 3 «Бизнесті біріктіру» стандартына түзету

Түзету перспективті түрде қолданылады және бизнесті біріктіруге негізделген міндеттемелер (немесе активтер) түрінде жіктелген шартты сыйақылар туралы барлық келісімдер нәтижесінде ХҚЕС (IFRIC) 9 (немесе ХБЕС (IAS) 39, егер қолданылатын болса) стандартын қолдану саласына жататынына қарамастан пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалануы тиіс.

ХҚЕС (IFRIC) 8 «Операциялық сегменттер» стандартына түзетулер

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және мыналарды нақтылайды:

- Ұйым ХҚЕС (IFRIC) 8 стандартының 12-тармағында біріктіру критерийлерін, сонымен қатар осындай түрде біріктірілген операциялық сегменттердің қысқаша сипаттамасын және біріктірілген операциялық сегменттердің ұқсас экономикалық сипаттамалары бар деген тұжырымды жасаған кезде бағаланған экономикалық индикаторларды (мысалы, сату, жаппай маржа)

қолданған пікірлер туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс;

- Сегмент активтері мен жиынтық активтерді салыстыру туралы ақпарат салыстырма сегмент міндеттемелері бойынша ашылатын ақпаратқа ұқсас операциялық шешім қабылдайтын басшылыққа ұсынылған жағдайда ғана ашылады.

ХБЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» және ХБЕС (IAS) 38 «Материалдық емес активтер» стандартына түзетулер

Түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және актив жалпы немесе таза теңгерімдік құн бойынша қадағаланатын деректерге негізделі отырып, қайта бағаланатынын ХБЕС (IAS) 16 және ХБЕС (IAS) 38 шеңберінде түсіндіреді. Сонымен қатар, жинақталған амортизация активтің жалпы және теңгерімдік құны арасындағы айырма болып табылады.

ХБЕС (IAS) 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» стандартына түзету

Түзету ретроспективті түрде қолданылады және басқарушы ұйымның (негізгі басқарушылық персонал қызмет көрсететін ұйым) байланысты тарап болып табылатындығын және оған, байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптардың қолданылатындығын түсіндіреді. Сонымен қатар, басқарушы компанияның қызметін пайдаланатын

ұйым басқару жөніндегі қызметтерді тұтынуға байланысты көтерген шығыстар туралы ақпаратты ашып көрсетуі тиіс.

ХҚЕС-ты жыл сайынғы жетілдіру, 2011-2013 жж. аралығындағы кезең

Бұл түзетулер 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді және Топтың қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер етпеді. Құжат мынадай түзетулерді қамтиды:

ХҚЕС (IFRIC) 3 «Бизнесі біріктіру» стандартына түзету

Түзету перспективалы түрде қолданылады және ХҚЕС (IFRIC) 3 қолдану саласының мынадай ерекшеліктерін түсіндіреді:

- ХҚЕС (IFRIC) 3 стандартын қолдану саласына бірлескен кәсіпорындар ғана емес, бірлескен кәсіпкерлік туралы барлық келісімдер кірмейді;
- Қолдану саласынан бұл ерекшелік тек бірлескен кәсіпкерлік туралы келісімнің қаржылық есептемесіндегі есепке алуға қатысты ғана қолданылады.

ХҚЕС (IFRIC) 13 «Әділ құнын бағалау» стандартына түзету

Түзету перспективалы түрде қолданылады және ХҚЕС (IFRIC) 13 стандартындағы портфельге қатысты ерекшелік қаржылық активтерге және қаржылық міндеттемелерге ғана емес, сонымен қатар ХҚЕС (IFRIC) 9 (немесе ХБЕС (IAS) 39, қолданылатын болса) қолдану саласына түсетін басқа шарттарға қатысты да қолданылады.

ХБЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік» стандартына түзету

ХБЕС (IAS) 40 қосалқы қызметтердің сипаттамасы инвестициялық жылжымайтын мүлікті және меншік иесі иеленетін (яғни, негізгі құралдар) жылжымайтын мүлікті межелейді. Түзету перспективалы түрде қолданылады және операция туралы анықтау үшін ХБЕС (IAS) 40 стандарты емес, ХҚЕС (IFRIC) 3 стандарты қолданылатынын түсіндіреді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Топтың қаржылық есептемесін шығарған күні күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірулер келтірілген. Топ осы стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

ХҚЕС 9 «Қаржылық құралдар»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі Кеңес ХҚЕС 9 «Қаржы құралдар» стандартының соңғы нұсқасын жариялады, онда қаржы құралдары бойынша жобаның барлық кезеңдерін көрсетілген және БЕХС 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» стандартын және ХҚЕС 9 стандартының бұрынғы барлық нұсқаларын ауыстырады. Стандарт жіктеу және бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу үшін жаңа талаптар енгізеді. ХҚЕС 9 стандарты 2018

жылдың 1 қаңтарынан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер бастапқы қолданылатын күн 2015 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңге сай келетін жағдайда ХҚЕС 9 (2009, 2010 және 2013 жылдар) бұрынғы нұсқаларын ретроспективті қолдануға рұқсат беріледі. ХҚЕС 9 қолдану Топтың қаржылық активтерін жіктеу мен бағалауға әсер етеді, бірақ Топтың қаржылық міндеттемелерін жіктеу мен бағалауға әсер етпейді.

ХҚЕС 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімдер»

ХҚЕС (IFRS) 15 стандарты 2014 жылғы мамыр айында шығарылды және клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын бес кезеңді қамтитын жаңа үлгіні көздейді. ХҚЕС (IFRS) 15 стандартына сәйкес түсім ұйым клиентке тауарларды немесе қызметтерді табыс етудің орнына алу құқығын күтетін өтемді көрсететін сома бойынша танылады. ХҚЕС (IFRS) 15 қағидаттары түсімдерді мойындауға және бағалауға деген анағұрлым құрылымдық тәсілді көздейді. Түсім жөніндегі жаңа стандарт барлық ұйымдарға қатысты қолданылады және ХҚЕС сәйкес түсімдерді мойындауға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарды алмастырады.

Стандарт 2017 жылдың 1 қаңта-

рынан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есептік кезеңге қатысты толық көлемде ретроспективті түрде немесе түрлендірілген ретроспективтік тәсілді қолданумен қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі. Қазіргі уақытта Топ ХҚЕС (IFRS) 15 әсерін бағалауда және күшіне енетін тиісті күнге жаңа стандарт қабылдауды жоспарлауда. Лизинг беруші жіктеуді ХБЕС (IAS) 17 өлшемдері бойынша жасау керек.

ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмалардың шоты»

ХҚЕС 14 қызметі тарифтік реттеуге жататын ұйымдарға ХҚЕС алғаш пайдаланғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттары бойынша қалдықтарға қатысты өздері қолданатын қолданыстағы есепке алу саясаты қағидаттарының басым көпшілігін қолдануға мүмкіндік беретін міндетті стандарт болып табылады. ХҚЕС 14 қолданатын ұйымдар кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтар шотын қаржылық жағдай туралы есептемеде жеке ұстаным ретінде көрсетуі, ал осындай қалдықтар бойынша қозғалыстарды – пайдалар немесе залалдар және басқа да жиынтық табыс туралы есептемеде жеке ұстаным ретінде көрсетуі тиіс. Стандарт ұйымның тарифтерді реттеу сипаттамасы және олармен байланысты тәуекелдер, сонымен қатар осындай реттеудің оның қаржылық есептемесіне

тигізетін әсері туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. ХҚЕС 14 2016 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ ХҚЕС-ке сәйкес өз есептемесін дайындайтындықтан, бұл стандарт оның қаржылық есептемесіне қолданылмайды.

ХҚЕС 11 «Бірлескен қызмет» – «Бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу» түзетулері

ХҚЕС 11 бірлескен операцияларға қатысушы бизнес бірлестіктерін есепке алу үшін ХҚЕС (IFRIC) 3 тиісті қағидаттарына сәйкес қызметі өз алдына бизнесті білдіретін бірлескен операцияға қатысу үлесін сатып алудың есепке алынуын талап етеді. Егер бірлесе бақылау сақталатын болса, түзетулер сондай-ақ бірлескен операциядағы бұрынғы қатысу үлестері сол бірлескен операцияда қосымша үлестерді сатып алу кезінде қайта бағаланбайтынын нақтылайды. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRIC) 11 стандартына қолдану саласының ерекшелігі енгізілді, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) белгілі-бір түпкілікті бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, оған сәйкес аталған түзетулер қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операцияда бастапқы үлесті сатып алуға да және сол бірлескен операцияда қосымша үлесті сатып алуға да қатысты қолданылады және 2016

жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективалық түрде күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Осы түзетулер Топтың қаржылық есептемесіне әсер етпейді деп күтілуде.

ХБЕС (IAS) 16 және ХБЕС 38 «Амортизациялаудың ыңғайлы әдістерін нақтылау» түзетулері

Түзетулер ХБЕС 16 мен ХБЕС (IAS) 38 қағидаттарын түсіндіреді, олардың мәні табыс активті қолдану шеңберінде қолданылатын экономикалық пайданы емес, қызмет нәтижесінде экономикалық пайда құрылымын (актив оның бір бөлігі болып табылады) көрсететінінде. Соның нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдарды амортизациялау үшін сирек жағдайда ғана қолданылады. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты перспективалық түрде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Топтың қаржылық есептемесіне әсер етпейді, себебі Топ өзінің айналымнан тыс активтерін амортизациялау үшін түсімге негізделген әдісті қолданбады.

ХБЕС (IAS) 16 және ХБЕС (IAS) 41 «Ауыл шаруашылығы: жеміс беретін өсімдіктер» стандартына түзетулер

Түзетулер жеміс беретін өсімдік-

тер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сәйкес жеміс беретін өсімдіктер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан былай МСФО (IAS) 41 стандартын қолдану саласына жатпайды. Оның орнына МСФО (IAS) 16 стандарты қолданылды. Бастапқы танылғаннан кейін жеміс беретін өсімдіктер жинақталған нақты шығындар бойынша (піскенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделін немесе қайта бағаланған құн бойынша (піскеннен кейін) есепке алу моделін қолданумен МСФО (IAS) 16 стандартына сай бағаланады. Түзетулер сонымен қатар, жеміс беретін өсімдіктер өнімі бұрынғыдай МСФО (IAS) 41 қолдану саласында қалатынын және сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Жеміс беретін өсімдіктерге жататын мемлекеттік субсидияларға қатысты МСФО (IAS) 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» стандарты қолданылатын болады. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті түрде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі. Түзетулер Топтың қаржылық есептемесіне әсер етпейді деп күтілуде, себебі Топта жеміс беретін өсімдіктер жоқ.

ХБЕС (IAS) 27 «Жеке қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі» стандартына түзетулер

Түзетулер ұйымдарға жекелеген қаржылық есептемеде еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және бағынысты ұйымдарға салынатын инвестицияларды есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін қолдануға рұқсат береді. ХҚЕС-ты қолданатын және өз жекелеген қаржылық есептемесінде үлестік қатысу әдісіне көшу туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерісті ретроспективті түрде қолдануы тиіс болады. ХҚЕС бірінші рет қолданатын және өз жекелеген қаржылық есептемесінде үлестік қатысу әдісіне көшу туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ХҚЕС-қа көшкен күннен бастап қолдануға міндетті.

Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесіне әсер етпейді.

ХҚЕС-ты жыл сайынғы жетілдіру, 2012-2014жж. аралығындағы кезең

Бұл түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Топтың басшылығы бұл кезде түзетулер Топтың қаржылық есептемесіне айтарлықтай әсер ететінін бағалау процесінде болады. Құжат мынадай түзетулерді қамтиды:

- ХҚЕС 5 «Есептен шығару әді-

стеріндегі өзгерістер»;

- ХҚЕС 7 «Қызмет көрсетуге жасалған келісімшарттар»;
- ХҚЕС 7 «Қысқартылған аралық қаржылық есептемеге ХҚЕС 7 қолданылатын түзетулері»;
- ХҚЕС 19 «Нарықтың өңірлік проблемалары»;
- ХҚЕС 34 «Ақпаратты «қаржылық есептіліктің қайсыбір жерінде» ашып көрсету».

Активтерді және міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Топтың қаржылық жағдайы туралы есепте активтер мен міндеттемелерді оларды ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу негізінде көрсетеді. Активтер келесі жағдайда ағымдағы болып табылады:

- оны сату болжамдалған болса немесе ол әдеттегідей операциялық цикл шеңберінде сату немесе тұтыну үшін тағайындалса;
- ол негізілген сауда-саттық мақсаты үшін тағайындалса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде сату болжамдалған болса;
- немесе ол міндеттемелерді өтеу үшін қолдануға немесе оны айырбастауға шектеулер болған жағдайды қоспағанда, ақшалай қаражатты немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді болып жіктеледі.

Міндеттеме келесі жағдайларда

ағымдағы болып табылады:

- оны әдеттегідей операциялық цикл шеңберінде өтеу ұйғарылса;
- ол негізінен сауда-саттық мақсаттары үшін ұсталып тұратын болса;
- ол есептік кезең аяқталғаннан кейін жиырма айдың ішінде өтелуге жататын болса;
- компанияда есептік кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде жиырма айдың ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдырудың сөзсіз құқығы жоқ.

Топ барлық басқа да міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ сату үшін қолда бар қаржылық активтер сияқты қаржылық құралдарды әрбір есепті күнге әділ құны бойынша және қаржылық емес активтерді (ҰЭТ құрылыстары) олардың әділ құны бойынша, олардың әділ құны қалдық сомасынан айтарлықтай ерекшеленген жағдайда бағалайды. Амортизациялау құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдардың әділ құны туралы ақпарат 28-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн активті сатқаны үшін алынған немесе бағалау күнгі нарық

қатысушылары арасында әдеттегідей тәртіппен жасалатын мәмілелер шеңберінде міндетемелерді табыс ету үшін төленген баға болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндетемелерді табыс ету жөніндегі мәміле төмендегілерге байланысты өткізіледі деп болжайды:

- аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- немесе аталған актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта негізгі нарықтың болмауы жағдайында.

Топтың негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа рұқсаты болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдалана алатын ұйғарындарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің жоғары мүдделері үшін әрекет жасай алады деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайда алу немесе активті ең үздік және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы немесе оны нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде аталған активті ең үздік және неғұрлым тиімді пайдалану мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайларда тиімді болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын осындай бағалау әдістемесін қолданады,

бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдалана отырып және қадағаланбайтын шығыс деректерін аз қолдана отырып пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептемеде бағаланатын немесе ашып көрсетілетін, тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құн көздерінің иерархиясынан төмен сипатталған шеңберде жіктелетін барлық активтер мен міндеттемелер:

- 1-деңгей – Бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша актив нарығында нарықтық баға белгілеу (қандай да болмасын түзетулерсіз);
- 2-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның анағұрлым төменгі деңгейіне жататын шығыс деректер нарықта тікелей немесе жанама қадағаланатын бағалау моделі;
- 3-деңгей – Әділ құнды бағалау үшін маңызды неғұрлым иерархияның төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта қадағаланбайтын бағалау моделі.

Қаржылық есептемеде мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Топ әр есептік кезеңнің соңында жіктемені қайта бағалай отырып (тұтастай алғанда әділ құнын бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі шығыс дерек-

тер негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында оларды ауыстыру қажеттілігін анықтайды.

Топтың қаржы жөніндегі басшылығы саясат пен рәсімдерді ҰЭТ құрылыстары мен сату үшін қолда бар бағасы белгіленбейтін қаржылық активтердің әділ құнын мерзімді бағалау үшін де, сондай-ақ онда қолданылатын активтердің әділ құнын бір реттік бағалау үшін саясат пен рәсімдерді анықтайды.

ҰЭТ құрылыстарының құнын бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын қаржы жөніндегі басшы қабылдайды. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, беделі, тәуелсіздігі мен кәсіби стандарттарға сәйкестігі қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен мәселені талқылағаннан кейін қаржы жөніндегі басшы әрбір жағдайда қандай бағалау әдістемесі мен қажетті бастапқы деректерді пайдаланатыны жөнінде шешім қабылдайды.

Қаржы жөніндегі басшылық әрбір есепті кезеңге Топтың есепке алу саясатына сәйкес қайта талдауды және қайта бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістеріне талдау жасайды. Осындай талдау шеңберінде қаржы жөніндегі басшылық соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді бағалау кезінде пайдаланылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру жолымен

тексереді.

Топтың Қаржы жөніндегі басшылығы мен сыртқы бақылаушылары қайта бағаланатын сыныптары бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерістерін есепке алу саясатына сәйкес, өзгерістердің негізділігін анықтау мақсатында сыртқы тиісті көздермен салыстырады.

Топтың Қаржы жөніндегі басшылығы мен сыртқы бақылаушылары бағалау кезінде пайдаланылатын негізгі болжамдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсаты үшін Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипаттамасы, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдер, сонымен қатар жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздері иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде жіктейді.

Шетел валютасымен жасалатын операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі теңгемен берілген. Теңге сондай-ақ Топтың бас компаниясының функционалдық валютасы болып табылады. Топтың әрбір компаниясы өзіндік функционалдық валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептемесіне кірген баптар осы функционалдық валютада бағаланады.

Шетелдік валютадағы операцияларды алдымен Топ компани-

ялары олардың функционалдық валютасында операция мойындау өлшемдерін қағаттандыратын кездегі күнге қолданылатын спот-бағам бойынша есепке алады.

Шетелдік валютада көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есептік күнге қолданылатын функционалдық валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептелінеді.

Монетарлық баптарды жабу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар Топтың таза инвестициясын шетелдік бөлімшеге аударуды қамтамасыз ететін монетарлық баптарын қоспағанда, жиынтық табыс туралы есебіне кіреді. Олар пайдалар мен шығындарда мойындалған уақытта таза инвестицияның шығу тұсына дейін басқа да жиынтық табыс құрамында көрсетіледі.

Тарихи құны негізінде шетел валютасында бағаланатын беймонетарлық баптар бастапқы мәміле жасалған күні қолданылатын бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Шетелдік валютадағы әділ құн бойынша бағаланатын беймонетарлық баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын бағамдар бойынша қайта есептелінеді. Беймонетарлық баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер немесе шығыстар баптың әділ құны өзгеруі нәтижесіндегі кірістерді немесе шығыстарды мойындау қағидаларына сәйкес есепке алынады (яғни, әділ құны өзгеруі нәтиже-

сіндегі кірістері немесе шығыстары басқа жиынтық табыс немесе пайда немесе залал құрамында танылатын, сонымен қатар сәйкесінше табыс немесе пайда немесе залал құрамында танылатын баптар бой-

ынша бағамдық айырмашылықтар).

Топ маңызды мәмілелер жүргізген шетел валюталарындағы айырбастау бағамдары былайша берілген:

| КЕЗЕҢ СОҢЫНДАҒЫ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ (ТЕҢГЕГЕ ШАҚҚАНДА) | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| 1 АҚШ доллары | 340,01 | 182,35 |
| 1 евро | 371,46 | 221,59 |
| 1 ресейлік рубль | 4,61 | 3,13 |
| ОН ЕКІ АЙДАҒЫ ОРТАША АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ (ТЕҢГЕГЕ ШАҚҚАНДА) | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
| 1 АҚШ доллары | 222,25 | 179,12 |
| 1 евро | 246,48 | 238,10 |
| 1 ресейлік рубль | 3,62 | 4,76 |

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Егер олардың теңгерімдік құны есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде негізінен сату арқылы орны толтырылса, ұзақ мерзімді активтер пен шығу топтары (оған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер кіруі мүмкін) қаржылық жағдай туралы есепте «сатуға арналған және шығу топтарына арналған ұзақ мерзімді активтер» ретінде көрсетіледі.

Активтер жіктемесі төменде аталған барлық шарттар болған жағдайда өзгертілуі тиіс: (а) Активтер олардың ағымдағы жағдай-

ында дереу сатуға дайын; (б) Топ басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) олардың ағымдағы әділ құнына негізделген болып табылатын баға бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сату бір жылдың ішінде жүзеге асырылады деп күтілуде, және (д) сату жоспарын айтарлықтай өзгерту немесе тоқтату күтілмейді.

Ағымдағы есептік кезеңде қаржылық жағдай туралы есепте сатуға арналған болып жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен шығу топтары басқа санатқа ауыстырыл-

майды және ағымдағы есептік кезеңнің соңында жіктеуге сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы есепте салыстырмалы мәліметтерді ұсыну нысанын өзгертпейді. Тікелей шығу тобына жататын және шығу кезінде берілетін міндеттемелер басқа санатқа ауыстырылады және қаржылық жағдайы туралы есепте жеке жолмен көрсетіледі.

Шығу тобы сату немесе бір сату операциясы барысында бір топ тәсілімен басқа жолмен шығуы тиіс активтер тобын (ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді) және осы операция кезінде берілетін осы активтерге жататын міндеттемелерді білдіреді.

Егер шығу тобына алу кезінде гудвил үлестірілген ақшалай ағынды тудыратын бірліктің бөлігі қосылса, Гудвил шығу тобының құрамында есепке алынады. Ұзақ мерзімді активтер – бұл есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде орны толтырылмайды немесе алынбайды деп күтілетін сомалар кіретін активтер. Егер жіктемені өзгерту қажеттілігі туындаса, мұндай өзгеріс қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді актив үшін де жүргізіледі. Сатуға арналған шығу топтары тұтастай сатуға шығындарды шегере отырып, ең аз теңгерімдік құны және әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар

ҰЭТ активтерін қоспағанда, негізгі құралдар жинақталған амортизация және/немесе егер болған жағдайда құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, бастапқы құн бойынша есепке алынады. Егер капиталдыру критерийлері орындалса, мұндай құн негізгі құралдар бөлігін алмастыру

құны мен ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында қарыздар бойынша шығындарды қамтиды.

Белгілі-бір уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың едәуір компоненттерін алмастыру қажет болған жағдайда, Топ осындай компоненттерді жеке пайдалы қолдану мерзімімен жекелеген активтер ретінде таниды және оларды амортизациялайды. Осыған ұқсас негізгі техникалық тексеруді жүргізу кезінде онымен байланысты шығындар, егер де барлық мойындау критерийлері орындалса, жабдықтарды алмастыру ретінде негізгі құралдардың теңгерімдік құнында мойындалады. Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар жұмсалудың тұсындағы пайдалар немесе шығындар құрамында мойындалады.

ҰЭТ құрылыстары жинақталған амортизациялау мен қайта бағаланған күннен кейін танылған шығындарды шегере отырып, әділ құн бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның теңгерімдік құнынан айтарлықтай ерекшеленбей-

тініне сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан құнның өсуі ЖСҚ құрамында көрсетіледі және пайда немесе шығын құрамында жүргізілген қайта бағалау салдарынан мойындалған осы активті қайта бағалаудан болған шығынды қалпына келтіретін оның бөліктерін қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау қорын ұлғайтуға жатады. Қайта бағалаудан болған шығын қайта бағалау қоры құрамында бұрын мойындалған осы актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын оның бөліктерін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есептемеде мойындалады. Актив істен шыққан жағдайда аталған активке тікелей жататын қайта бағалау қорының бір бөлігі қайта бағалау қорынан бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен былайша есептеледі:

| | |
|-------------------------|-----------|
| Ғимараттар | 60 жыл |
| ҰЭТ АКТИВТЕРІ | |
| Электр жеткізу желілері | 50 жыл |
| Үймереттер | 10-30 жыл |

КӨЛІК ЖӘНЕ БАСҚА НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

| | |
|--|-----------|
| Басқа машиналар мен жабдықтар | 7-25 жыл |
| Көлік құралдары | 11 жыл |
| Компьютерлер және деректерді өңдеу жөніндегі басқа жабдықтар | 4-10 жыл |
| Интерьер және шаруашылық заттары | 7 жыл |
| Басқа негізгі құралдар | 3-15 жыл |
| Қосалқы станциялар жабдықтары | 12-30 жыл |

Жер амортизациялауға жатпайды.

Қазақстан Республикасының Негізгі қорлардың ұлттық жіктеуішіне енгізілген өзгерістердің салдарынан 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап «ҰЭТ құрылыстары» сыныбынан «ҰЭТ машиналары мен жабдықтары» бөлініп алынды. Осыған байланысты, Топ қаржылық есептілік мақсаттар үшін «ҰЭТ құрылыстары» сыныбын «ҰЭТ активтері» сыныбына ауыстырды.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімі мен өтімділік құнына әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында талдау жасалады және қажет болған жағдайда түзету енгізіледі. Егер болжам бұрынғы болжамдардан ерекшеленген жағдайда өзгерістер ХҚЕС (IAS) 8 «Есепке алу саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгеріс ретінде ескеріледі. Аталған бухгалтерлік бағалау негізгі құралдардың қалдық құнына және жиынтық кіріс туралы есепте танылған негізгі құралдардың тозу сомасына айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін.

Негізгі құралдар объектісін мойындау ол істен шыққан кезде немесе оны пайдаланудан немесе істен шығуынан келешекте экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активтерді мойындауды тоқтату кезінде туындаған кез келген табыстар немесе шығыстар (істен шығу мен активтің теңгерімдік құнынан түсетін таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелген) активтерді мойындау тоқтатылған кезде есепті жылдағы пайдалар немесе шығындар құрамына енгізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалгерлік кірісті алуға арналған және/немесе уақыт өте келе мүлік құнының өсімі мақсатында сатып алуға арналған және бұл ретте Топтың өзі қолданбайтын, Топ мүлігі жатады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік есептілікте жинақталған амортизацияны және құнсызда-

нуға кеткен резервті, егер бар болса, шегеру арқылы сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Еңбекпен табылған жалгерлік кіріс жиынтық кіріс туралы есепте инвестициялық қызметтен түсетін жалгерлік кіріс ретінде көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің істен шығуынан болатын кірістер немесе шығыстар инвестициялық меншіктің түсімі мен теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде анықталды.

Топ инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алудың нақты шығындар әдісі бойынша үлгісін пайдаланатындықтан, инвестициялық жылжымайтын мүлік, негізгі құралдар мен қорлар арасындағы ауысу, ауыстырылған мүліктің теңгерімдік құнына және бағалау мен ақпаратты ашу мақсаттары үшін осы мүліктің құнына әсер етпейді.

Кейінгі шығындар, Топтың сол шығындармен байланысты болашақ экономикалық пайданы алу ықтималдығы және олардың құны сенімді бағалануы мүмкін болуы

ықтималдығы болатын жағдайда ғана активтің теңгерімдік құны құрамында капиталға айналдырылады. Жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кеткен барлық басқа да шығындар туындауына қарай шығыстар ретінде есепке алынады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы мойындау кезінде бастапқы құн бойынша бағаланады. Бастапқы мойындаудан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып есепке алынады. Өнімдерді әзірлеуге капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, Компания ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыс, ол туындаған есептік кезеңдегі пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтерге ең бастысы компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар енгізіледі. Материалдық емес активтер сызықтық әдіспен активтерді 3 жылдан 20 жылға дейінгі пайдалы қолдану мерзімі ішінде өтелінеді.

Зерттеулер мен әзірлемелерге арналған шығындар

Зерттеулерге арналған шығындар олардың туындау шамасына қарай шығыстарға жатқызылады.

Нақты өнімді әзірлеуге арналған шығындар нәтижесінде туындайтын материалдық емес актив Топ мыналарды көрсете алатын кезде танылады:

- материалдық емес актив пайдалану немесе сату үшін қолжетімді болатындай оны құрудың техникалық жүзеге асырушылығы;
- материалдық емес активті құру және оны пайдалану немесе оны сатуға өз ниеті;
- материалдық емес активтің болашақ экономикалық пайдаларды қалай жасайтындығы;
- әзірлемені аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуы;
- материалдық емес активті әзірлеу барысында оған жатқызылатын шығындарды сенімді бағалау қабілеті.

Әзірлеуге арналған шығындарды актив ретінде бастапқы мойындаудан соң активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып бастапқы құн бойынша есепке алынады. Активтің өтелуі актив пайдалануға дайын болғанда әзірлеме аяқталған соң басталады. Амортизация болашақ экономикалық пайдаларды алудың болжамды мезгілі ішінде жүргізіледі. Амортизация өзіндік құн құрамында көрсетіледі. Әзірлеу мезгілінің ішінде актив жыл сайын құнсыздану тақырыбына тестіленеді.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есептік күнге Топ активтің мүмкін болар құнсыздану белгілері бар екендігін айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активке құнсыздануға жыл сайын тексеру жүргізу талап етілсе, Топ активтің қайтарылатын құнына бағалау жүргізеді. Ақша ағындарын өндіретін активтің немесе бөлімшенің қайтарылатын құны (ААӨБ) – бұл мына шамалардан ең үлкен: сатуға арналған шығындарды шегере отырып, активтің әділ құны (ААӨБ) және активті пайдаланудан құндылығы (ААӨБ). Қайтарылатын құн негізінен актив басқа активтер немесе актив топтары өндіретін ағындарға тәуелсіз ақша қаражаты ағындарын өндіретін жағдайды қоспағанда, жекелеген активтер үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағынын өндіретін бөлімшенің теңгерімдік құны оның қайтарылатын құнынан асып түссе, актив құнсызданды деп саналады және қайтарылатын құнға дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан құндылықты бағалау кезінде болашақ ақшалай ағындар салық салуға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, ол уақытша ақша құнына ағымдық нарықтық бағалау мен активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айнала-

тын баға котировкаларымен немесе басқа да әділ құнның қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ пайдалану құндылығы тұрғысынан құнсыздану сомасын анықтайды, ол Топтың соған бөлек активтер жатқызылатын әрбір ААӨБ үшін жеке даярланады. Бұл жоспарлар мен болжамдық есептеулер әдетте бес жылға жасалады. Ұзағырақ мезгілдер үшін ұзақ мерзімді өсім қарқындары есептеледі, олар бесінші жылдан кейінгі болжанатын болашақ ақшалай ағындарға қатысты қолданылады.

Жалғаса беретін қызметтің құнсыздануынан болатын залалдар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) қайта бағалау басқа да жиынтық табыста танылған, бұрын қайта бағаланған ҰЭТ ғимараттарын қоспағанда құнсызданған актив функциясы сәйкес келетін шығыстардың санаттары құрамында жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Осындай активтердің құнсыздануы бұрын танылған қайта бағалау сомасы шегінде басқа да жиынтық табыста мойындалды. Әрбір есептік күнге Топ гудвилді қоспағанда, активтің құнсыздануынан бұрын танылған залалдар енді болмайтын немесе қысқарған белгілерінің баржоғын айқындайды. Егер осындай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААӨБ-нің қайтарылатын құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын танылған залалдар тек, егер де залалды құнсызданудан соңғы

мойындау кезінен активтің қайтарылатын құнын айқындау үшін пайдаланылатын бағалаудағы өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның қайтарылатын құнынан аспайтындай, сондай-ақ сол бойынша осы актив егер де бұрындағы жылдары құнсызданудан болатын залал мойындалмаған жағдайда мойындалса, амортизацияны шегергендегі теңгерімдік құннан аса алмайтындай шектелген. Мұндай қалпына келтіру актив қайта бағаланған құн бойынша танылғандағы жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залаларда мойындалады. Қалпына келтірудің осындай жағдайларында құнсыздану жөніндегі резерв жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл Топ соған айтарлықтай әсер тигізетін компания. Айтарлықтай әсер ету – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдер қабылдауға қатысуға арналған өкілеттік, бірақ осындай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау емес.

Айтарлықтай әсер етудің немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезін-

де ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың өзінің қауымдасқан компанияға инвестициялары қатысу үлесі әдісі бойынша есепке алынады.

Қатысу үлесі әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестициялар бастапқы құн бойынша танылады. Инвестицияның теңгерімдік құны Топтың үлесі сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі үлесін мойындау нәтижесінде көбейтіледі немесе азайтылады. Қауымдасқан компанияға жатқызылатын гудвил инвестицияның теңгерімдік құнына енгізіледі және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану тақырыбына бөлек тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы есеп Топтың Қауымдасқан компания қызметінің қаржылық нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Егер де Қауымдасқан компанияның капиталында тікелей мойындалған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін мойындайды және капиталдағы өзгерістер туралы есепте бұл қолданылатын кезде осы жәйтті ашады. Топтың Қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындаған пайдалар мен залалдар Топ Қауымдасқан компанияда қатысу үлесіне ие дәрежеде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топтың үлесі жиынтық кіріс туралы тікелей есепте ұсынылған. Ол Қауымдасқан компа-

нияның акционерлеріне келетін пайданы көрсетеді, сондықтан да Қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы салық салу мен бақылаусыз қатысу бөлігін есепке алған соң пайда ретінде анықталады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептемесі Топтың қаржылық есептемесі секілді сол есептік мезгіл үшін жасалады. Қажет жағдайда оған есепке алу саясатымен Топтың есепке алу саясатымен сәйкестендіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Қатысу үлесін қолданған соң Топ Қауымдасқан компанияға өз инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша залалды мойындау қажеттігін айқындайды. Әрбір есептік күнге Топ Қауымдасқан компанияға инвестициялардың шынайы құнсыздану айғақтарының болуын белгілейді. Осындай айғақтар бар жағдайда Топ құнсыздану бағасын Қауымдасқан компанияның қайтарылатын құны мен оның теңгерімдік құны арасындағы құнсыздану сомасын есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайда-сындағы үлес» бабы бойынша пайдалар мен залалдар туралы есепте мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай әсердің жоғалуы жағдайында Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Қауымдасқан компанияның елеулі әсерін жоғалтқан тұсындағы теңгерімдік құны және

қалған инвестициялар мен түсімдері арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында мойындалады.

Қаржылық құралдар – бастапқы мойындау және кейінгі бағалау

Қаржылық активтер Бастапқы мойындау мен бағалау

Топтың қаржылық активтеріне ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер, саудалық және басқа да дебиторлық берешек, белгіленген және белгіленбеген қаржы құралдары кіреді.

Қаржылық активтер бастапқы танылған кезде тиісінше пайда немесе залал; қарыздар және дебиторлық берешек; жабылуға дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржылық активтер, тиімді хеджерлеу кезіндегі хеджерлеу құралдары ретінде анықталған туынды құралдар арқылы әділетті құн бойынша қайта бағаланған қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Барлық қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық есептерді қоспағанда, бастапқыда солармен мәміле бойынша тікелей байланысқан пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланбаған инвестициялар жағдайында ұлғайтылған әділ құн

бойынша мойындалады.

Заңнамамен немесе белгілі-бір нарықта қабылданған («стандарттық талаптардағы» сауда-саттық) қағидамен белгіленген мерзімде активтердің жеткізілуін қажет ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату жөніндегі барлық мәмілелер мәміле жасалатын күнге, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдайтын күнге мойындалады.

Кейінгі бағалау

Қаржылық активтерді кейін келесідегідей бағалау олардың жіктелуіне тәуелді:

- **Қарыздар мен дебиторлық берешек**

Қарыздар мен дебиторлық берешек өздері белсенді нарықта белгіленбейтін тағайындалған немесе айқындалған төлемақылармен бірге туынды емес қаржылық активтерді көрсетеді. Бастапқы мойындаудан соң осы тектес қаржылық активтер тиімді пайыздық әдісті пайдалана отырып айқындалған, құнсызданудан залалдарды шегере отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құн дисконттар немесе сатып алған кездегі сыйақылар, сондай-ақ комиссиялық немесе шығындар есепке алына отырып есептелінеді, олар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде амортизациялау жиынтық кіріс туралы есептемеде пайыз-

дық кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданудан болған шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық шығыстар құрамында қарыз қаражаттары мен дебиторлық берешектер болған жағдайда операциялық шығыстар құрамында мойындалады.

- **Өтелгенге дейінгі ұсталатын инвестициялар**

Тіркелген немесе төлемдермен анықталған және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржылық активтерді Топ өтеу мерзіміне дейін сенімді түрде және ұстап тұруға қабілетті болғанда, өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктелі. Бастапқы бағалаудан кейін өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар құнсыздану залалдарын шегеріп тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құн дисконттар немесе сатып алған кездегі сыйлықақылар, сондай-ақ комиссиялық немесе шығындар есепке алына отырып есептелінеді, олар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде амортизациялау жиынтық кіріс туралы есептемеде пайыздық кірістер құрамына енгізіледі. Құнсызданудан болған шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте қаржылық шығыстар құрамында мойындалады.

- **Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар**

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларға үлестік және борыштық бағалы қағаздар кіреді. Сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік инвестициялар – олар сауда үшін арналғандар ретінде де, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатындар ретінде де жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – бұл компанияның белгісіз уақыт мезгілі ішінде ұстап тұруды көздейтін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсаттары үшін немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін бағалы қағаздар.

Бастапқы бағалаудан соң сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар әділ құн бойынша бағаланады, ал сатып өткізілмеген кірістер немесе солар бойынша шығыстар резервтер құрамындағы басқа жиынтық кіріс ретінде инвестицияларды мойындау тоқталған тұсқа дейін мойындалады, оған жинақталған кірістер немесе шығыстар басқа операциялық кіріс құрамында яғни инвестиция құнсызданды деп саналатын тұсқа дейін мойындалады, онда жинақталған шығыстар резервтерден пайда немесе залал құрамына қайта жіктелі және қаржыландыру жөніндегі шығындар ретінде мойындалады. Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды ұстап тұру мезгілінде алынған пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер әдісі бойынша

көрсетіледі.

Топ сату үшін қолда бар өз қаржылық инвестицияларын оларды жақын арада сату мүмкіндігі және ниетінің болуы туралы ұйғарым әділдігінің тақырыбына бағалайды. Егер де сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарығының жоқтығынан және басшылықтың оларды сату қақындағы ниеттері жақын арада өзгергендігінен осы активтерді саудалауды жүзеге асыра алмаса, Топ осындай қаржылық активтерді қайта жіктеу туралы шешім қабылдай алады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктеу, егер де қаржылық актив Қарыздар мен дебиторлық берешек айқындамасын қанағаттандырған және бұл ретте Топ мүмкіндігі болып осы активтерді алдағы болашақта немесе жабуға дейін ұстап тұруды көздеген жағдайда, рұқсат етіледі. Алдағы болашақта және жабуға дейін ұстап тұратын құралдар санатына қайта жіктеу тек, егер де Топ мүмкіндігі болып осы активтерді жабуға дейін ұстап тұруды көздеген жағдайда, ғана рұқсат етіледі.

«Сату үшін қолда бар» санаты құрамынан қайта жіктелген қаржылық активтер жағдайында қайта жіктеу күніне арналған әділ құн жаңадан өтелген құн атанады, ал солармен байланысқан, бұрын капитал құрамында мойындалған кірістер немесе шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен қалған инвестициялар мерзімі-

не пайда немесе залал құрамында өтелінеді. Өтелінген құнды жаңадан бағалау мен күтілетін ақшалай ағындар арасындағы айырма да тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен қалған инвестициялар мерзіміне өтелінеді. Егер де бұдан былай активтің құнсызданғаны анықталса, капиталда көрсетілген сома пайдалар мен залалдарда қайта жіктеледі.

Мойындауды тоқтату

Қаржылық активтің (немесе қолданылуына қарай – қаржылық активтің бөлігі немесе осыған ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) теңгерімде мойындалуы тоқтатылады, егер де:

- активтен ақшалай ағындарды алу құқығының қолданыс мерзімі өтіп кетсе;
- Топ активтен ақшалай ағындарды алуға өз құқығын берсе немесе үшінші тарапқа алынатын ақшалай ағындарын толық көлемде «транзиттік келісім» бойынша айтулы кідіріссіз төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алса; және немесе (а) Топ іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды берсе, немесе (б) Топ бермесе, бірақ іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне сақтап қалса, алайда осы активке бақылауын тапсырса.

Егер де Топ активтен ақшалай ағындарды алуға өз құқықтарын тапсырса немесе транзиттік келісім жасаса, ол өзінің меншік құқығымен

байланысты тәуекелдері мен пайдаларына сақтағандығын, сақтаса қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер де Топ бермесе, бірақ та іс жүзінде активтен барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзіне сақтап қалса, сондай-ақ активке бақылауын тапсырмаса, жаңа актив Топ тапсырылған активтегі өз қатысын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Мұндай жағдайда Топ тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтары мен міндеттемелерін көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдеме нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардан ең төмені бойынша мойындалады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан төлеу талап етілетін барынша жоғары сома.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбіресептіккүнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының шынайы құнсыздану белгілерінің болуын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан соң болған бір немесе одан көп оқиғалар нәтижесіндегі құнсызданудың шынайы айғағы болған кезде ғана («залал тарту жағдайының» болуы) құнсызданды деп саналады, олар қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілген алдағы

ақшалай ағындарға сенімді бағалауға жататын әсерін көрсетеді. Құнсыздану айғақтары өздеріне борышкердің немесе борышкерлер тобының айтулы қаржылық қиындықтарды бастан кешіргеніне, өз берешегін өтей аламайтындығына немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді бұрыс жүзеге асырғанына, сондай-ақ олар банкроттық өзге тектес қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізу ықтималдығына нұсқауларды кіргізеді.

Бұдан бөлек, мұндай айғақтарға қаржылық құрал бойынша күтілетін алдағы ақшалай ағындарды бағалауға жататын төмендетудің болуын көрсететін байқау деректері, атап айтқанда, борыштарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартулармен бірге белгілі-бір өзара байланыстағы кешіктірілген берешек көлемдерінің немесе экономикалық талаптардың өзгерісі ретіндегілер жатқызылады.

Амортизациялау құны бойынша қаржылық активтер

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге қатысты Топ алдымен жеке-дара елеулі қаржылық активтердің шынайы құнсыздану айғақтарының болуына немесе жеке-дара елеулі болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша жиынтықтай бағалау жүргізеді. Егер де Топ жеке-дара қаржылық активтердің оның елеулілігіне тәуелсіз жеке-дара бағаланатын

қаржылық активтің шынайы құнсыздану айғақтары жоқтығын анықтаса, ол осы активті несиелік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамаларымен бірге қаржылық активтер тобына кіргізеді, содан соң осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану тақырыбына қарастырады. Құнсыздану мәніне бөлек бағаланатын, солар бойынша құнсызданудан залалдың мойындалатын немесе мойындалуы жалғастырылатын активтер құнсыздану тақырыбына арналған жиынтық бағалауға кіргізілмейді.

Құнсызданудан залал кешудің шынайы айғағы бар кезінде залал сомасы активтің теңгерімдік құны мен алдағы күтілетін ақшалай ағындардың келтірілген құны арасындағы айырма ретінде бағаланады (әлі тартпаған алдағы күтілген несиелік залалдар ескерілмей).

Есеп айырысатын алдағы ақшалай ағындардың келтірілген құны қаржылық актив жөніндегі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттеледі. Егер де қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемесі айнымалы болып табылса, құнсызданудан залалды бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені көрсетеді.

Активтің теңгерімдік құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал залал сомасы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады. Төмендетілген теңгерімдік құн бойынша пайыздық кірісті есептеу құнсызданудан бо-

латын залалды бағалау мақсатында болашақтағы ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделі отырып жалғастырылады. Пайыздық мөлшерлемелер жиынтық кіріс туралы есептемедегі қаржыландырудан кірістер құрамында көрсетіледі. Егер болашақта қайтарылмайтын болса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету Топқа сатылса немесе тапсырылса, Қарыздар тиісті резервтермен бірге теңгерімнен есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болатын есептік залалдың сомасы құнсыздану мойындалғаннан кейін болған қандай да болмасын оқиға түрінде көбейсе немесе азайса, құнсызданудан бұрын мойындалған залал сомасы резерв шотына түзету енгізу арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер қаржылық құралдың құнын бұның алдындағы есептен шығару кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтықты кіріс туралы есептемеде қаржыландыру шығындарының кемуі ретінде мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларға қатысты Топ әрбір есептік күнге инвестицияның немесе инвестициялар тобының құнсыздануға ұшыраған шынайы айғақтарының болуын бағалайды.

Сату үшін қолда бар ретінде сыныпталған үлестік құралдарға

инвестициялар болған жағдайда шынайы айғақтар инвестициялар әділ құнының олардың бастапқы құнынан елеулі немесе ұзаққа созылған төмендеуін қамтитын болады. «Елеулілік» инвестициялардың бастапқы құнымен салыстырғанда, ал «ұзаққа созылуы» – әділ құн бастапқы құннан кем болған мезгілмен салыстырғанда бағаланады.

Құнсыздану айғақтары бар кезде сатып алу құны мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған, пайдалар мен залалдар туралы есепте бұрын танылған осы инвестициялар бойынша құнсызданудан залалды шегергендегі жиынтық залалдың сомасы басқа жиынтық кірістен алынып тасталады және пайдалар мен залалдар туралы есепте мойындалады. Инвестициялар бойынша құнсызданудан үлестік құралдарға залалдар пайда немесе залал арқылы қалпына келтірілмейді; құнсызданудан соң олардың әділ құнының ұлғаюы тікелей басқа жиынтық кіріс құрамында мойындалады.

Сату үшін қолда бар ретінде сыныпталған борыштық құралдар жағдайында құнсыздану амортизациялық құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерге қатысты қолданылатын сол өлшемдер негізінде бағаланады. Алайда құнсызданудан көрсетілген залал сомасы амортизациялық құн мен ағымдағы әділ құн арасында бағаланған, жиынтықты кіріс туралы есептеме бұрын мойындалған осы

инвестициялар бойынша құнсызданудан залалды шегере отырып, жинақталған залалды көрсетеді.

Активтің азайтылған теңгерімдік құнына қатысты пайыздарды есептеу құнсызданудан залалды бағалау мақсатында алдағы ақшалай ағындарды дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме бойынша жалғасын табады. Пайыздық кірістер жиынтықты кіріс туралы есепте көрсетіледі. Егер де келесі жыл ішінде борыштық құралдың әділ құны өссе және осы өсімді жиынтық кіріс туралы есепте құнсызданудан залалды мойындаудан соң болған оқиғамен шынайы байланыстыру мүмкін болса, құнсызданудан болатын залал пайдалар мен залалдар арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы мойындау мен бағалау

Қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе залал, кредиттер мен қарыздану немесе тиімді хеджирлеу кезіндегі хеджирлеу құралдары ретінде анықталған туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде сыныпталады. Топ өз қаржылық міндеттемелерін оларды бастапқы мойындау кезінде сыныптайды.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда Қарыздар мен кредиттерді, солармен тікелей байланысқан мәміле бойынша шығындарды шегергенде, әділ құн бойынша мойын-

далады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне саудалық және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен қарыздар кіреді.

Бұдан кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді бұдан кейін бағалау олардың сыныптамасынан былайша тәуелді болады:

• Кредиттер мен қарыздар

Бастапқы мойындаудан соң пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құн бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте оларды мойындау тоқтатылған кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияны есептеу бойынша мойындалады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттар немесе сыйақылар, сондай-ақ комиссиялық немесе шығындар есепке алына отырып есептелінеді, олар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыру жөніндегі шығындар құрамына кіргізіледі.

• Сауда-саттық және басқа да дебиторлық берешек

Сауда-саттық және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және ары

қарай тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық құн бойынша бағаланады.

Мойындауды тоқтату

Қаржылық міндеттемені мойындау егер де міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданыс мерзімі өтіп кетсе тоқтатылады. Егер де қолда бар қаржылық міндеттеме сол кредиторлардың алдындағы басқа міндеттеменен елеулі ерекшеленген талаптарда алмастырылса немесе егер де қолда бар міндеттеменің шарттары едәуір өзгертілсе, мұндай алмасу немесе өзгерістер бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың теңгерімдік құнының айырмасы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Қаржылық құралдардың өзара есепке алынуы

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алуға, ал нетто сомасы мойындалған сомалардың өзара есепке алынуына жүзеге асырылатын осы заңды құқық тұсында және есеп айырысуды нетто негізде жүргізу немесе активтерді өткізу және бір мезгілде міндеттемелерді жабу ниеті болған кезде ғана қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептемеде ұсынылады.

Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша ескеріледі.

Қорлар ең төменгі екі шама бойынша: сатып алу құны және таза сату құны бойынша бағаланады.

Сатудың таза құны өндірісті аяқтауға және сатуға бағалау шығындарына арналған болжамды шығыстарды шегеріп тастағанда, әдеттегідей қызмет барысында жорамалданған сату бағасы ретінде анықталады.

Ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық ахуал туралы есептегі ақшалай қаражат және қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражатты және бастапқы үш айлық не одан кем мерзіммен бірге қысқа мерзімді депозиттер кіреді.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептеме мақсаттары үшін ақшалай қаражат пен оның баламалары жабылмаған банктік овердрафттары шегеріле отырып, жоғарыдағы айқындамаға сай ақшалай қаражат пен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

Қолданылуы шектеулі ақшалай қаражат

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі («ХҚДБ»), Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі («ЕҚДБ») қол қойған жобаларды

қаржыландыру жөніндегі кредиттік келісімге сәйкес Топ борышқа қызмет көрсету үшін қажетті банк шоттарын ашты. Бұл банк шоттарында көрсетілген ақшалай қаражаттар пайыздар мен негізгі борыш бойынша жоспарлы төлем жүргізу үшін ғана қолданыла алады. Егер ақшалай қаражат есептік кезеңнен бастағанда он екі айға дейінгі мерзімде қайсыбір түрде қолданылуы шектелген болса, мұндай ақшалай қаражаттар қысқа мерзімдік активтер ретінде жіктеледі және тиісінше шоғырландырылған қаржылық есептемеге берілген ескертпелерде ашып көрсетіледі. Егер ақшалай қаражаттың есептік кезеңнен бастап он екі айдан көп мерзімде қолданылуы шектелген болса, мұндай ақшалай қаражаттар ұзақ мерзімді активтер құрамында көрсетіледі.

Резервтер

Резервтер, егер де Топтың бұрынғы оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңдық немесе іс-тәжірибеден шығатын) болса, осы міндеттемені жабу үшін талап етілетін экономикалық пайдалардың ығысуы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағалануын алуы мүмкін. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігін немесе барлығын қайтарып алуды жорамалдаса, сақтандыру шарты бойынша қайтарым жекелеген актив

ретінде, бірақ та қайтарымды алу күдікке жатпайтындай жағдайда ғана мойындалады. Резервке жатқызылатын шығыс қайтарымды шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Түсімді мойындау

Түсім мәмілеге байланысты экономикалық пайданы алу ықтимал болған және егер түсім төлемді жүзеге асыру уақытына қарамастан сенімді бағалануы мүмкін кезінде мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптары ескерілгенде және салықтар немесе баж салықтары шегерілгенде алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ принципал немесе агент ретінде шығуды айқындау мақсатында белгілі-бір өлшемдерге сәйкес түсімді алуды қарастыратындай өзі жасайтын шарттарды талдайды. Топ барлық осындай шарттар бойынша принципал ретінде әрекет ететіні туралы тұжырымға келді. Түсімді мойындау үшін мынадай өлшемдер орындалуы тиіс:

Қызметтер ұсыну

Көрсетілген қызметтен түскен кірістер қызмет көрсетілуі бойынша мойындалады.

Топ өндірушілерден бастап көтерме сауда және ірі тұтынушыларға дейін электр энергиясын жеткізу жөнінде, электр энергиясын торапқа босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөнінде, электр

энергиясын тұтыну/өндіру теңгерімін ұйымдастыру жөнінде, сондай-ақ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының шартты көлемдерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті және басқа қызметтерді көрсетуден кіріс алады.

Электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және электр энергиясын тұтыну/өндіру теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер бойынша кірісті есептеу үшін тарифтерді Комитет бекітеді.

Шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағындарының шарттық көлемін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер бойынша табыстар «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы келісім негізінде жасалған шарттардың талаптарына сәйкес мойындалады.

Пайыздық кіріс

Амортизациялық құн және сату үшін қолда бар ретінде сыныпталған пайыздық қаржылық активтер бойынша бағаланатын барлық қаржылық құралдар бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, ол қаржылық құралды пайдаланудың жорамалданған мезгілінің барлық уақытында немесе егер осы орынды болса, қаржылық активтің немесе міндеттеменің таза теңгерімдік құнына дейінгі ұзақ мез-

гілден кем уақытта алдағы күтілген төлемақыларды немесе ақшалай қаражат түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық табыс жиынтық табыс туралы есептемеге енгізіледі.

Клиенттерден алынған жабдық

Топ кейбір негізгі құралдарды өз клиенттерінен алады. Топ бағалайды, активке анықтауға әрбір берілген элемент сәйкес келеме және егер сәйкес келсе онда берілген актив негізгі құралдар ретінде мойындалады. Бастапқы мойындау кезінде оның құны әділ құны немесе құрылыстың, берілген жабдықтың құны бойынша өлшенеді және тиісті сома басқа кіріс ретінде көрсетіледі, өйткені Топтың болашақта міндеттемелерді орындау міндеттемесі жоқ. Егер болашақтағы міндеттемелері бар болса, ондайды орындаудағы кірісі міндеттемелерді орындау кезеңі ішінде немесе жабдық қызметінің мерзімінде олардың қайсысының бұрынырақ орындалуына байланысты мойындалады.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың көздеулеріне сәйкес оны пайдалануға немесе сатуға дайындық үшін міндетті түрде ұзақ уақытты талап ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар

олар көтерген сол есептік мезгіл ішіндегі шығыстарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздарды төлеу мен заемдық қаражатқа байланысты компания көтеретін басқа да шығындар кіреді.

Жалдау

Мәміле жалдау болып табылатындығын немесе ол жалдау белгілерін қамтитындығын анықтау, шарттық қолданысы басталу күніне мәміле мазмұнын талдауға негізделген. Осындай талдау шеңберінде шарттық орындалуы нақты активтің немесе активтерді пайдаланудан шарттық орындалуы тәуелді бола ма және осы мәміле нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығына көшетінін анықтау талап етіледі.

Жалгер ретіндегі компания

Сол бойынша Топқа жалға алынған активтерді иеленуге байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдалар көшетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша немесе егер осы сома кем болса – ең төменгі жалгерлік төлемдердің дисконтталған құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталдандырылады. Жалгерлік төлемдер міндеттеменің жабылмаған сомасына тұрақты пайыз мөлшерлемесі болатындай жалдау бойынша қаржыландыру және негізгі міндеттеме сомасының кемітілуі жөніндегі шығындара арасына таратылады.

Қаржыландыру жөніндегі шығындар тікелей пайдалар және залалдар туралы есепте тікелей көрсетіледі.

Жалға алынған актив активті пайдалы жұмсау мезгілі ішінде амортизацияланады. Алайда, егер Топқа активке арналған меншік құқығы жалдау мерзімінің аяғында өтетін негізделген сенімділік жоқ болса, активті пайдалы жұмсаудың есептесу мерзімі мен жалдау мерзімі секілді қысқа мезгілдердің ішінде амортизацияланады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер барлық жалдау мерзімінде теңдей пайдалар және залалдар туралы есепте шығыс ретінде мойындалады.

Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Топ жинақталған зейнетақы қорына аударым ретінде қызметкерлердің жалақыларының 10%, бірақ айына 160.230 теңгеден көп емес мөлшерде төлем жүргізеді (2014 жыл: 149.745 теңге). Зейнетақы қорларына төлемдер қызметкерлердің жалақыларынан ұсталып қалады және пайда болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақыға байланысты басқа да аударымдармен бірге еңбекақы бойынша жалпы шығыстарға енгізіледі. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша қандай да болмасын басқа міндеттемелері жоқ.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы мезгіл мен мұның алдындағы мезгілдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелері салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге жорамалданған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салықтық мөлшерлемелер мен Салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде қабылданған немесе есептік күнге нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға жатқызылатын ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, капитал құрамында мойындалады. Топ басшысы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әрқалай түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген айқындамаларға бағалауды мерзімдік жүзеге асырады және қажеттілік бойынша резервтер құрайды.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық есептік күнге қаржылық есептеме мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың теңгерімдік құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есеп-

телінеді.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша мына жағдайлардан басқада мойындалады:

- кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер гудвилді, активті немесе бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәмілелер барысында және бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға әсерін тигізбейтін операция жасалған сәтте бастапқы мойындау нәтижесінде;
- еншілес компаниялардағы, қауымдасқан компаниялардағы инвестицияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесіндегі салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты, егер уақытша айырманы уақыт бойынша таратуды бақылау жасау мүмкін болса және уақытша айырманың болашақта кемітілмейтін айтарлықтай ықтималдылығы болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық залалдар бойынша салық салынатын пайда болатындай елеулі ықтималдық болатын, оған қарсы шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық залалдар есепке алуынуы мүмкін дәре-

жеде мына жағдайлардан басқада мойындалады:

- шегерілетін уақытша айырмаға жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активі бизнестің біріктірілуі салдарынан туындамаған және операция жасау тұсына бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе залалға әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы мойындау нәтижесінде туындайды.
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметтегі қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмалар болашақта пайдаланылатын және оған қарсы шегерілетін уақытша айырмалардың пайдаланылуы мүмкін айтарлықтай ықтималдық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін дәрежеде кемітіледі. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақтағы салық салынатын пайданың кейінге қалдырылған салық

активтерін пайдалануға мүмкіндік беруінен пайда болатын ықтималдылығы жоғары дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері салық мөлшерлемесі бойынша бағаланады, олар актив сатылатын, ал міндеттеме салық мөлшерлемелері негізінде өтелетін есептік жылы қолданылады (есептік күніндегі жағдай бойынша салықтық заңнамалар қабылданды немесе нақты қабылданды).

Пайда немесе залал құрамында емес мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық сондай-ақ пайда немесе залал құрамында мойындалмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізіне жататын операцияларға сәйкес немесе басқа жиынтық кіріс немесе тікелей капитал құрамында мойындалады.

Егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерінің есепке алынуының заңдық бекітілген құқығы болса, кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір біріне қарама-қарсы есепке алынады және кейінге қалдырылған салықтар белгілі-бір салық салатын компанияға және салық органына қатысты болады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде мойындалады және егер

олар есептік күнге дейін қоса алғанда, жарияланса ғана есептік күнге арналған капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер, егер олар есептік күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есептік күннен кейін, бірақ шоғырландырылған қаржы есептілігі шығарылуға бекітілген күнге дейін ұсынылып немесе жарияланса, есептілікте көрсетілетін болады.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер үйлесімді қаржылық есептемеде танылмайды, бұл ретте олар туралы ақпарат ресурстардың шығарылуы олардың өтелуіне байланысты ықтималдығы аз болатын жағдайларды қоспағанда шоғарландырылған қаржылық есептемеде ашылады.

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептемеде танылмайды, бұл ретте олар туралы ақпарат солармен байланысты экономикалық пайдалар алынуы мүмкін жағдайларда шоғырландырылған қаржылық есептемеде ашылады.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПІКІРЛЕР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ҰЙҒАРЫМДАРЫ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесін даярлау оның басшылығынан есептік кезеңнің аяғына қарай пікірлер және

бағалау мәндері мен ұйғарымдар анықтамаларын шығаруды талап етеді, олар есептемеде көрсетілетін табыстар, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомаларына, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпарат ашуға әсер етеді. Алайда осы бағалау мәндері мен ұйғарымдарға қатысты екіұштылық болашақта мұндай мәндер мен жорамалдар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің теңгерімдік құнына айтарлықтай түзетулер енгізуді талап ететін нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Бағалау мәндері мен ұйғарымдары

Келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына айтарлықтай түзету енгізуге себеп болатын болашақ туралы негізгі ұйғарымдар және басқа да есептік күнгі бағалаулардағы негізгі екіұштылық көздері төменде қаралады. Топтың бағалау мәндері мен ұйғарымдары шоғырландырылған қаржылық есептеме даярлау кезінде қолда бар шығыс деректерге негізделген. Алайда, болашаққа қатысты ағымдағы міндеттемелер мен ұйғарымдар нарықтық өзгерістерге немесе Топтың бақылауында болмайтын жағдайларға байланысты өзгертілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер, олардың болуына қарай ұйғарымдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

ҰЭТ-тың қайта бағаланған активтері ХҚЕС 13 сәйкес, активке тиесілі табиғатқа, сипаттамасына және тәуекелдеріне сүйене отырып, активтердің бір сыныбын білдіреді. ҰЭТ активтерінің әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құны иерархиясының 3-деңгейіне жатады (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Топ 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ҰЭТ активтеріне қайта бағалау жүргізді. Тарифтердің көтерілуі 138.887.289 мың теңге сомасында басқа да жиынтық табыс құнына енгізілген, кейбір активтерді қайта бағалаудан болған құнның және 27.777.458 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған тиісті салықтық міндеттеменің өсуіне, сонымен қатар 14.250.162 мың теңге сомасында пайда мен залалға енгізілген бұрын қайта бағаланған кейбір активтер құнының өсуіне әкелді.

ҰЭТ ғимараттарының әділ құны шығын әдісімен айқындалды. Шығын әдісімен анықталған құн активтің өндірістік қуатын алмастыру үшін қажетті соманы көрсетеді (алмастыру құны). Шығын әдісі активтердің белгілі-бір салада мамандандырылуы және тарихи деректер бойынша активтер ешқашан сатылмауы себебінен қолданылды.

Алмастырудың есептелген ағымдағы құны бұдан кейін ақша

ағындарын дисконтау моделі негізінде айқындалған өтелетін құнымен салыстырылуы мүмкін. Ақша ағындары бюджеттен бұдан кейінгі бес жылға алынады және Топта қызметті жүргізу бойынша міндеттемелері әлі жоқ, қайта құру бойынша қызметті немесе ААӨБ-ні құнсыздануға тексеретін активтердің нәтижелерін жақсартатын, болашақтағы маңызды инвестицияларды қамтымайды.

Бағалау нәтижесінде 415.708.160 мың теңге мөлшеріндегі сома 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша әділ құны ретінде мойындалды.

Пайдаланудан болған құнды есептеген кезде мынадай негізгі ұйғарымдар қолданылды:

| | |
|--|--------|
| Дисконттау мөлшерлемесі (WACC) | 11,61% |
| Ұзақ мерзімді өсу қарқыны | 2,88% |
| Негізгі активтің қалған қызмет ету мерзімі | 40 жыл |

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға артуы немесе ұзақ мерзімді өсу қарқынының 0,5%-ға азаюы Топтың негізгі құралдарының әділ құнының сәйкесінше 9.089.485 мың теңгеге немесе 9.602.177 мың теңгеге азаюына әкеледі.

Топ басшылығы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҰЭТ активтерінің әділ құны шамамен олардың теңгерімдік құнына тең деп есептейді.

Ұлттық Электр Торабы («ҰЭТ») активтерінің өтімділігі

Егер орын алған оқиғалар мен жағдайлар активтің теңгерімдік құнының өтелмеуі мүмкін екенін көрсететін болса, Топ активті немесе активтер тобының генерацияланатын ақша қаражатын («генерацияланатын бірлік») құнсыздандыру мақсатында қайта бағалайды. Егер ондай индикатордың бар екені белгілі болса, өтелетін құнға байыпты түрде бағалау жүргізіледі, ол әділетті құнның ең жоғарғы мәні-

нен сату және қолданылған құнның шығындарын шегеру арқылы анықталады. Ондай есептеулерді жүргізу кезінде, белгісіздік пен тәуекелге толы мұнайдың ұзақ мерзімдік бағаларын, дисконттың мөлшерлемелерін, келешектегі капиталға деген қажеттілікті, операциялық шығындарды (өнім өндіру мен сату көлемін қоса) бағалау талап етіледі. Активтің теңгерімдік немесе генерацияланған құны оның өтімділік құнынан жоғары болса, онда актив немесе генерацияланған бірлік құнсызданған болып саналады және ол өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Өтелетін құнды бағалау кезінде болашақ ақша ағындары активтер тобына/генерацияланған бірліктерге олардың ағымдағы құнын дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы арнайы тәуекелдерге орай түзетулер енгізіледі, ол аталған активке тән тәуекелдер мен ақшаның ағымдағы нарықтық уақытша құнын бағалауды көрсетеді. Сатуға жұмсалған шығынды шегергеннен кейінгі әділ

құн, нарық қатысушылары арасындағы қарапайым мәміле аясында сату кезінде алынатын құн түрінде анықталады және ұйым үшін ерекше болып саналатын және ұйымға толықтай әсер етпейтін факторлардың ықпалын көрсетпейді және жалпы ұйымға қолданылмайды.

2015 жылы Топ ұлттық валютаның елеулі девальвациясы тұсында операциялық және капиталдық шығындардың артуын қамтитын, құнсыздандудың негізгі индикаторларын анықтады. Топ басшылығы өткізген Топ активтерінің өтелетін құнын бағалау нәтижесінде, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтердің құнсыздануы анықталған жоқ.

Топ дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып, өтелетін құнды есептейді. 9,84% дисконттау мөлшерлемесі Компания капиталының салықтан кейінгі орташа өлшемді құнынан алынды. Бес жылдық кезеңге бекітілетін және жыл сайын қайта қаралатын Топты дамыту жоспары негізгі

ақпарат көзі болып табылады, себебі онда Топтың электр энергияны жеткізу көлемі, кірістері, шығыстары мен капиталдық шығындары бойынша болжамдар қамтылады.

Реттелетін қызметтерге арналған тарифтер деңгейінің болжамдары мен инфляция қарқындары тәрізді әртүрлі ұйғарымдар қолданыстағы бағаларды, шетел валюталарының айырбас бағамдарын, басқа да макроэкономикалық факторларды, тарихи үрдістер мен ауытқуларды ескереді. Болжамдық ақша ағындары 2020 жылға дейін шектелінді. 2020 жылға дейінгі шығындар Топтың бюджеті мен даму жоспарының, сондай-ақ Топ басшылығының операциялық және күрделі қаржы шығындарындағы әлеуетті өзгерістер туралы ағымдағы бағалаулары негізінде болжанды. Пост-болжамдық құн 3,5 % болатын болжамдық ұзақ мерзімді өсу қарқынын қолдану арқылы бағаланды.

Реттелетін қызметтерге арналған тарифтер деңгейі, электр энергиясын жеткізу көлемдері, дисконттау мөлшерлемесі және ұзақ мерзімді өсу қарқыны өтелетін құнды бағалау үшін қажетті басты ұйғарымдар болып табылады. Басты ұйғарымдардағы өзгерістерге деген сезімталдық бағаланды.

Тарифтер деңгейі туралы ұйғарымдар «KEGOC» АҚ-ның 2016-2020 жылдарға арналған Электр энергиясын жеткізу, электр энергиясын желіге босату мен тұтыну-

ды техникалық диспетчерлендіру, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша реттелетін қызметтерге тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті төрағасының бұйрығы негізінде қабылданды. Егер тарифтердің болжамдық деңгейі бағалау барысында қолданылған деңгейден 5%-ға төмен болса, ол қосымша құнсыздануға әкелмес еді.

Электр энергиясын жеткізудің болжамдық көлемдері даму жоспарына негізделген. Егер жеткізудің болжамдық көлемі бағалау барысында қолданылған көлемнен 5%-ға төмен болса, ол қосымша құнсыздануға әкелмес еді.

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға артуы немесе ұзақ мерзімді өсу қарқынының 0,5%-ға төмендеуі қосымша құнсыздануға әкелмес еді.

Дебиторлық берешек

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерді құрады. Күмәнді борыштарды анықтау кезінде маңызды есептік пікірлер қолданылады. Күмәнді борыштарды анықтаған кезде клинеттердің тарихи және күтілетін әрекеті қарастырылады. Топ сенімсіз мерзімі өткен берешекті былайша бағалайды: 31-90 күн – 5 %, 91-180 күн

– 20%, 181-360 күн – 50% және 361 күннен артық – 100%. Экономикадағы өзгерістер немесе клиенттердің жеке шарттары аталған шоғырландырылған қаржылық есептемеде күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. Контрагенттердің біреуі «Өзбекэнерго» АҚ-ға қатысты 2014 жылы Топ болып жатқан тәжірибеге байланысты бір жылға күтілетін өтеу мерзімін арттырды. Осылайша, «Өзбекэнерго» АҚ дебиторлық берешегі 9,5% мөлшерлемені қолдана отырып, 1 жылға дисконтталды, бұл басшылықтың пікірі бойынша 2014 жылдағы нарықтық мөлшерлеме болып табылады. 2015 жылы «Өзбекэнерго» АҚ-ға қатысты Топ «Өзбекэнерго» АҚ-ның 2015 жылы ұсынған берешекті өтеу кестесіне сәйкес және контрагенттің төлемді соған сай жүргізетін берік ниетіне сәйкес өтеу кезеңін қабылдады, оның төлемдерді жүргізгендігі жасаған төлемдерімен расталады. Осылайша, «Өзбекэнерго» АҚ-дан дебиторлық берешек 10,01% мөлшерлемесі қолданылатын кестеде көрсетілген кезеңге дисконтталынды, аталған мөлшерлеме басшылық пікірінше нарықтық мөлшерлеме болып табылады. Толық ақпаратты 10-ескертпеден қарауға болады.

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын түсіндіруге, сондай-ақ болашақ салық салынатын табысты алу мерзімі

мен сомасына қатысты екіұштылық бар. Топтың халықаралық операцияларының айтарлықтай әр алуандығын, сондай-ақ қолда бар шартты қарым-қатынастардың ұзақ мерзімді сипаты мен күрделілігін ескере отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған ұйғарымдар арасында туындаған айырмашылық немесе осындай ұйғарымдардың болашақ өзгерістері пайда салығы бойынша шығыстар немесе табыстар сомалары есепте-месінде көрсетілген болашақ түзетулерге әкелуі мүмкін. Негізделген ұйғарымдарды негізге ала отырып, Топ салық аудитінің ықтимал салдары үшін резервтер құрады. Мұндай резервтердің көлемі әртүрлі факторларға, алдағы аудиттердің нәтижелеріне және компания, салық төлеуші және тиісті салық органы салық заңнамасын әртүрлі түсінуіне байланысты. Түсіндірудегі мұндай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде бой алған шарттарға байланысты мәселелер көлемінің көптігі бойынша туындауы мүмкін. Топ салық заңнамасына байланысты сотта істі қарау жағдайының туындауын және ақша қаражаттарының бұдан кейінгі ағынын ықтималдығы аз деп бағалауы себепті шартты міндеттеме танылмады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер барлық пайдаланбаған салық залалдары бойынша соған қарсы салықтық залалдар есепке алынуы мүмкін салық салынатын

пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада танылады. Шоғырландырылған қаржылық есептемеде мойындауға болатын кейінге қалдырылған салықтық активтер сомасын анықтау үшін болашақ салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімдері мен көлемі, сондай-ақ салықты жоспарлау стратегиясы негізінде басшылықтың маңызды пікірі қажет.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдары мен қаржылық міндеттердің әділ құны белсенді нарықтардың деректері негізінде айқындалуы мүмкін болмаса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда бағалау әдістерін қолдана отырып, анықталады. Осы үлгілер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағаланатын нарықтардан алынған ақпарат қолданылады, алайда бұл тіпті іске асырылмайтын жағдайда, әділ құнды белгілеу үшін белгілі-бір пікір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және құбылмалылық сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Аталған факторларға қатысты ұйғарымдардағы өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептемеде көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етеді.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер

Басқарушылық мақсаттар үшін Топ Қазақстанда электр энергиясын жеткізумен, электр энергиясын торапқа босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендірумен, электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастырумен айналысатын бір шаруашылық бірлігін көрсетеді. Бұл операциялық сегменттің өзі бір ғана есептік сегментті көрсетеді.

Географиялық ақпарат

Тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат былайша көрсетілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|---|--------------------|-------------------|
| Қазақстандық тұтынушылардан түскен кірістер | 99.912.697 | 74.585.633 |
| Ресейлік тұтынушылардан түскен табыстар | 10.148.762 | 8.763.555 |
| Өзбекстандық тұтынушылардан түскен табыстар | – | 10.170.571 |
| БАРЛЫҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПKE СӘЙКЕС ТАБЫСТАР | 110.061.459 | 93.519.759 |

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес салық салуға дейінгі табыстар мен пайданы талдайды.

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда бір клинеттен, Самұрық-Энерго Тобы, олардың бірлескен кәсіпорындарын қоса алғанда, түскен табыс 17.401.767 мың теңгені құрады, бұған электр энергиясын жеткізу қызметтерінен, диспетчерлендіру жөніндегі қызмет пен теңгерімді ұйымдастыру жөніндегі қызметтен түскен кірістер кіреді.

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда екі клинеттен түскен табыстар 13.003.569 мың теңгені және 10.170.571 теңгені құрады, оларға қуатты реттеу, сатылып алынатын электр энергиясын өткізу, электр энергиясын жеткізу қызметтерінен, диспетчерлендіру жөніндегі қызмет пен теңгерімді ұйымдастыру жөніндегі қызметтен болған кірістер кіреді.

6. САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2015 жылы Топ «КазЭнергоПровод» ЖШС қауымдастырылған компаниясының жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49,9%-ын өткізу туралы шешім қабылдады.

2015 жылғы 6 мамырда басшылық қатысу үлесін өткізудің жоспар-кестесін бекітті. Бекітілген жоспар-кестеге сәйкес қатысу үлесін өткізу 2015 жыл ішінде «КазЭнергоПровод» ЖШС қатысушысына тәуелсіз бағалаушы белгілеген нарықтық құн бойынша немесе тысқары тұлғаға электрондық аукцион шеңберінде жүзеге асырылатын болады. Сәйкесінше, 2015 жылғы 6 мамырдан бастап, Топ, аталған инвестицияларды сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктейді. Есепке алу саясатының талаптарына сәйкес, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, сатуға кететін шығындарды шегеріп

тастағанда теңгерімдік құн мен әділ құн сомаларының ең азы бойынша бағаланады (3-ескертпе). Аталған талапты орындау мақсатында тәуелсіз бағалаушы бағалау өткізді, оның нәтижесінде «КазЭнергоПровод» ЖШС-де қатысу үлесінің әділ құны 161.511 мың теңге мөлшерінде танылды. Өткізуге кеткен шығындарды шегеріп тастағандағы әділ құнның аудару күні 161.992 мың теңгені құраған теңгерімдік құннан аз болуына байланысты, 481 мың теңге мөлшеріндегі залал танылды.

«КазЭнергоПровод» ЖШС-нің 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап аудару күніне дейінгі кезеңдегі сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер құрамында залалдағы үлесі 5.120 мың теңгені құрады (2014 жылы: 8.624 мың теңге).

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІ САТЫП АЛУҒА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

| <i>Мың теңге</i> | ЖЕР |
|--|------------------|
| БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ | |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА | 1.324.235 |
| Түсімдер | 133.000 |
| Аударымдар | 72.548 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – |
| Қайта бағалаудан болған құн өсімі (ОСД) | – |
| Қайта бағалаудан болған құн өсімі (ОПжәнеУ) | – |
| Істен шығу | 1.529.783 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 1.529.783 |
| 2015 жылғы 1 қаңтарда | 1.529.783 |
| Түсімдер | 43.449 |
| Аударымдар | 2.817 |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар | (46.320) |
| Істен шығу | (824) |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 1.528.905 |
| ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ ЖӘНЕ ҚҰНСЫЗДАНУ | |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА | – |
| Бір жыл ішіндегі аударымдар | – |
| Қайта бағалаудан болған құн өсімі (ОСД) | – |
| Қайта бағалаудан болған құн өсімі (ОПиУ) | – |
| Істен шығу | – |
| Іштей орын ауыстыру | – |

| | ФИМАРАТТАР | ҰЭТ АКТИВТЕРІ | КӨЛІК ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ- ДАР | АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС | БАРЛЫҒЫ |
|--|-------------------|--------------------|--|------------------------|--------------------|
| | 6.984.370 | 496.334.581 | 26.978.560 | 37.189.851 | 568.811.597 |
| | 616.618 | 7.914.622 | 1.230.247 | 24.875.583 | 34.770.070 |
| | 5.943.094 | 40.081.122 | 2.483.575 | (48.580.339) | – |
| | | | 9.914 | (29.431) | (19.517) |
| | – | 241.801.480 | – | – | 241.801.480 |
| | – | 16.767.840 | – | – | 16.767.840 |
| | (500) | (584.236) | (286.439) | (112.814) | (983.989) |
| | 13.543.582 | 802.315.409 | 30.415.857 | 13.342.850 | 861.147.481 |
| | 13.543.582 | 802.315.409 | 30.415.857 | 13.342.850 | 861.147.481 |
| | – | 47.843 | 826.624 | 23.612.941 | 24.530.857 |
| | 595.627 | (1.583.633) | 3.849.063 | (2.863.874) | – |
| | – | – | (378) | (142.511) | (142.889) |
| | (910.536) | (159.699) | (432.269) | – | (1.548.824) |
| | (3.350) | (490.161) | (378.135) | (23.173) | (895.643) |
| | 13.225.323 | 800.129.759 | 34.280.762 | 33.926.233 | 883.090.982 |
| | (1.405.936) | (242.805.084) | (15.529.323) | (252.090) | (259.992.433) |
| | (207.900) | (16.542.341) | (2.057.234) | – | (18.807.475) |
| | – | (102.914.191) | – | – | (102.914.191) |
| | – | (2.517.678) | – | – | (2.517.678) |
| | 241 | 371.870 | 259.142 | 54.494 | 685.747 |
| | 779 | (12.374) | 11.595 | – | – |

| <i>Мың теңге</i> | ЖЕР |
|--|-----------|
| Құнсыздану | – |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | – |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА | – |
| Бір жыл ішіндегі төлемдер | – |
| Аударымдар | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аударымдар | – |
| Істен шығу | – |
| Құнсыздануды қалпына келтіру | – |
| 2015 жылғы 31 желтоқсанда | – |
| ҚАЛДЫҚ ҚҰНЫ | |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА | 1.324.235 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 1.529.783 |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 1.528.905 |

ҰЭТ активтерінің теңгерімдік құны, егер олар жинақталған тозуды шегергенде бастапқы құн бойынша есепке алынған болса, былайша берілді:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--------------------|----------------------------|----------------------------|
| Бастапқы құны | 247.164.032 | 249.271.337 |
| Жинақталған тозу | (74.224.315) | (65.946.769) |
| ҚАЛДЫҚ ҚҰНЫ | 172.939.717 | 183.324.568 |

| | ФИМАРАТТАР | ҰЭТ АКТИВТЕРІ | КӨЛІК ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ- ДАР | АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС | БАРЛЫҒЫ |
|--|-------------|---------------|--|------------------------|---------------|
| | – | – | – | (157.775) | (157.775) |
| | (1.612.816) | (364.419.798) | (17.315.820) | (355.371) | (383.703.805) |
| | (1.612.816) | (364.419.798) | (17.315.820) | (355.371) | (383.703.805) |
| | (262.308) | (19.555.680) | (2.289.621) | – | (22.107.609) |
| | 679 | (412.998) | 412.319 | – | – |
| | 346.460 | 74.821 | 337.492 | – | 758.773 |
| | 2.328 | 260.908 | 373.848 | 19.014 | 656.098 |
| | – | – | – | 5.353 | 5.353 |
| | (1.525.657) | (384.052.747) | (18.481.782) | (331.004) | (404.391.190) |
| | 5.578.434 | 253.529.497 | 11.449.237 | 36.937.761 | 308.819.164 |
| | 11.930.766 | 437.895.611 | 13.100.037 | 12.987.479 | 477.443.676 |
| | 11.699.666 | 416.077.012 | 15.798.980 | 33.595.229 | 478.699.792 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, пайдаланудағы толығымен амортизацияланған негізгі құралдардың құны (бастапқы құн бойынша) 8.480.667 мың теңге және сәйкесінше 6.261.817 теңгені құрады.

Қарыздар бойынша шығындарды капиталға айналдыру

2015 жыл ішінде, Топ банктік

қарыздармен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың аяқталуына байланысты қарыздар бойынша шығындарды капиталға айналдырған жоқ (2014 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған он екі ай ішінде қарыздар бойынша капиталға айналдырылған шығындар: 414.827 мың теңге, 3,05% 4,27% мөлшеріндегі капиталға айналдыру мөлшерлемесі бойынша).

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс, негізінен, «500кВ Екібастұз-Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу» жобасын іске асыру жөніндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарымен және жабдықпен берілді.

Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға берілген аванстар

негізінен «500 кВ Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу» және «500 кВ Шүлбі ГЭС (семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ӘЖ-ні салу» жобалары бойынша жеткізушілерге құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін төленген аванстармен ұсынылған (2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «500 кВ Екібастұз – Шүлбі ГЭС (Семей) – Өскемен желісін салу» жобасы бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін жеткізушілерге төленген аванстармен ұсынылған).

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

2015 жылғы маусымда Топ Астана қаласында орналасқан жабдықтар кешені мен маңайындағы жер учаскелері бар ғимараттар мен үймереттерді жалға берді. Осыған орай аталған активтер негізгі құралдардан инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстырылды.

2015 жылғы шілдеде Топ инвестициялық жылжымайтын мүлікті өткізу туралы шешім қабылдады, осыған орай ол сатуға арналған ұзақ

мерзімді активтерге ауыстырылды және 2015 жылғы 30 қыркүйекте 2.161.476 мың теңгеге өткізілді. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес, төлем 16.375 мың теңге мөлшерінде, ай сайын жүретін төлемдермен 2027 жылға дейін жүргізіледі. Келтірілген төлемдер құны 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.249.840 мың теңгеге тең (27-ескерту).

8. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастырылған компанияларға инвестициялар былайша келтірілген:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| «Батыс Транзит» АҚ | 266.815 | 115.053 |
| «ҚазЭнергоСым» ЖШС | 161.992 | 167.112 |
| | 428.807 | 282.165 |
| Сатуға арналған активтерге аудару (6-ескерту) | (161.992) | – |
| | 266.815 | 282.165 |

Топтың қауымдастырылған компаниялардағы иелену үлесі былайша келтірілген:

| | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--------------------|----------------------------|----------------------------|
| «Батыс Транзит» АҚ | 20,0% | 20,0% |

«Батыс Транзит» АҚ-ның (бұдан әрі мәтін бойынша – «Батыс Транзит») негізгі қызмет ететін жері және тіркелген елі Қазақстан Республикасы болып табылады. «Батыс

Транзит» негізгі қызметі Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен қосатын өңіраралық электр жеткізу желісін салу мен пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру болып табы-

лады. «Батыс Транзит» облигациялары Қазақстан Қор Биржасында шығарылған. «Батыс Транзитке» салынатын инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады.

Төменде келтірілген кесте Батыс Транзиттің жалпылама қаржылық ақпаратынан тұрады:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|------------------------------------|------------------------------------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП | | |
| Ағымдағы активтер | 1.444.651 | 1.737.686 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 20.692.201 | 21.839.053 |
| Ағымдағы міндеттемелер | (1.722.382) | (4.203.537) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (19.080.393) | (18.615.330) |
| ТАЗА АКТИВТЕР | 1.334.077 | 757.872 |
| Танылмаған таза активтер | – | (182.606) |
| | 1.334.077 | 575.266 |
| Топтың таза активтердегі үлесі | 266.815 | 115.053 |
| ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ТЕҢГЕРІМДІК ҚҰНЫ | 266.815 | 115.053 |
| ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП | | |
| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
| Кірістер | 5.460.163 | 3.298.799 |
| Таза пайда | 576.206 | 1.005.474 |
| ТОПТЫҢ ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯНЫҢ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ | 115.241 | 201.095 |
| Қауымдасқан компанияның таза міндеттемелеріндегі танылмаған үлесі | – | (86.042) |
| ТОПТЫҢ ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯНЫҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН ЗАЛАЛДАРЫНДА ТАНЫЛҒАН ПАЙДАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ | 115.241 | 115.053 |

Қауымдасқан компанияның пайдасы *Топ тарапынан мақұлдау алғаннан кейін ғана бөлінеді. Есептік күндегі жағдай бойынша Топ мұндай*

мақұлдау беруге ниетті емес.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан компа-

нияда шартты міндеттемелер немесе болашақта күрделі қаржы салымдарын жүзеге асыру жөніндегі міндеттеме болмады.

9. ҚОРЛАР

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|-----------------------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| Қосалқы бөлшектер | 1.242.830 | 1.303.556 |
| Шикізат және басқа да материалдар | 852.345 | 807.416 |
| Жанар-жағар май материалдары | 125.711 | 117.508 |
| Басқадай қорлар | 28.894 | 49.043 |
| Минус: ескірген қорларға резерв | (267.427) | (247.478) |
| | 1.982.353 | 2.030.045 |

Ескірген қорларға резервтер бойынша қозғалыс былайша берілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|-----------------------|-----------------|-----------------|
| 1 ҚАҢТАРДА | 247.478 | 163.972 |
| Бір жылға есептелгені | 80.681 | 155.069 |
| Есептен шығарылды | (60.732) | (71.563) |
| 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 267.427 | 247.478 |

10. САУДА-САТТЫҚ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|------------------------------------|------------------------------------|
| Сауда-саттық дебиторлық берешек | 25.559.459 | 18.605.575 |
| Минус: күмәнді берешек бойынша резерв | (1.452.512) | (3.445.256) |
| Минус: дебиторлық берешек бойынша дисконт | (675.571) | (488.532) |
| | 23.431.376 | 14.671.787 |

Күмәнді берешекке байланысты резерв бойынша қозғалыс былайша берілген:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|-----------------------|--------------|-------------|
| 1 ҚАҢТАРДА | 3.445.256 | 893.394 |
| Бір жылға есептелгені | 15.375.749 | 5.301.090 |
| Есептен шығарылды | (5.893) | (53.641) |
| Қалпына келтіру | (17.362.600) | (2.695.587) |
| 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 1.452.512 | 3.445.256 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда-саттық дебиторлық берешек «Өзбекэнерго» АҚ-дан 19.945.945 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешекті қамтыды (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 13.789.041 мың теңге). 2014 жылы Топ «Өзбекэнерго» АҚ-дан дебиторлық берешекті өтеудің нақты мерзімі бір жылды құрайды деп бағалады. Сәйкесінше, Топ «Өзбекэнерго» АҚ-дан болашақ ақша ағынын дисконттады.

2015 жылғы желтоқсанда Компания «Өзбекэнерго» АҚ-дан берешекті өтеуге қатысты болжалды қайта қарады және «Өзбекэнерго» АҚ-ның өзі ұсынған берешекті өтеу кестесіне сәйкес берешекті уақтылы төлеуді жүзеге асыруына байланысты, 17.107.925 мың теңге көлеміндегі күмәнді берешек бойынша резервті қалпына келтірді. Қосымша түрде, Топ ұсынылған кестеге сәйкес болашақ ағындарды дисконттауды жүргізді.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дебиторлық берешек бойынша дисконт 675.571 мың теңгені құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 488.532 мың теңге). 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы Топ жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық кірістер құрамындағы 912.679 мың теңге сомасындағы дисконт амортизациясын таныды.

Сауда-саттық дебиторлық берешектің пайда болу мерзімдері бойынша талдауы былайша берілген:

| Мың теңге | БАРЛЫҒЫ | МЕРЗІМІ ӨТПЕГЕН, ҚҰНСЫЗ-ДАНБАҒАН | МЕРЗІМІ ӨТКЕН, БІРАҚ ҚҰНСЫЗДАНБАҒАН | | | |
|----------------------------------|------------|----------------------------------|-------------------------------------|------------|-------------|-------------------|
| | | | 30-90 КҮН | 91-180 КҮН | 181-270 КҮН | 271 КҮН-НЕН АСТАМ |
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 23.431.376 | 4.765.585 | 200.833 | 141.647 | 5.288.501 | 13.034.810 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 14.671.787 | 6.738.462 | 898.885 | 605.629 | 3.726.090 | 2.702.721 |

Сауда-саттық дебиторлық берешек мынадай валюталармен берілген:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|----------------|----------------------------|----------------------------|
| АҚШ доллары | 19.693.177 | 10.050.854 |
| Теңге | 3.247.617 | 4.109.477 |
| Ресейлік рубль | 490.582 | 511.456 |
| | 23.431.376 | 14.671.787 |

11. БАСҚА ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР | | |
| Банктік депозиттер | 5.100.150 | 2.838.441 |
| «Батыс-Транзит» АҚ облигациялары | 868.269 | 868.269 |
| | 5.968.419 | 3.706.710 |
| ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР | | |
| Банктік депозиттер | 65.509.892 | 28.825.720 |
| «Батыс-Транзит» АҚ облигациялары бойынша есептелген сыйақылар | 62.298 | 38.996 |
| | 65.572.190 | 28.864.716 |
| БАРЛЫҒЫ БАСҚАДАЙ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР | 71.540.609 | 32.571.426 |

2007-2009 жылдары Топ, облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылған, қауымдасқан компания «Батыс Транзит» (8-ескертеме) облигацияларын сатып алды. Облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме 8%-ды құрайды. Облигациялар сату үшін

қолда бар қаржы активтері ретінде жіктелген. Облигациялардың әділ құны активті сатқан жағдайда алынатын немесе міндеттемені табыс ету үшін төленетін бағаға негізделген және сәйкесінше, бұл кіріс бағасы емес, шығыс бағасы. «Батыс Транзит» АҚ облигациялары 2006

жылғы 9 қаңтардағы кепілдік шартына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген болып табылады.

2014 жылғы қаңтарда Топ 4,5% пайыздық тіркелген жылдық мөлшерлемесімен 2017 жылға дейін 15.000 мың АҚШ доллары (2015

жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгедегі баламасы 5.100.150 мың теңге) сомасында АТФ банкте ұзақ мерзімді депозит орналастырды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген пайыздар болған жоқ (2014 жылғы 31 желтоқсанда: есептелген пайыздар 103.191 мың теңгені құрады).

2015 жылғы қазан айында Топ 368 күн мерзімге 2016 жылғы қараша айына дейін 5,1% тіркелген пайыздық мөлшерлемесімен 5.000 мың АҚШ доллары (2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгедегі баламасы 1.700.050 мың теңге) сомасына АТФ банкте ұзақ мерзімді депозит орналастырды.

Қысқа мерзімді депозиттер 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3%-32% жылдық тіркелген мөлшерлемесімен қазақстандық банктерде депозиттермен көрініс тапты; сондай-ақ 114.722 мың теңге және сәйкесінше 306.180 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кірісті қамтиды.

Басқадай қаржылық активтер мынадай валютада берілген:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|-------------|----------------------------|----------------------------|
| АҚШ доллары | 68.367.375 | 31.651.160 |
| Теңге | 3.173.234 | 920.266 |
| | 71.540.609 | 32.571.426 |

12. ҚОЛДАНУЫ ШЕКТЕУЛІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| Резервтік шоттардағы ақша қаражаттары | 2.204.660 | 1.490.425 |
| Борышқа қызмет көрсететін шоттардағы ақша қаражаттары | – | 460.851 |
| Шектелген басқадай ақша қаражаттары | 144.969 | 91.073 |
| | 2.349.629 | 2.042.349 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаттары банктерде борышқа қызмет көрсететін шоттарда және резервтік шот-

тарда ақша қаражатымен берілген.

ЕҚДБ және ХҚДБ, Топ кредиторларымен жасалған кредиттік келісімнің шарттарына сәйкес Топ ЕҚДБ және ХҚДБ қарыздары бойынша негізгі борыш, пайыз және

комиссиялар төленген күнге дейінгі жарты жылдық кезең ішінде Қазақстан банкінде ашылған борышқа қызмет көрсететін арнайы банк шотындағы ақша қаражаттарын жинақтайды.

Қазақстан Республикасы Топ ақша қаражаттарын Қазақстан Үкіметімен, Топтың қарыздар бойынша алушысымен жасалған кепілдіктер беру туралы келісімдердің шарттарына сәйкес (16-ескертуге) ХҚДБ мен ЕҚДБ қарыздары бойынша негізгі борыштың, пайыздар мен комиссиялардың алдағы жарты жылдық төлемінің кем дегенде 110%-ын құрауы тиіс.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылуы шектелген ақша қаражаттары мынадай валюталарда берілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| АҚШ доллары | 2.204.660 | 1.951.276 |
| Теңге | 144.969 | 91.073 |
| | 2.349.629 | 2.042.349 |

13. БАСҚАДАЙ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|------------------------------------|------------------------------------|
| Алдағы кезеңдердің шығыстары | 65.009 | 35.094 |
| Материалдарды жеткізуге және қызмет көрсетуге төленген аванстар | 23.155 | 205.731 |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар | 22.623 | 28.300 |
| Басқадай дебиторлық берешек | 355.603 | 106.297 |
| Минус: басқадай ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резерв | (114.200) | (97.987) |
| | 352.190 | 277.435 |

Басқадай ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резервтегі өзгеріс былайша берілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|-----------------------|-----------------|-----------------|
| 1 ҚАҢТАРДА | 97.987 | 29.574 |
| Бір жылға есептелгені | 68.433 | 88.746 |
| Қалпына келтірілгені | (51.187) | (20.291) |
| Қолданылғаны | (1.033) | (42) |
| 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | 114.200 | 97.987 |

14. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|------------------------------------|------------------------------------|
| Қысқа мерзімді депозиттер | 5.036.000 | 7.550.000 |
| Банктердегі теңгедегі ағымдағы есеп шоттар | 2.551.406 | 4.334.932 |
| Банктердегі шетел валютасындағы ағымдағы есеп шоттар | 1.434.716 | 2.067.974 |
| Касадағы бар ақша | 3.424 | 4.919 |
| Арнайы шоттардағы ақша | 5.216 | 4.298 |
| | 9.030.762 | 13.962.123 |

2015 жылы Топтың ағымдағы есеп шоттарына – жылдық 0,5-7% пайыздық табыс есептелген болатын. 2015

жылы Топтың депозиттік есеп шоттарына – жылдық 16-32% пайыздық табыс есептелген болатын.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары мынадай валюталарда берілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| Теңге | 7.596.046 | 11.894.149 |
| Еуро | 1.040.794 | 1.653.838 |
| АҚШ доллары | 393.010 | 409.569 |
| Ресей рублі | 307 | 4.203 |
| Басқадай | 605 | 364 |
| | 9.030.762 | 13.962.123 |

15. КАПИТАЛ

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның

жарғылық капиталы 260.000.000 шығарылған және толық төленген акцияларды құрады.

Барлық жай акция теңдей дауыс беру құқығына ие. Топтың ар-

тықшылық берілген акциялары жоқ. Жай акцияларды ұстаушылардың дауыс беру құқығы бар, бірақ дивидендтер төлеу кепілдендірілмеген. Топ 2014 жылғы 30 қыркүйекте 2014

жылғы 7 қыркүйекте шығарылған 19.508.061 акцияларды төлеу үшін әділ құны 7.116.151 мың теңге негізгі құралдарды алды.

Халықтық IPO бағдарламасы шеңберінде Топ Қазақстан қор биржасында 505 теңге бағасы бойынша 25.999.999 дана көлемінде жай акцияларды орналастырды. 2014 жылғы 19 желтоқсанда 13.129.999 мың теңге мөлшерінде жарғылық капиталға жарна алынды. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал халықтық IPO бағдарламасы бойынша акцияларды шығаруға байланысты консультациялық қызмет құнын шегерген-

де 692.568 мың теңге мөлшерінде берілген.

Дивидендтер

2015 жылғы 30 сәуірде Акционерлердің жалпы жиналысы 2014 жылға Компанияның таза кірісінен 99,97% мөлшеріндегі дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдады, ол 8.613.800 мың теңге немесе бір акцияға 33,13 теңгені құрады. 2015 жылғы мамыр-маусымда дивиденттер акционерлерге толығымен төленді.

2015 жылғы 16 қазанда Акционерлердің жалпы жиналысы 2015

жылдың 1-ші жарты жылдығына Компанияның таза кірісінен 40,01% мөлшеріндегі дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдады, ол 2.444.000 мың теңгені немесе бір акцияға 9,40 теңгені құрады. 2015 жылғы желтоқсанда ірі акционер – Самұрық-Қазынаға – 2.199.600 мың теңге мөлшерінде дивиденттер төлеу мерзімін 2016 жылғы 30 желтоқсанға дейін ұзарту туралы келісім жасалды. Қалған акционерлерге дивиденттер төлеу 2015 жылғы қазанда жүзеге асырылды.

Акцияларға пайда

Акцияға келетін негізгі және көбейтілген пайда сомалары төмендегідей түрде ұсынылған:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|---|-------------|-------------|
| БІР ЖЫЛДАҒЫ (ЗАЛАЛ)/ПАЙДА | (7.779.573) | 8.616.020 |
| Бір жыл ішінде айналымда болған акциялардың орташа өлшемді саны | 260.000.000 | 220.441.961 |
| АКЦИЯҒА БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ КӨБЕЙТІЛГЕН (ЗАЛАЛ)/ПАЙДА | (29,92) | 39,09 |

Акцияның теңгерімдік құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешімі-

не сәйкес, қаржылық есептеме ҚҚБ бекітікен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күндегі бір акцияның (жай және артықшылығы бар) теңгерімдік құны туралы мәліметтен тұруы тиіс.

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---------------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Барлығы активтер | 595.336.614 | 549.928.041 |
| Минус: материалдық емес активтер | (1.036.367) | (1.044.908) |
| Минус: барлығы міндеттемелер | (254.360.000) | (190.150.575) |
| ТАЗА АКТИВТЕР | 339.940.247 | 358.732.558 |
| Жай акциялардың саны | 260.000.000 | 260.000.000 |
| АКЦИЯҒА ТЕҢГЕРІМДІК ҚҰН, ТЕҢГЕ | 1.307 | 1.380 |

Активтерді қайта бағалау резерві

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтерді қайта бағалау қоры 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша өткізілген Топтың ҰЭТ активтерін қайта бағалау нәтижесінде құнның өсуімен берілген. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде негізгі құралдардың жұмсалуды нәтижесін-

де активтерді қайта бағалау қорынан жинақталған залалдарға ауыстыру 458.668 мың теңге құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 232.366 мың теңге).

Басқадай резервтер

Басқадай резервтер өз алдына сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша резервтерді білдіреді. Бастапқы бағалағаннан кейін сату үшін қолда бар

қаржылық инвестициялар бастапқы бағалағаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша іске асырылмаған кірістер немесе шығыстар инвестицияларды мойындау тоқтатылған сәтке дейін резервтер құрамында басқадай жиынтық кіріс ретінде танылады. Облигациялардың әділ құны активтерді сатқан жағдайда алынған немесе міндеттемелерді табыс ету үшін төленетін бағаға негізделген, сәйкесінше, бұл кіріс бағасы емес, шығыс бағасы.

16. ҚАРЫЗДАР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚДБ») | 74.153.611 | 43.861.868 |
| Еуропа қайта құру және даму банкі («ЕҚДБ») | 97.076.928 | 63.734.545 |
| | 171.230.539 | 107.596.413 |

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|----------------------------|----------------------------|
| 12 ай ішінде өтелуі тиіс қарыздардың ағымдағы бөлігін шегергенде | (22.090.879) | (12.881.885) |
| | 149.139.660 | 94.714.528 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша есептелген және төленбеген сыйақы сәйкесінше 1.421.081 мың

теңгені және 902.515 мың теңгені құрады.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздарды ұй-

ымдастыру бойынша комиссияның амортизацияланбаған бөлігі сәйкесінше 813.886 мың теңгені және 894.810 мың теңгені құрады.

Қарыздар мынадай валюталарда берілді:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|----------------|----------------------------|----------------------------|
| АҚШ долларымен | 110.952.763 | 66.134.005 |
| Евромен | 60.277.776 | 41.462.408 |
| | 171.230.539 | 107.596.413 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 7965-KZ кредиттік келісімге сәйкес, «Кернеуі 500 кВ, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ Алма ҚС-ны салу» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ ұсынған 197.681 мың теңге және сәйкесінше 600.571 мың теңге мөлшеріндегі қарыз бойынша, 2016 жылғы 15 қаңтарда төленуі тиіс есептелген сыйақы мен негізгі борышты төледі. Қаржылық есептілікте көрсету үшін қарыздар

бойынша міндеттемелер аталған төлемдер шегеріліп көрсетілген.

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту»

«Ұлттық электр торабын жаңғырту» жобасын іске асыру үшін Топ 1999 жылы мынадай кредиттік желілер ашты:

- ХҚДБ 20 жылға берген 140,000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желісі, Қазақстан Республикасының кепілдігімен

қамтамасыз етілді. Қарыз 2005 жылдан бастап жыл сайынғы журналармен өтелуге жатады. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс жалпы спрэд банкаралық мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы сәйкесінше 49.540 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 16.844.095 мың) және

60.270 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 10.990.234 мың) құрайды.

- b. ЕҚДБ 15 жыл мерзімге берген 45,000 мың АҚШ доллары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілді. Қарыз 2004 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтелуге жатады. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс 1% маржа мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жылына екі рет төленеді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз толығымен жабылды. 2014 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 3.905 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 712.077 мың) құрады.

«500 кВ Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзиті екінші электр жеткізу желісін салу»

«500 кВ Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзиті екінші электр жеткізу желісін салу, II кезең» жобасын іске асыру үшін 2005 жылы ХҚДБ 17 жылға берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасына кредиттік желі алынды. Олардың ішінде бес жыл жеңілдікті кезең болып табылады. Кредиттік желі Қазақстан Республикасының кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс жалпы спрэд мөлшерлемесі бой-

ынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2011 жылы ХҚДБ-дан игерілмеген кредиттік желі бөлігі 1.918 мың АҚШ доллары мөлшерінде осы жоба барысында жұмсалған нақты шығындар күткендегіден кем болуына байланысты жойылған болатын. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша берешек қалдығы 57.129 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 19.424.481 мың) және 65.285 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 11.904.694 мың) құрайды.

«Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр торабын жаңғырту» II-кезең жобасын іске асыру үшін мынадай кредиттік желілер ашылды:

- a. ЕҚДБ 15 жыл мерзімге берген 127,500 мың евро және 75,000 мың евро сомасындағы екі кредиттік желі, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар ЕУРОБОР плюс 3,85% маржа банкаралық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 129.389 мың евроны (теңгемен баламада 48.062.645 мың)

және 146.640 мың евроны (теңгемен баламада 32.494.018 мың) құрайды.

- b. ЕҚДБ 12 жыл мерзімге берген 47,500 мың евро сомасындағы кредиттік желі, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар ЕВРОБОР плюс 3,55% маржа банкаралық алты айлық мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар бойынша берешек қалдығы 29.248 мың евроны (теңгемен баламада 10.864.522 мың) және 35.748 мың евроны (теңгемен баламада 7.921.345 мың) құрайды.
- c. ЕҚДБ 9 жыл мерзімге берген 5,000 мың евро сомасындағы кредиттік желі, оның алғашқы төрт жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар ЕВРОБОР плюс 2,75% маржа банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар бойынша берешек қалдығы 1.811 мың евроны (теңгемен баламада 672.763 мың) және 3.019 мың евроны (теңгемен баламада 668.852 мың) құрайды.
- 2013 жылғы қарашада ЕҚДБ-мен қосымша келісім жасады, соның шарттарына сәйкес екінші кредиттік

желінің сомасы 75.000 мың еуродан 53.443 мың еуроға дейін азайтылды. 2014 жылғы желтоқсанда ЕҚДБ 5.028 мың евро мөлшеріндегі кредиттік желілерінің игерілмеген бөлігі аталған жоба барысында көтерген шығындардың нақты сомасы күтілгеннен аз болуы себепті жойылған болатын.

«Мойнақ ГЭС-інің қуатын беру схемасы»

Топ 2009 жылы «Мойнақ ГЭС-інің қуатын беру схемасы» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ 25 жыл мерзімге берген 48,000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі алды, оның алғашқы бес жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілді. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс тіркелген спрэд банкаралық мөлшерлемесі бойынша есептелді және жылына екі рет өтеледі. 2013 жылғы мамырда ХҚДБ 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі кредиттік желінің игерілмеген бөлігі аталған жобаны жүзеге асыру кезінде нақты жұмсалған шығындар сомасы күтілгеннен аз болуы себепті жойылды. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 42.490 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 14.446.957 мың) және 44.726 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 8.155.806

мың) құрайды.

«500 кВ Алма ҚС-ны салу»

2010 жылы «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭТ-на жалғанатын 500 кВ Алма ҚС-ны салу» жобасын іске асыру үшін ХҚДБ 25 жыл мерзімге берген 78, 000 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі ашылды, оның алғашқы бес жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Кредиттік желі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілді. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс тіркелген спрэд банкаралық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 69.572 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 23.665.329 мың) және 71.356 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 13.011.832 мың) құрайды.

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру»

2011 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының 1, 2 және 3- кезеңдері шеңберінде 2004-2005 жылдары алынған ЕҚДБ және ҚДБ қарыздарын қайта қаржыландыру үшін Топ «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасы шеңберінде ЕҚДБ мынадай кредиттік желілерін

ашты»:

- a. ЕҚДБ 15 жыл мерзімге берген 77,293 мың АҚШ доллары сомасы мен 44,942 мың АҚШ доллары сомасындағы екі кредиттік желі, қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс 3,95% маржа банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша белгіленген және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша берешек қалдығы 86.763 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 29.500.398 мың) және 95.026 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 17.328.082 мың) құрайды.
 - b. ЕҚДБ 12 жыл мерзімге берген 17.973 мың АҚШ доллары сомасындағы кредиттік желі. Қарыз бойынша пайыздар ЛИБОР плюс 3,70% банкаралық алты айлық мөлшерлемесі бойынша есептелген және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 11.431 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 3.886.802 мың) және 12.956 мың АҚШ долларын (теңгемен баламада 2.362.458 мың) құрайды.
- 2011 жылы «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын жүзеге асыру үшін ЕҚДБ 12 жылға берген 12.900 мың АҚШ доллары (A2, B1b) және 1.900 мың АҚШ доллары (B2b) сомасына кредиттік желі

ашылды. Олардың үш жылы жеңілдікті болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар банкаралық алты айлық ЛИБОР плюс 3,95% (A2, B1b) және 3,70% (B2b) мөлшерлемесі бойынша белгіленді және жылына екі рет өтеледі. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы сәйкесінше 10.168 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 3.457.055 мың) және 11.183 мың АҚШ долла-

рын (теңгемен баламасы 2.039.310 мың) құрайды.

2014 жылғы мамырда ЕҚДБ кредиттік желісінің екінші траншының игерілмеген бөлігі 14.800 мың АҚШ долларынан 11.691 АҚШ долларына дейін азайтылды.

17. ҚҰРЫЛЫС БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Самұрық-Қазына Басшылық мүшелерінің 2013 жылғы 28 қара-

шадағы шешіміне сәйкес Топ Астана қаласында балабақша салып, оны құрылысы аяқталғаннан кейін Астана қ. Әкімдігіне табыс етуге міндеттеніп отыр. 2014 жылы Топ құрылысқа жұмсалатын шығындарды бағалап, құрылыс компаниясымен шарт жасады. Сәйкесінше, Топ 683.430 мың теңге жалпы сомасына құрылыс бойынша міндеттемелерді және акционерге тиісінше бөлуді таңыды. Балабақша құрылысын 2016 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

18. САУДА-САТТЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|------------------------------------|------------------------------------|
| Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек | 8.091.105 | 5.980.443 |
| Сатымдық электр энергиясы үшін кредиторлық берешек | 4.507.777 | 4.427.471 |
| Қорлар мен көрсетілген жұмыстар мен қызметтер үшін кредиторлық берешек | 926.262 | 1.586.396 |
| | 13.525.144 | 11.994.310 |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік берешек мынадай валюталарда берілді:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|------------------|------------------------------------|------------------------------------|
| Теңге | 12.613.812 | 9.893.669 |
| Ресей рублі | 782.163 | 826.099 |
| АҚШ доллары | 64.961 | 28.941 |
| Евро | 64.208 | 1.245.601 |
| | 13.525.144 | 11.994.310 |

19. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|---|----------------------------|----------------------------|
| Қызметкерлер алдындағы міндеттемелер | 555.197 | 1.225.630 |
| ЕҚДБ қарызының игерілмеген бөлігіне есептелген комиссия * | – | 9.665 |
| Басқадай | 173.690 | 207.726 |
| | 728.887 | 1.443.021 |

* Топ ЕҚДБ-ның пайдаланылмаған қарызының бөлігі үшін жыл сайынғы комиссияны 0,5% және 1% пайыз мөлшерлемелері бойынша төлеуге міндеттенеді. 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін кредитті толығымен пайдаланғандықтан пайдаланылмаған қарыз бөлігі үшін комиссия есептелген жоқ (2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін комиссия: 51.172 мың теңге) (23-ескерпне).

20. КІРІСТЕР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|---|--------------------|-------------------|
| Электр энергиясын жеткізу | 73.343.942 | 57.766.254 |
| Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер | 15.071.222 | 12.225.728 |
| Электр энергиясын өндіру және тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтер | 13.017.269 | 10.329.887 |
| Сатымдық электр энергиясын өткізуден болған кіріс | 5.004.398 | 7.278.411 |
| Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан болған кірістер | 3.020.328 | 3.932.061 |
| Қуатты реттеу жөніндегі қызметтер | – | 2.898.688 |
| Басқалары | 1.276.395 | 1.572.860 |
| | 110.733.554 | 96.003.889 |
| Тұтынушыларға берілетін жеңілдіктер | (672.095) | (2.484.130) |
| | 110.061.459 | 93.519.759 |

Тұтынушыларға берілетін жеңілдіктер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

21. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|-------------------|-------------------|
| Тозу және амортизация | 21.774.524 | 18.505.522 |
| Электр энергиясының технологиялық шығысы | 20.172.090 | 20.779.476 |
| Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты басқадай аударымдар | 11.446.146 | 10.991.705 |
| Электр энергиясы ағындарының мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі шығыстар | 8.291.914 | 10.234.929 |
| Пайдалану және жөндеу бойынша шығыстар | 4.954.298 | 4.778.621 |
| Сатымдық электр энергиясының өзіндік құны | 4.891.579 | 5.150.762 |
| Қорлар | 1.213.793 | 1.071.549 |
| Күзет бойынша шығыстар | 981.283 | 920.591 |
| Басқалары | 1.816.977 | 1.783.186 |
| | 75.542.604 | 74.216.341 |

22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|-----------------|-----------------|
| Табыс салығынан басқа салықтар | 5.205.055 | 5.321.160 |
| Еңбекақы төлеу жөніндегі шығыстар және еңбекақы төлеуге байланысты басқадай аударымдар | 2.788.241 | 3.173.328 |
| Тозу және амортизация | 584.225 | 544.370 |
| Консультациялық қызметтер | 212.567 | 180.615 |
| Сақтандыру бойынша шығыстар | 155.121 | 136.741 |
| Демеушілік | 152.170 | 134.213 |

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|------------------|-------------------|
| Іс-сапар шығыстары | 133.596 | 111.113 |
| Жалдауға жұмсалатын шығыстар | 106.469 | 117.963 |
| Коммуналдық шығыстар | 99.490 | 73.624 |
| Тренингтер | 85.615 | 68.826 |
| Тозған қорларға резерв есептеу (9-ескертуге) | 80.681 | 155.069 |
| Материалы | 63.061 | 73.665 |
| Корпоративтік іс-шаралар | 53.989 | 53.566 |
| Банк қызметтері | 37.804 | 38.332 |
| Күзет қызметтері | 37.339 | 43.551 |
| Байланыс қызметтері | 24.357 | 22.252 |
| Жөндеу шығыстары | 6.793 | 21.891 |
| Аванстардың құнсыздануы бойынша және күмәнді берешек бойынша резерв есептеу (10 және 13-ескертуге) | (1.969.605) | 2.673.958 |
| Басқалары | 707.737 | 436.761 |
| | 8.564.705 | 13.380.998 |

23. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|------------------|------------------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБИСТАР | | |
| Депозиттердің пайыздық кірістері, ағымдағы шоттар мен баға елгіленген облигациялар | 2.958.192 | 1.451.025 |
| Дебиторлық берешектің дисконтын амортизациялау | 912.679 | 435.780 |
| Басқалары | 5.634 | 8.000 |
| | 3.876.505 | 1.894.805 |

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|------------------|------------------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР | | |
| Қарыздар бойынша пайыздар | 3.410.140 | 3.152.588 |
| Қысқа мерзімді сауда-саттық берешегі бойынша | 675.570 | 989.760 |
| Банктік кепілдіктер бойынша комиссия | 615.165 | 460.042 |
| Қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссияны амортизациялау | 88.122 | 87.340 |
| ЕҚДБ қарыздарының пайдаланылмаған сомасы үшін комиссия (19-ескерпне) | – | 57.172 |
| Басқалары | – | 688 |
| Минус: жіктелген активтердің құнына капиталдандырылған пайыздар (7-ескерпне) | – | (414.827) |
| | 4.788.997 | 4.332.763 |

24. БАҒАМДЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАН БОЛҒАН ЗАЛАЛ, НЕТТО

2014 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі АҚШ долларына және басқа да негізгі валюталарға қатысты теңгенің айырбастау бағамын бұрынғы деңгейде ұстап тұрудан бас тартуға, ва-

люталық интервенциялар көлемдерін азайтуға және теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыру үдерісіне араласуды азайтуға шешім қабылдады. Девальвация нәтижесінде Топ 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі нетто, теріс бағамдық айырмашылықтан болған 7.510.748 мың теңге сомасындағы залалды таныды.

2015 жылғы 20 тамызды Қазақстан

Республикасының Ұлттық банкі және Қазақстан Республикасының Үкіметі инфляциялық таргеттеуді енгізу шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне өтуі туралы шешім қабылдады. Теңгенің айырбас бағамының өзгеруі салдарынан, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы, Топ 35.739.224 мың теңге сомасындағы бағамдық айырмадан болған нетто залалды таныды.

25. БАСҚАДАЙ ТАБЫСТАР

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|---|------------------|------------------|
| Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы түріндегі кіріс | 649.655 | 70.668 |
| Ғимараттарды, құрылыстарды өткізуден түскен кіріс, | 214.488 | – |
| Өтеусіз келіп түскен активтерден кіріс | – | 1.587.134 |
| Басқа да кірістер | 222.597 | 205.596 |
| | 1.086.740 | 1.863.398 |

26. ПАЙДА САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖЕҢІЛДІК/(ШЫҒЫСТАР)

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|---|--------------------|------------------|
| АҒЫМДАҒЫ ТАБЫС САЛЫҒЫ | | |
| Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар | 64.306 | 55.865 |
| Өткен жылдағы пайдаға ағымдағы табыс салығының арақатынасындағы түзетулер | (115.145) | (15.126) |
| КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАБЫС САЛЫҒЫ | | |
| Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(жеңілдік) | (2.116.659) | 2.922.928 |
| БАРЛЫҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕ КӨР- СЕТІЛГЕН ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР/(ЖЕҢІЛДІК) | (2.167.498) | 2.963.667 |
| ҰЭТ құрылыстарын қайта бағалаудан болатын пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | – | 27.777.458 |
| Тікелей басқадай жиынтық кіріс құрамында көрсетілген пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар | – | 27.777.458 |

Қазақстан Республикасында 2015 және 2014 жылдары пайда салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрады.

Төменде табыс салығының 20% мөлшерлемесі мен жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте есепке алынған табыс салығының нақты сомасының салыстырмасы берілген:

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|--------------------|-------------------|
| ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТЫ ЕСЕПKE АЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА/ (ЗАЛАЛ) | (9.947.071) | 11.579.687 |
| 20% РЕСМИ МӨЛШЕРЛЕМЕ БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН САЛЫҚ | (1.989.414) | 2.315.937 |
| Өткен жылдардағы ағымдағы табыс салығын түзету | (115.145) | (15.126) |
| Резидент еместердің күмәнді берешек бойынша резерв есептеуі/ (түзетпе жасау) | (385.303) | 524.295 |
| Бағамдық айырмашылық бойынша шегерілмейтін шығыстар | 81.979 | – |
| Жаңартылатын энергия көздерінен энергия өндірушілерін қолдау | 80.534 | – |
| Басқа да шегерілмейтін шығыстар | 159.851 | 138.561 |
| ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДА КӨРСЕТІЛГЕН ПАЙДА САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР/ (ЖЕҢІЛДІК) | (2.167.498) | 2.963.667 |

Бұдан әрі 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелердің туындауына әкелетін негізгі уақыт айырмашылықтарына салықтың тигізетін әсері көрсетілген:

| <i>Мың теңге</i> | ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫР- ЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП | | ЖИЫНТЫҚ КІРІСТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАН- ДЫРЫЛҒАН ЕСЕП | |
|--|---|----------------------------|--|-------------|
| | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
| Көтерілген залалдар | 3.472.159 | 1.201.812 | 2.270.347 | 1.201.812 |
| Дебиторлық берешек | 263.044 | 129.591 | 133.453 | 105.131 |
| Есептелген міндеттемелер | 127.625 | 305.230 | (177.605) | (4.016) |
| Негізгі құралдар | (68.537.131) | (68.427.595) | (109.536) | (4.225.855) |
| Кейінге қалдырылған пайда салығы бойынша жеңілдік/(шығыстар) | | | 2.116.659 | (2.922.928) |
| КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | (64.674.303) | (66.790.962) | | |

Топ ағымдағы салықтық активтерді және ағымдағы салықтық міндеттемелерді есепке алу үшін заңды түрде тіркелген құқығы болған жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алады, ал кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер белгілі-бір салық органы өндіріп алатын пайда салығына жатады.

27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, айтарлықтай қатысу үлесі Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама тиесілі ұйымды, сонымен қатар Үкімет бақылайтын басқа да кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтер негізінде берілген кейбір реттелетін

қызметтерді қоспағанда нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптар арасында келісілген шарттарда жүзеге асырылды.

Мына кесте 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

| <i>Мың теңге</i> | | БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАП-ТАРДЫҢ ДЕБИТОР-ЛЫҚ БЕРЕШЕГІ | БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАП-ТАРҒА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК |
|---|-----------------|---|---|
| Самұрық-Қазына Тобына кіретін компаниялар | 2015 жыл | 1.873.643 | 1.734.326 |
| | 2014 жыл | 585.642 | 1.844.045 |
| Самұрық-Қазынаның қауымдастырылған компаниялары | 2015 жыл | 322.623 | 205.367 |
| | 2014 жыл | 304.904 | 324.385 |
| Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары | 2015 жыл | 314.628 | 686.464 |
| | 2014 жыл | 108.787 | 2.011.868 |
| Топтың қауымдастырылған компаниялары | 2015 жыл | 47.602 | 11.883 |
| | 2014 жыл | 27.163 | 19.169 |

2015 жылғы 31 желтоқсанда және 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ байланысты тараптармен мынадай операциялар жүргізді:

| <i>Мың теңге</i> | | БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАП-ТАРҒА САТУ | БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАП-ТАРДАН САТЫП АЛУ |
|---|-----------------|------------------------------------|--|
| Самұрық-Қазына Тобына кіретін компаниялар | 2015 жыл | 22.452.578 | 12.008.135 |
| | 2014 жыл | 19.215.320 | 12.958.556 |
| Самұрық-Қазынаның қауымдастырылған компаниялары | 2015 жыл | 5.794.687 | 1.846.301 |
| | 2014 жыл | 3.959.937 | 1.169.841 |
| Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары | 2015 жыл | 2.791.742 | 10.169.968 |
| | 2014 жыл | 2.390.475 | 11.187.190 |
| Топтың қауымдастырылған компаниялары | 2015 жыл | 293.011 | 87.094 |
| | 2014 жыл | 311.539 | 96.232 |

Топтың байланысты тараптармен бірге жүргізген сатуы, негізінен, электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру қызметі мен электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін қамтиды. Топтың байланысты тараптардан сатып алуы негізінен байланыс қызметі, энергетика саласындағы қызметтер мен электр энергиясын сатып алуды қамтиды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қарыздар бойынша 75.266.975 мың теңге мөлшеріндегі берешегін Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдендірді (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 44.911.159 мың теңге).

2007-2009 жылдары Топ облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылған кәсіпорын, «БатысТранзит» облигацияларын сатып алды. Облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме 8%-ды құрайды. Облигациялар сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде жіктелген. Облигациялардың әділ құны активтерді сатқан жағдайда алынатын немесе міндеттемелерді табыс ету үшін төленетін бағаға негізделген және, сәйкесінше, бұл кіріс бағасы емес, шығыс бағасы. Батыс Транзит облигацияларының теңгерімдік құны 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 868.269 мың теңгені құрды (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 868.269 мың теңге).

Қауымдастырылған компания, «Батыс транзит» облигацияларына есептелген пайыздық табыс 2015

жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 75.084 мың теңгені құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 57.219 мың теңге).

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта байланысты тарап «Балқаш АЭТ» АҚ-дан алынған негізгі құралдарды сатқаны үшін басқа да ұзақ мерзімді активтер құрамында көрсетілген 168.654 мың теңге мөлшерінде дебиторлық берешегі болды (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 154.403 мың теңге). Сату шартына сәйкес «Балқаш АЭТ» АҚ 2018 жылғы желтоқсанда берешекті төлейді. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Балқаш АЭТ» АҚ-дан дебиторлық берешектің дисконты 51.197 мың теңгені құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 65.448 мың теңге). 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылы дисконт амортизациясы 14.251 мың теңгені құрады (2014 жылы: 9.926 мың теңге).

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ Астана қаласында орналасқан жабдықтар кешені мен маңайында жер учаскелері бар ғимараттар мен үймереттерді байланысты тарап – «Қазпочта» АҚ-ға 2.161.476 мың теңгеге өткізді. Сату шартына сәйкес «Қазпочта» АҚ берешекті ай сайынғы тең төлемдермен 2027 жылдың маусым айына дейін жүргізетін болады. Сәйкесінше, Топ болашақ ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, ол Топ Басшылығының нарықтық мөлшерлемені ең

үздік бағалауы болып табылады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазпочта» АҚ-дан дебиторлық берешек бойынша дисконт 911.636 мың теңгені құрады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконтты шегергендегі берешек сомасы 1.249.840 мың теңгені құрады, мұндағы 1.151.591 мың теңге байланысты тараптардан келген ұзақ мерзімді дебиторлық берешек құрамына кірді. 2015 жылғы 31 желтоқсанмен аяқталған жылы Топ «Қазпочта» АҚ-дан ұзақ мерзімді берешек бойынша дисконт амортизациясынан болған 30.700 мың теңге сомасындағы кірісті таныды.

Барлығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына енгізілген негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 362.814 мың теңгені құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы: 304.262 мың теңге). Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызмет нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелері қарыздарды да, саудалық және басқа да кредиторлық берешекті де қамтиды. Топтың опе-

рацияларын қаржыландыру осы қаржылық міндеттемелердің мақсаты болып табылады. Топта оның операциялық қызметі барысында тікелей туындайтын сауда-саттық және басқа да дебиторлық берешек, ақшалай қаражат, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер болады. Топ сату үшін қолда бар инвестицияларға ие болады.

Топ пайыздық мөлшерлемелердің тәуекеліне, валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және

өтімділік тәуекелге ұшырауы ықтимал.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақшалай ағындардың әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты құбылып тұратын тәуекел. Топтың нарықтық

пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі тәуекеліне ұшырауы ең алдымен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен бірге ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелерге жатқызылады (16-ескертеме).

Топ өзін пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелінен, қарыздар көрсетілген валютадағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне жасалған мониторинг арқылы шектейді.

Барлық басқа шамалар өзгеріссіз болған жағдайда, пайыздық мөлшерлемесі құбылып тұратын қарыздар Топтың салық салуға дейінгі табысына мынадай әсерін тигізеді:

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|----------|-------------------|
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА | | |
| ЛИБОР | 50/(12) | (556.105)/133.465 |
| ЕВРОБОР | 25/(25) | (149.000)/149.000 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА | | |
| ЛИБОР | 2/(2) | (13.301)/13.301 |
| ЕВРОБОР | 7/(7) | (28.759)/28.759 |

* 1 базистік пункт = 0,01%.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімталдыққа жүргізілген талдау шеңберінде базалық пункттердегі өзгерістер туралы ұйғарымдар өткен жылдармен салыстырғанда қазіргі кезде айтарлықтай көп құбылмалы болуымен сипатталатын нарықтық жағдайға негізделеді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағынының әділ құны валюталық бағамдарға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде құбылатын болады деген тәуекел. Топтың шетел валюталарының айналым бағамының өзгеру тәуекеліне ұшы-

рауға бейім болуы бұл қаржы құралы бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны валюталық бағамдағы өзгерістердің нәтижесінде ауытқу тәуекелі. Сонымен қатар, Топтың айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне бейімділігі операциялық қызметпен байланысты (табыстар мен шығыстар Топтың жұмыс істеп тұрған

валютасынан ерекшеленетін валюта-да берілген уақытта).

Мына кестелерде барлық басқа да параметрлер өзгермейтін жағдай-

да АҚШ доллары мен Евроның айырбастау бағамында болуы мүмкін өзгерістерге сезімталдық талдауы берілген. Топтың басқа да валюталар-

дағы бағамдардың өзгеру тәуекеліне бейімдігі маңызды емес болып табылады.

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ |
|--|-----------------|-------------------------|
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАЙҒДАЙ | | |
| АҚШ доллары | 60%/(20%)* | (12.215.701)/4.071.900 |
| Еуро | 60%/(20%)** | (35.580.714)/11.860.238 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ | | |
| АҚШ доллары | 17,37%/(17,37%) | (3.838.785)/3.838.785 |
| Евро | 18,36%/(18,36%) | (7.537.546)/7.537.546 |

* абсолютті мәнде теңгенің айырбас бағамының АҚШ долларына қатысты ұлғаюу/азаюу 204,01/(68) теңгені құрайды;

** абсолютті мәнде теңгенің айырбас бағамының евроға қатысты ұлғаюу/азаюу 222,08/(74,29) теңгені құрайды.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Топты қаржылық залалға алып келетін тәуекел, себебі контрагенттер қаржылық құрал немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Топ банктердегі депозиттерді қоса алғанда (11,12 және 14-ескертпелер), несие тәуекеліне ең алдымен сауда-саттық дебиторлық қарыз бен қаржылық қызметке қатысты (10-ескертпне) өз операциялық қызметіне байланысты тәуекелге ұшырайды. Топтың тәуекелге ұшырауы мен оның контрагенттерінің кредиттік қабілеті ұдайы бақыланады. Кредиттік тәуекелге барынша ұшырау әр-

бір қаржылық активтің теңгерімдік құнымен шектелген (10, 11, 12 және 14-ескертпне).

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесінде танылған қаржылық активтердің теңгерімдік құны құнсыздануға арналған резервті шегергенде Топтың кредиттік тәуекелінің ең жоғарғы деңгейін білдіреді.

Клиенттермен байланысты кредиттік тәуекелдерді басқару кредиттік тәуекелдерді басқарумен байланысты Топтың саясатына, рәсімдері мен бақылауларына сәйкес жүзеге асырылады. Клиенттерден түсетін өтелмеген дебиторлық теңгерімді Топтың басшылығы тұрақты бақылайды. 2015 жылғы

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта дебиторлық берешектің жалпы сомасының шамамен 81%-ын құрайтын (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 10.048.687 мың теңге, бұл 68%-ды құрады) 18.986.981 мың теңге мөлшерінде берешегі бар, бір клиент – «Өзбекэнерго» АҚ болды.

Құнсыздануға жасалатын талдауды Топтың басшылығы мерзімі өткен күн саны негізінде дербес түрде әр есептік күнге жүргізеді. Есеп айырысулар бұрын нақты болған залалдар туралы ақпаратқа негізделеді. Есептік күнге кредиттік тәуекелге аса бейімділік 10-ескертпеде қарастырылған қаржылық активтердің әр сыныбының теңгерімдік құнымен берілген. Топта өзіне кеп-

ілдікке берілген мүлік жоқ.

Ақша қаражаттары мен депозиттер бойынша кредиттік тәуекел шектелген, себебі Топтың контрагенттері халықаралық рейтингтік агенттіктер берген кредиттік рейтингтері жоғары банктер болып табылады.

Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділік және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыру-

ды басқарудың талаптарына сай өтімділік тәуекелділігін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ бірдей резервтер, банктік қарыздар және қолжетімді кредит жүйелерін қолдау жолымен, болжамдалған және нақты ақша қозғалысына мониторинг жүргізу жолымен қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру жолымен өтімділік тәуекелін басқарады.

Топ борышты қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдердің шоғырлануын бағалады және бұл

өте төмен болады деген пікірге келді. Топ жеткілікті түрде сан алуан қаржы көздеріне қол жеткізе алады және 12 ай ішінде өтелетін берешектер тиісті кредиторлармен жүргізілуі мүмкін.

Мына кестелерде шартты дисконтталмаған ақша ағындары негізінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша Топтың келісім-шарттық мерзімдері көрсетілген.

| <i>Мың теңге</i> | ҚАЖЕТ- ТІЛІГІНЕ ДЕЙІН | 1 АЙДАН Э АЙҒА ДЕЙІН | 3 АЙДАН 1 ЖЫЛҒА ДЕЙІН | 1 ЖЫЛДАН 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН | 5 ЖЫЛДАН АРТЫҚ | БАРЛЫҒЫ |
|--------------------------------------|-----------------------------|-------------------------|-----------------------------|------------------------------|-------------------|-------------|
| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | | | | | | |
| Қарыздар | – | 6.944.759 | 19.416.270 | 93.532.667 | 75.206.539 | 195.100.235 |
| Кредиторлық және басқа берешек | – | 13.525.144 | – | – | – | 13.525.144 |
| | – | 20.469.903 | 19.416.270 | 93.532.667 | 75.206.539 | 208.625.379 |
| 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА | | | | | | |
| Қарыздар | – | 4.076.231 | 10.895.062 | 56.652.174 | 51.083.760 | 122.707.227 |
| Кредиторлық және басқа берешек | – | 11.994.310 | – | – | – | 11.994.310 |
| | – | 16.070.541 | 10.895.062 | 56.652.174 | 51.083.760 | 134.701.537 |

Капиталды басқару

Топ капиталын басқарудың басты мақсаты Топтың берешек пен ка-

питал қатынасын оңтайландыру арқылы акционер үшін табыстарды барынша көбейте отырып, қызмет үздіксіздігі қағидатын ұстануды

жалғастыра алады.

Топ өз капиталын экономикалық шарттардағы өзгерістерді ескере отырып басқарады. Өз капиталын

басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерлерге дивидендтер төлеуді ауыстыра, капиталды акционерлерге қайтара немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде капиталды

басқару саясаты немесе процестері бойынша мақсаттарда қайсыбір өзгерістер болған жоқ.

Топ капиталға борыш коэффициентін қолдана отырып, капиталды басқарады, бұл барлық капиталға бөлінген борыш болып табылады.

Топтың міндеті коэффициентті 0,5 деңгейінен жоғары емес деңгейде ұстап тұруда болып табылады. Борыш барлық қарыздарды қамтиды. Капитал барлық міндеттемелер мен барлық акционерлік капитал сома-сына тең.

| | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|----------------------|----------------------------|----------------------------|
| БОРЫШ/КАПИТАЛ | 0,29 | 0,20 |

| <i>Мың теңге</i> | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН |
|--|----------------------------|----------------------------|
| Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі | 149.139.660 | 94.714.528 |
| Қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі | 22.090.879 | 12.881.885 |
| БОРЫШ | 171.230.539 | 107.596.413 |
| Барлығы міндеттемелер | 254.360.000 | 190.150.575 |
| Капитал | 340.976.614 | 359.777.466 |
| БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР | 595.336.614 | 549.928.041 |

Топ капиталының құрылымы 15-ескертпеде ашып көрсетілгендей акционерлік капиталды, резервтер мен жинақталған залалдарды қамтиды.

Әділ құн иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және ол туралы ақпаратты баға моделдерінде ашу

үшін мынадай иерархияны қолданады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы бағалар (ешбір түзетусіз);
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;

- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін шығыс деректер қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың әділ құны бойынша міндеттемелері мен активтерін бағалау көздерінің иерархиясы берілген:

Әділ құны бойынша есепке алынатын активтер

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ДЕҢГЕЙ | 2-ДЕҢГЕЙ | 3-ДЕҢГЕЙ |
|--|----------------------------|----------|----------|-------------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР | | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржылық активтер (11-ескертіне) | 868.269 | – | – | 868.269 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР | | | | |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (6- ескертпе) | 161.511 | – | – | 161.511 |
| ҰЭТ активтері (7-ескертіне) | 416.077.012 | – | – | 416.077.012 |

Әділ құны ашылатын міндеттемелер

| Мың теңге | 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ДЕҢГЕЙ | 2-ДЕҢГЕЙ | 3-ДЕҢГЕЙ |
|-------------------------------|----------------------------|----------|-------------|----------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | |
| Қарыздар (16-ескертіне) | 171.230.539 | – | 171.230.539 | – |

Әділ құны бойынша есепке алынатын активтер

| Мың теңге | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ДЕҢГЕЙ | 2-ДЕҢГЕЙ | 3-ДЕҢГЕЙ |
|--|----------------------------|----------|----------|-------------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР | | | | |
| Сату үшін қолда бар қаржылық активтер (11-ескертіне) | 868.269 | – | – | 868.269 |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР | | | | |
| ҰЭТ активтері (7-ескертіне) | 437.895.611 | – | – | 437.895.611 |

Әділ құны ашылатын міндеттемелер

| Мың теңге | 2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ДЕҢГЕЙ | 2-ДЕҢГЕЙ | 3-ДЕҢГЕЙ |
|-------------------------------|----------------------------|----------|-------------|----------|
| ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | |
| Қарыздар (16-ескертуге) | 107.596.413 | – | 107.596.413 | – |

2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған облигациялардың әділ құны болашақ ақшалай міндеттемелердің ағымдағы құны бойынша есепке алынды.

Қаржы құралдарының әділ құны

2015 жылғы 31 желтоқсанда және 2014 жылғы 31 желтоқсанда басшылық Топтың сауда-саттық дебиторлық және кредиторлық берешек, ақшалай қаражат және оның баламасы, қолданылуы шектеулі ақша қаражаттары сияқты қаржы құралдарының әділ құны ең бастысы аталған құралдарды өтеу мерзімдерінің ұзаққа созылмауы себебінен шамамен алғанда олардың теңгерімдік құнына тең екенін анықтады. Қарыздар шамамен олардың әділ құнына тең амортизациялық құны бойынша көрсетілген.

Бағалау әдістері мен ҰЭТ ғимараттарының әділ құнын бағалаудың негізгі қолданылған ұйғарымдары 4-ескертуге баяндалған.

29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Қызметті жүргізу шарты**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономика талаптарына сай келетін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымдарды дамыту жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе бұл реформалардың барысына, сонымен қатар Үкімет қабылдайтын экономика, қаржы және ақшалай-кредиттік саясат саласындағы шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі инфляциялық таргеттеу саясатына көшті. 2015 жылғы 20 тамызда валюталық интервенция көлемін азайту және теңгенің айырбас бағамының қалыптасу процесіне араласуды қысқарту мақсатында АҚШ долларына қатысты және басқа да негізгі валюталарға қатысты теңгенің айырбас бағамын бұрынғы деңгейде қолдауды жою туралы шешім қабылданды. Девальвацияға дейінгі ресми айырбас бағамы 1 АҚШ дол-

ларына 188,38 теңгені құрады. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айырбас бағамы 1 АҚШ долларына 340,01 теңгені құрады.

2015 жылы қазақстандық экономикаға шикізат мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі және қазақстандық теңгенің айтарлықтай девальвациясы теріс әсер етті. Аталған факторлардың жиынтығы, басқа факторлармен қатар капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне, капитал құнының артуына, инфляцияның жоғарылауына және экономикалық өркендеуге қатысты белгісіздікке әкелді. Бұл алдағы уақытта қаржылық жағдайға, операциялардың нәтижелеріне және Компанияның экономикалық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін. Компания басшылығы ағымдағы жағдайда Компанияның экономикалық орнықтылығын қолдау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды деп есептейді.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық ак-

тілер ұдайы өзгерістер мен әртүрлі түсініктемелердің мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлерде болатын қайшылық жағдайлары аз кездеспейді. Қазақстанда қолданылатын заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қазіргі уақытта қолданылатын айыппұлдар мен өсімпұлдар жүйесі өте қатал. Айыппұл шаралары әдетте қосымша есептелген салықтар сомасынан 50 % мөлшеріндегі айыппұлдарды және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептеліп 2,5-ке көбейтілген өсімпұлды қамтиды. Нәтижесінде айыппұл санкциялары мен өсімпұл сомасы толық есептелуі тиіс салықтар сомасынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер, тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық қалдырылады. Белгілі-бір жағдайлар кезінде салықтық тексерулер ұзағырақ мезгілдерді қамтуы мүмкін. Жоғарыда мазмұндалғанға орай, салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың, егер мұндайлар болса, түпкілікті сомасы осы уақытқа және 2015 жылдың 31 желтоқсанына есептелген шығыстарға жатқызылған сомадан артық болуы мүмкін.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы қолданылатын заңнама түсіндірмесі дұрыс және Топтың салықтар бой-

ынша ұстанымы аталған шоғырландырылған қаржылық есептемеде қарастырылған немесе ашып көрсетілген жағдайларды қоспағанда расталады деп есептейді.

Кредиттік келісімдердің талаптары

1999 жылдан 2011 жылға дейін Топ ЕҚДБ және ХҚДБ-мен (бұдан әрі – кредиторлар) 558 миллион АҚШ доллары және 233 миллион евро жалпы сомасына кредиттік келісім жасады (*16-ескерпне*). Топ пен кредиторлар арасындағы кредиттік келісімдерге сәйкес Топ мынадай кредиттік келісімнің шарттарын сақтауға міндеттенеді:

- оағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге арақатынасы кем дегенде 1:1;
- жиынтық берешектің жалпы капиталдандыруға ара қатынасы көп дегенде 50%;
- қаржылық шығыстарды, пайда салығын, тозу мен амортизацияны («EBITDA») шегергенге дейінгі кірістердің қаржылық шығыстарға арақатынасы кем дегенде 3:1;
- таза борыштың EBITDA-ға арақатынасы көп дегенде 4:1;
- өзін өзі қаржыландыру коэффициенті кем дегенде 20%;
- борышқа қызмет көрсету коэффициенті кем дегенде 1,2.

Басшылық 2015 жылғы 31 желтоқсандағы және 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Топ ЕҚДБ және ХҚДБ-мен жасалған кредиттік келісімдердің барлық шарттарын орындады деп санайды. EBITDA есептеген кезде Топ бағамдық айырмашылықтан болған залалды болдырмайды, себебі бағамдық айырмашылықтан болған залал сенімсіз құнсыздану анықтамасына сәйкес келеді және EBITDA есебінен алынып тасталуы тиіс деп санайды. 2015 жылғы 31 желтоқсанда EBITDA есептеген кезде Топ 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы бағамдық айырмашылықтан болатын 35.739.224 мың теңге сомасындағы залалды болдырмады.

Сақтандыру

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ теңгерімдік құны 153.385.690 мың теңге сомасына өндірістік активтерін сақтандырды. Сақтандыратын жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі активтердің теңгерімдік құны шегінде жүргізіледі. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырмады. Сақтандырудың жоқтығы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің туындауын білдірмейтіні себепті осы шоғырландырылған қаржылық есептемеде осындай активтердің бүлінуге немесе жоғалуына байланысты күтпеген шығыстарға ешқандай резерв құрылған жоқ.

Келісім-шарттық міндеттемелер

Ұлттық электр торабы жабдығының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Топ капиталды инвестициялар жоспарын әзірледі. Осы жоспар шеңберінде Топ жазаған ашық келісім-шарттар бойынша міндеттемелер сомасы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 84.277.398 мың теңгені құрады (2014 жылғы 31 желтоқсанда: 103.344.164 мың теңге).

Қазақстан Республикасынан тыс жерде сатымдық жабдықтар мен қосалқы бөлшектер капиталдық инвестициялар жоспарының және ашық келісім-шарттардың басым бөлігін құрайтындықтан, келісім-шарттық міндеттемелерінің құнының ауытқу ықтималдығы бар. Осы тербелістің негізгі себебі инфляциялық таргеттеуді енгізу аясында теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшу себебінен туындаған айырбастау бағамдары өзгерісінің әсері болып табылады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу тарифтері

«Жаңартылатын энергия көздері туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заң қолданысқа енгізілгенге дейін пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу тарифтері 2014 жылғы 29 сәуірде-

гі № 419 Үкіметтің қаулысында белгіленген және аталған объектілердің құрылыс жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелерінде көзделген тарифтерге тең. Жаңартылатын энергия көздері туралы заң қолданысқа енгізілгеннен кейін пайдалануға берілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері үшін Үкіметтің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысымен мақұлданған тіркелген тарифтер қолданылады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сату тарифі

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сату тарифін есептеу 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 290 Қаулымен бекітілген «Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Электр энергиясын сату тарифі сатымдық электр энергиясының құнын, операциялық шығыстарды, электр энергиясын өндіру мен тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру құнын және пайданы қамтиды жәнеде Компания оны тұрақты негізде есептейді.

Басшылық, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сатуға және сатып алуға арналған тарифтерді есептеу және қолдану тиісті түрде және қолданылатын нормаларға және заңнамалық актілерге

сәйкес жүзеге асырылады деп есептейді.

Қуатты реттеу жөніндегі қызметтер

2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ «Өзбекэнерго» АҚ клиентіне қуатты реттеу бойынша қызмет көрсеткен. Алайда 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қуатты реттеу жөніндегі қызметтерді іске асыру туралы шартқа қол қоймағандықтан, Топ бұл қызметтерді жүзеге асыру бойынша түсімді мойындамады, себебі Топ басшылығы түсім сомасы сенімді бағалануы мүмкін емес және осы мәмілеге байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жеткіліксіз болып табылады деп есептейді.

ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША. ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАҒЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ, СОНДАЙ-АҚ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ БАҒЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ «KEGOC» АҚ-НЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Энергоинформ» АҚ

Жалғыз акционер – «KEGOC» АҚ (акциялардың 100%).

Миссиясы: Ең үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмысын және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Стратегиялық мақсаттары:

- KEGOC» АҚ-ның телекоммуникациялық және ақпараттық кешендерінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі мен дамуы.
- Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Ақпараттық интеграторының қалыптасуы.
- акционерлік капиталдың құнын арттыру.

Негізгі қызметі – «KEGOC» АҚ-ның телекоммуникациялық және ақпараттық кешендеріне қызмет көрсету.

«Энергоинформ» АҚ-ның Жарғылық капиталы 2 179,700 млн. теңге. Шығарылған акцияларының саны 700 000 дананы құрайды, бір акциясының номиналды құны 10 000 теңгеге тең. Орналастырылған акцияларының саны 217 970 дана.

«Энергоинформ» АҚ-ның 2015 жылдағы кірісі 3 743,371 млн. теңгені құрады, жалпы шығысы – 3 453,141 теңге. Есепті кезеңдегі қызмет қорытындысы бойынша 235,374 млн. теңге таза кіріс алынды.

2014 жылмен салыстырғанда кіріс көлемі 134,37 млн. теңгеге немесе 3,47%-ға азайды, бұл ретте шығыс мөлшері де 138,260 млн.теңгеге немесе 3,86%-ға азайды.

2015 жылы «Энергоинформ» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері мынадай жағдайда болды:

- EBITDA margin көрсеткіші 9,97% құрады, 2014 жылғы сондай кезеңде көрсеткіші 10,74% құрады, EBITDA margin көрсеткішінің өткен жылға қарағанда төмендеуі Компания шығысының өсу қарқынымен байланысты болды;
- таза табыс 235,374 млн. теңгені құрады, бұл шама 2014 жылдың нақты көрсеткішінен 33,988 млн. теңгеге немесе 16,9%-ға жоғары болды.

«Энергоинформ» АҚ 2012 жылғы қазанда «EAST INDUSTRY COMPANY Ltd» ЖШС-мен бірлесі отырып жаңа

кәсіпорын – «КазЭнергоПровод» ЖШС-ны құрды. Оның қызметінің негізгі бағыты – электр жеткізудің әуе желілері үшін оқшауландырылмаған А, АС маркалы сымды өндіру және сату. Кәсіпорын қуаты – жылына 8 000 тонна кабель-сым өнімдерін шығару. «Энергоинформ» АҚ-ның «КазЭнергоПровод» ЖШС-ға қатысу үлесі 49,9%-ды құрайды, ақшалай мөлшерде 161,5 млн. теңгені құрайды.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 12 тамыздағы «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы шешіміне сәйкес құрылды (бұдан әрі – «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС).

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы энергетика Министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 256 бұйрығымен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС белгіленді.

Қызметінің негізгі түрі – жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдалану жөніндегі объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикасы жүйесіне жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сатуды жүзеге асыру.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС 40 ЖЭК субъектілерімен шарт жасасты.

2015 жылы «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шартты тұтынушыларға ЖЭК

субъектілері өндірген электр энергиясының 203,6 млн. кВт·сағ көлемін өткізді.

Жалғыз құрылтайшы және жалғыз қатысушы «KEGOC» АҚ болып табылады.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Астана қ., Әділет департаментінің Сарыарқа аудандық Әділет басқармасында 2013 жылғы 27 тамызда тіркелді.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-тың жарғылық капиталы 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 100,0 млн. теңгені құрайды.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ның 2015 жылғы қорытындылары бойынша кірісінің жалпы сомасы 5 026,013 млн. теңгені құрады. Шығысы 4 998,771 млн. теңге болды. 2015 жылдың қорытындысы бойынша табыс 22,554 млн.теңгені құрады.

«Энергоинформ» АҚ мен «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ның 2015 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі Компания қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне әсер еткен жоқ деуге болады.

Көрсеткіштер

| | ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ЕСЕПТІЛІК ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША («ЭНЕРГОИНФОРМ» АҚ ЖӘНЕ «ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ ҚЕО» ЖШС ЕСКЕРІЛМЕГЕНДЕ) | | ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІК ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША («ЭНЕРГОИНФОРМ» АҚ ЖӘНЕ «ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ ҚЕО» ЖШС ЕСКЕРІЛГЕНДЕ) | |
|---|--|----------|--|----------|
| | 2014 ЖЫЛ | 2015 ЖЫЛ | 2014 ЖЫЛ | 2015 ЖЫЛ |
| ЖАЛПЫ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР | | | | |
| ЕБИТDA margin (%) | 26,34 | 45,50 | 26,52 | 43,74 |
| ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЫЗ АЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | |
| Ағымдағы өтімділік коэффициенті (норматив 1,0-ден кем емес) | 2,32 | 2,67 | 2,33 | 2,61 |
| Пайыздарды жабу (ЕБИТ / Пайыздық сыйақы бойынша шығыстар) | 5,14 | -2,02 | 5,23 | -1,92 |
| ЕБИТDA бойынша борыш (5,0-тен артық емес) | 3,26 | 11,16 | 3,22 | 10,82 |
| Борыш/меншікті капитал (норматив 2,0-ден артық емес) | 0,30 | 0,50 | 0,30 | 0,50 |
| ПАЙДАЛЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ | | | | |
| Қызмет пайдалылығы, % | 7,08 | -4,68 | 7,21 | -4,38 |

«Батыс транзит» АҚ

«Батыс транзит» акционерлік қоғамы 2005 жылғы қараша айында «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желілерін салу» жобасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес құрылды. «Батыс транзит» АҚ құрылтайшысы «KEGOC» АҚ (20%) және «Мехэнергострой» ЖШС (80%) болып табылады.

«Батыс транзит» АҚ Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен жасалған концессиялық келісім негізінде Жобаны іске асыруды жүзеге асырады және концессиялық келісім негізінде жүзеге асырылатын және инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру есебінен қаржыландырылатын ұлттық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруда мемлекеттік-жеке серіктестіктің алғашқы үлгісі болып табылады.

«Батыс транзит» АҚ миссиясы: Қазақстан Республикасының біртұтас энергетикалық жүйесінің

құрылымын жетілдіруге қатысу арқылы Қазақстанның электр энергетикасын дамытуға ықпал ету.

«Батыс транзит» АҚ қызметінің негізгі түрлері:

- электр энергиясын жеткізу жөнінде қызмет көрсету;
- электр желілері мен қосалқы станцияларды пайдалану;
- құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлері.

2-ҚОСЫМША. 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК КҮНТІЗБЕ

| | |
|-------------------------|--|
| 29 ҚАҢТАР | 2016 – 2018 жылдарда Компанияның қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы шешім қабылданатын «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы. |
| ҚАҢТАР | Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік кеңеске қатысу |
| АҚПАН-НАУРЫЗ | 2015 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша және 2016 жылға арналған міндеттер туралы басшылықтың компания ұжымы алдында есеп беруі |
| МАМЫР | ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің 49-шы отырысына қатысу, Душанбе қ., Тәжікстан |
| 29 МАМЫРҒА ДЕЙІН | Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу |
| МАМЫР | Астанадағы ІХ-шы экономикалық форумға қатысу |
| МАМЫР | Компанияның еңбек әулетінің барлық мүшелерінің қатысуымен «Самұрық-Қазына» АҚ Еңбек әулеттері күнін мерекелеу |
| ҚЫРКҮЙЕК | ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің электр энергетикасы саласындағы қызметкерлерінің ХІІІ-ші Халықаралық кәсіби шеберлік жарыстары –Макинск қаласындағы оқу-жаттығу полигонында 110 кВ және одан жоғары ҚС жөндеу және қызмет көрсету бригадалардың халықаралық жарыстары |

| | |
|------------------|--|
| ҚЫРКҮЙЕК | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің компанияның кадрлық резервімен кездесуін өткізу |
| ҚАЗАН | ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің 50-ші отырысына қатысу |
| ҚАЗАН | Жыл сайынғы KAZENERGY форумына қатысу |
| ҚАЗАН | 15-ші «Power Kazakhstan» Қазақстандық Халықаралық Көрмесіне және Энергетиктер форумына қатысу, Алматы қ. |
| ҚАРАША | КЭА энергетиктерінің Республикалық кеңесі жұмысына қатысу |
| ЖЕЛТОҚСАН | «Жылдың үздік тәлімгері» конкурсын өткізу |

«KEGOC» АҚ күш-жігеріне қарамастан, оқиғалардың нақты мерзімдері мен сипаты көрсетілген ақпараттан өзгеше болуы мүмкін.

3-ҚОСЫМША. ГЛОССАРИЙ

| | |
|----------------------------|--|
| АҚ | акционерлік қоғам |
| «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ | «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы |
| «KEGOC» АҚ | «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы |
| АҚҚ | автоматтық қайта қосу |
| ТМРА | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі |
| ӘБП | әкімшілік-басқарушы персонал |
| ЖЖ | жоғары вольттық желілер |
| ІНҚ | ішкі нормативтік құжат |
| ЖЭС | жел электр станциясы |
| ГТЭС | газтурбиналық электр станциясы |
| МАЭС | мемлекеттік аудандық электр станциясы |
| ГЭС | гидроэлектростанция |

3-ҚОСЫМША. ГЛОССАРИЙ (ЖАЛҒАСЫ)

| | |
|-----------------|--|
| ЕБУ | еншілес және бағынысты ұйымдар |
| ЕҚДБ | Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі |
| БЭК | Біртұтас экономикалық кеңістік |
| БЭЖ | біртұтас электр энергетикалық жүйе |
| АД | атқарушы дирекция |
| БМЖ | біріктірілген менеджмент жүйесі |
| АК | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті |
| ТСК | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті |
| ҚБК | қызметтің басты көрсеткіші (көрсеткіштері) |
| КӘЖ | корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік |
| СЖКБК | «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеті |
| КОМПАНИЯ | «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы |
| КВТ САҒ | киловатт-сағат |
| ЭЖЖ | электр жеткізу желілері |
| ХҚДБ | Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі |
| МВА | мегавольт-ампер |
| МВт | мегаватт |
| ХҚЕС | Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары |
| ЖЭТ | «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдары |
| ЖО ҰДО | «KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалы |
| ҮЕҮ | үкіметтік емес ұйымдар |
| ЖЗҚ | жинақтаушы зейнетақы қоры |

| | |
|------------------|--|
| ҚҚС | қосымша құн салығы |
| ҒТК | ғылыми-техникалық кеңес |
| ҰЭТ | Ұлттық электр торабы |
| ААҚ | ашық акционерлік қоғам |
| АТҚ | ашық тарату құрылғысы |
| ҚОӘБ | қоршаған ортаға әсерді бағалау |
| АЛДҚОӘБ | қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау |
| ҚС | қосалқы станция |
| ЭҚР ПУЛ | Қазақстанның электр қуаты резервінің пулы |
| ӨДО | өңірлік диспетчерлік орталық |
| ӨЭК | өңірлік электр желілік компания |
| БАҚ | бұқаралық ақпарат құралдары |
| ТМД | тәуелсіз мемлекеттер достастығы |
| ІАҚ | ішкі аудит қызметі |
| ІБЖ | ішкі бақылау жүйесі |
| ТБЕКҚ | техникалық бақылау және еңбекті қорғау қызметі |
| КЭС | күн электр станциясы |
| ЖШС | жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| ОЭК | отын-энергетикалық кешені |
| ТЭН | техникалық-экономикалық негіздеме |
| ЖЭС | жылу электр станциясы |
| ЖЭО | жылу электр орталығы |
| КӨҚ | көлденең өтеу құрылғысы |
| ФИЛИАЛДАР | «KEGOC» АҚ-ның ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары |
| ЭЖҮ | энергиямен жабдықтаушы ұйымдар |

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



WWW.KEGOC.KZ

ЖАЛПЫ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» АҚ
Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат

тел.: +7(7172) 319-522
факс: +7(7172) 690-455
e-mail: kegoc@kegoc.kz

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПKE ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР БОЙЫНША

Корпоративтік даму департаменті:

Жұмабаева Жұлдыз
тел.: +7(7172) 690-326
e-mail: Zhumabayeva_zh@kegoc.kz

Феклистова Елена
тел.: +7(7172) 690-565
e-mail: Feklistova@kegoc.kz

Инвесторлармен байланыс департаменті:

Сағынтаева Динара
тел.: +7(7172) 690-491
e-mail: Sagintayeva@kegoc.kz

АУДИТОР

«Эрнст энд Янг» ЖШС,
Қазақстан Республикасы, 050060,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы,
77/7 (Есентай тауэр)
тел.: +7 (727) 258-59-60
факс: +7 (727) 258-59-61
e-mail: almaty@kz.ey.com

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың бірыңғай
тіркеушісі» АҚ,
Қазақстан Республикасы, 050000,
Алматы қ., Сәтпаев көш., 30А/3
(Тенгиз тауэрс)
тел.: +7(727) 272-47-60
факс: +7 (727) 272-47-60 вн.230
e-mail: info@tisir.kz